The article discusses the self-organization of the course of physical analysis of students – the future teachers of Physics. The university curriculum of Physics analyzes the processes of heat and mass transfer of methanetetics. Future high school teachers of Physics discuss the main forms of heat and mass transfer of physical methane in in their lecture course. To achieve and maintain the required temperature regime of diffusion in methane, the heating device is provided in different designs, taking into account the fact that the temperature in direct contact with the fermented biomass does not exceed 60-70 ° C. When calculating the heat exchange processes, the greatest difficulty in this situation is thermal coefficient fragmentation of the fermented biomass on the walls of the dispersion. Some parts of the lecture "Biogas" are presented. The importance of the students' independent work is determined by the content.

Keywords: Methantank, diffusion, biogas, fermented biomass, convection, thermal conductivity, Nussel criterion, Graspо criterion, pragmatism criterion, Reynolds criterion.

УДК 579(075.8)

**ИССЛЕДОВАНИЕ ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИХ ШТАММОВ
ПОЧВЕННЫХ БАКТЕРИЙ, ПРИМЕНЯЕМЫХ В КАЧЕСТВЕ
СОВРЕМЕННЫХ БАКТЕРИАЛЬНЫХ ПРЕПАРАТОВ**

ЖАППАРБЕРГЕНОВА Э.Б., АЛПАМЫСОВА Г.Б., АДИБЕКОВА А.Н.

Исследование новых бактериальных препаратов, важных в аграрном секторе Республики Казахстан и доступных в экономическом отношении, является актуальной проблемой современной сельскохозяйственной биотехнологии.

В связи с этим в представленной научной статье выделены и идентифицированы штаммы бактерий, обитающих в почвах Южного Казахстана.

В ходе исследований изучены: почвенная популяции бактерий с последующим выделением чистых культур, идентификационные признаки, морфоцитологическое исследование клеток.

Ключевые слова: почвенная микрофлора, бактериальные штаммы, культивирование, микропрепараты, микроскопирование чистых культур, колонии.

Актуальность проблемы. Продуктивность и самодостаточность местной продукции, направленной на нужды сельского хозяйства, решает ряд вопросов не только в аграрном, но и в производственном кластере Казахстана.

В настоящее время существуют ряд технологических производств, направленных на выпуск качественной и конкурентоспособной продукции на рынке удобрений.

В том числе, эксплуатируются кластеры, вырабатывающие разнообразные удобрения для увеличения плодородия почвы и повышения объемов выращиваемых сельскохозяйственных культур [1].

Практическое значение. С учетом практической необходимости и востребованности биоудобрений в растениеводстве, многие научные лаборатории, занимающиеся исследованиями в области сельскохозяйственной биотехнологии, в том числе и в Республике Казахстана, интенсивно занимаются проблемами обеспечения и повышения качества биопрепаратов на основе почвенных бактерий.

При этом, заинтересованность в этих исследованиях связана и с экономической стороной вопроса, поскольку доступные по цене местные бактериальные препараты являются ключевым и решающим фактором.

В производстве биоудобрений важным также является составление высокий адаптогенный показатель препаратов, выделенных из местной же почвенной микрофлоры.

Поскольку традиционные удобрения способны изменять количественный и качественный состав естественной микрофлоры почвы, биоудобрения обладают преимуществом сохранения природного баланса почвы.

В целях избежания перерасхода в производстве биоудобрений, акцент делается на использование бактерий, выделенных из почвы местного региона.

Согласно данным «Международной организации по продовольствию и сельскому хозяйству», образованной при ООН, разработаны рекомендации, в которых дается оптимальное содержание бактериального инокулята в биоудобрениях.

Все известные в мире производители биоудобрений, а также научные лаборатории, занимающиеся исследованиями в данной области, применяют нормативы «Международной организации по продовольствию и сельскому хозяйству» в качестве эталона при оценке ценности готовой продукции.

В настоящее время передовые производства данной продукции основаны на высокотехнологичных процессах и современных

достижениях биотехнологии, нанобиологии, IT технологии, а также на применении исключительно натуральных компонентов.

Возможность получения биоудобрений в условиях местного локального производства, безусловно заслуживает пристального внимания со стороны крупных сельскохозяйственных комплексов.

Цель исследований. Учитывая практическую значимость изучаемого в работе объекта и, основываясь на достижениях мировых научно-исследовательских центров, мы нашли актуальным изучить вопросы применения бактериологических удобрений местных штаммов, получаемые из географически максимально приближенных регионов Южного Казахстана.

Научная новизна. Впервые проведено выделение и идентификация местных штаммов почвенной микрофлоры *Azotobacter chroococcum*, обитающих в почвенной микрофлоре южного региона, а также культивация их в разных средах, с определением их морфоцитологических характеристик.

Задачи работы:

1) Изучение и анализ состояния популяции путем выделения местных штаммов чистых культур *Azotobacter chroococcum*,

2) Изучение накопительных и морфоцитологических признаков, морфоцитологическое исследование клеток,

3) Анализ полученных данных с последующим обоснованием выводов.

Уникальный биологический состав биоудобрений, их большая экономическая прибыльность, экологически совместимые свойства и высокий адаптогенный коэффициент, классифицируют местные штаммы почвенной микрофлоры *Azotobacter chroococcum* в разряд натуральных выгодных удобрений.

Методы и результаты исследований. В качестве объекта исследований были применены почвенные популяции Южного Казахстана.

В качестве методов изучения использованы: посев и исследование культуральных признаков, методы микроскопического исследования препаратов.

Изучение морфоцитологических признаков объекта было проведено на основе препаратов по «Романовскому- Гимзе» [2].

«Окраска по Романовскому-Гимзе»

Для чистоты экспериментальных данных одновременно применялись несколько предметных стекол.

Приготовленные прижизненные препараты окрашивались 0,2% раствором фуксина и микроскопировались при малом, а затем с помощью иммерсионного объектива.

При микроскопировании изучались особенности расположения клеток и взаиморасположений в колонии.

При большом увеличении, используя возможности микроскопа, проводилась фотосъемка отдельных клеток Азотобактера на микропрепарате, с применением иммерсионного объектива.

При проведении экспериментальных исследований нами проводились методы культивирования местных штаммов *Azotobacter* на плотной среде Эшби в течение 12-24 часов с температурой 25-28⁰С.

По окончании культивации полученные инокулянты помещались в холодильник при температуре 4⁰С для хранения. Благодаря данному способу обеспечивалось повышение ростовой активности инокулируемых клеток бактерий.

С целью использования штаммов азотобактера при производстве удобрений, нами обрабатывались семена различных культур бактериальными препаратами. Исследовались процессы прорастания проростков растений, а также процессы прироста биомассы выросших трехнедельных рассад.

Согласно полученным микробиологическим результатам экспериментов, при микроскопировании были идентифицированы преимущественно палочковидные, плеоморфные штаммы бактерий рода *Azotobacter*.

Местные штаммы азотфиксирующих клеток оказались способными формировать активные колонии, форма клеток овальная.

В то же время, встречались палочковидные и сферические формы, что доказывает склонность *Azotobacter* к плеоморфизму

Выводы. Предложенные нами способы позволяют использовать разные штаммы бактерий *Azotobacter* в качестве основы при приготовлении бактериальных удобрений.

В ходе эксперимента наиболее активными оказались те штаммы, которые были выделены из обрабатываемой почвы. Показатели повышения урожайности анализировались по всхожести семян и эффективному росту в период вегетации, а также по накоплению биомассы растений.

Согласно полученным показателям, наиболее оптимальной питательной средой для культивирования *Azotobacter chroococcum* в результате эксперимента явилась среда №6.

ЛИТЕРАТУРА

1. Шевелуха В.С., Калашникова Е.А., Воронин Е.С. Сельскохозяйственная биотехнология – 2-е изд., перераб. и доп. - М.: Высшая школа, 2003г. - 469 с.
2. Теппер Е.З., Шильникова В.К., Переверзева Г.И. Практикум по микробиологии -5-е изд., перераб. и доп. - М.: Дрофа, 2004г.- 256 с.

ЖАППАРБЕРГЕНОВА Э.Б., АЛПАМЫСОВА Г.Б., АДИБЕКОВА. А.Н.
ЗАМАНАУИ БАКТЕРИАЛДЫ ПРЕПАРАТ РЕТІНДЕ ҚОЛДАНАТЫН ТОПЫРАҚ
БАКТЕРИЯЛАРДЫҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ШТАМДАРЫН ЗЕРТТЕУ

Қазақстан Республикасының аграрлық секторындағы маңызды әрі экономикалық тұрғыдан қол жетімді жаңа бактериальды препараттарды зерттеу – заманауи аыл-шаруашылық биотехнологияның аса көкейтесті мәселесіне жатады.

Осыған орай, ұсынылып отырған ғылыми мақалада Оңтүстік Қазақстан топырағында мекен ететін бактериялардың штамдары бөліп алумен идентификациялау жұмыс нәтижелері келтірілген.

Зерттеу барысында топырақ популяциясы зерттелініп, белгілері идентификацияланған және клеткалардың морфоцитологиясы зерттелген.

Кілт сөздер: топырақ микрофлорасы, бактериальды штамдар, дақылдау, микропрепараттар, таза дақылды микроскопиялау, колониялар.

ZHAPPARBERGENOVA E., ALPAMYSOVA G.B., ADILBEKOVA A.N. STUDY OF
SOUTH KAZAKHSTAN STRAINS OF SOIL BACTERIA APPLIED AS MODERN
BACTERIAL DRUGS

The study of new bacterial drugs that are important in the agrarian sector of the Republic of Kazakhstan and are available economically is an actual problem of modern agricultural biotechnology.

In this regard, in the presented scientific article, strains of bacteria that live in the soils of South Kazakhstan are determined and identified.

In the course of research, the following problems were studied: soil bacterial populations, followed by isolation of pure cultures, identification signs, morpho-cytological study of cells.

Keywords: soil microflora, bacterial strains, cultivation, micro-preparations, microscopic examination of pure cultures, colonies.

ӘОЖ 582.24: 664.7 (574.5)

АСТЫҚ ДАҚЫЛДАРДЫҢ ТҰҚЫМЫН САҢЫРАУҚҰЛАҚ ЖҰҚПАСЫНАН ҚОРҒАП ҚАЛУ ШАРАЛАРЫ

ӨТЕШОВА Г.П.

Осы уақытқа дейін, зерттеушілердің бірі тек тұқымды саңырауқұлақтар құрамын және олардың зияндылығын зерттесе, ал екіншілері саңырауқұлақтардың тұқымға енуі мен таралуын анықтаған. Осы жұмыстардың барлығында, тұқымдар мен басқа да егістік материалдары арқылы инфекция таралу мүмкіндігі көрсетілген, бірақ бұл үдерістің механизмі жеткіліксіз сипатталған. Соңғы жылдары, өсімдіктер ауруларын қоздырумен қатар, тұқымдық материалға елеулі залал келтіретін, түрлі саңырауқұлақтарды зерттейтін болған.

Мақалада түрлі экологиялық жағдайларда ауыл шаруашылық астық дақылдарының тұқымдарын саңырауқұлақ жұқпасынан қорғап қалу шаралары

жүргізілген. Астық тұқымдастарының саңырауқұлақ пен бактериалды аурулармен зақымданбауының алдын алу қарастырылған.

Кілт сөздер: *саңырауқұлақтар, тұқым, егістік, инфекция, механизм, өсімдіктер, экологиялық, ауыл шаруашылық, астық дақылдар, бактериалды.*

Тұқым сақтауды ұйымдастыру – өнеркәсіптік тұқым шаруашылығының маңызды буыны. Бұл жағдайда, шартқа сәйкес өнгіштік сақталуының, шешуші мәні бар. Көптеген ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқым түрлері, 3-5 жылға дейін, жоғары өнімділігін сақтауы мүмкін, қолайсыз жағдайларда, ол күрт қысқарады.

Өндірістік жағдайларда, сақтау мерзімдері, жинаудан себуге дейінгі кезеңде анықталады: күздік дақылдар үшін – 1-2 ай, жаздық - 7-9, күздік дақылдардың ауыспалы қорлары – 13-14, жаздық дақылдардың сақтандыру қорлары – 7-9 айдан 20 айға дейін және одан да көп. Осы мерзімдерге сәйкес, еңбек және қаражат шығынын аз жұмсай отырып, стандарттар талаптарына сәйкес, олардың себу сапасын сақтау үшін, тұқымдарды сақтау технологиясы мен тәсілін белгілеу қажет.

Әлемдік өсімдіктер коллекциясының, Ұлттық қоймасында қабылданған, тұқымды ұзақ уақыт бойы сақтау технологиясы бар; оның әдістемесі, И.И. Вавилов атындағы, Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу өсімдік шаруашылығы институтында әзірленді. Біз, 2008 жылы төрт облыста, бидай, арпа, сұлы, тары, құмай жүгері, соя, бұршақ, үрмебұршақ тұқымдарының, 13 түрлі паразитті және сапрофитті саңырауқұлақтардың көктемгі микрофлорасын анықтауға мүмкіндік алдық. Ал, күзгі-қысқы кезеңде, МЕМСТта белгіленіп, бекітілген тәртіпте, сақтау шарттарын ұстаған. Сондықтан, егіс тұқымдарын отырғызуға, мұқият әрекет жасау керек [1,2].

МЕМСТ талабы бойынша, қарақүйе және күйе зиянды қоспалар қатарына кіреді, және ол, тозанды қарақүйемен зақымдалған, арпа мен бидай сабақтарының жиынтығында 0,1% аспауы тиіс, тек гүлдену басталғанға дейін, жоюға болады. Көпіршікті қарақүйемен зақымданған, жүгері собықтары, спора пайда болғанға дейін жойып, құртады. Қарақүйемен зақымданған өсімдіктерді, кешіктіріп отау, пайдасыз ғана емес, тіпті келесі жылы, зақымданған егістік көлемінің ұлғайып кетуіне әкелуі мүмкін. Ауру қоздырушылар резерваторлары – арам шөптермен күресу өте қажет. Қарақүйемен зақымданған егістерден, элиталық тұқымды сатып алуға және егуге жол берілмейді.

Тұқымдардың, тіршілік ету мерзімін ұзартудың, маңызды шарттары – оларды толық физиологиялық пісіп-жетілу фазасында жинау, жарақаттық зақымдануларсыз және саңырауқұлақ пен бактериалды ауруларымен, және де ауа-жылу қызуы немесе күнге тұқымдардың сәулеленуінен зақымданбаған,

соның арқасында, толық тұқым өнімділігі мен энергиясы, сондай-ақ, өскіндердің тамыр шірігі мен басқа да ауруларға тұрақтылығы жоғарылайды [3].

Астықты жинау алдында, алқап жиектерін айналдыра орып шығады. Алқапты айналдыра ору кезінде, алынған тұқымдарды, қалған партиялардан бөлек құяды және өңдеуді бөлек жүргізеді (алқап жиектері бойындағы өсімдіктер, әдетте, көптеген аурулармен күшті зақымданады, мысалы қаракүйемен). Егістіктен алынған, қаракүйемен зақымдалған, сондай-ақ, қаракүйе қалташалар қоспасы бар немесе рұқсат етілген мөлшердегі, қаракүйе мүйізшелері бар, тұқымдарды жеке жеке орналастырады. Ірілігі бойынша топтамасы, қоспаларды, ұсақ және солғын тұқымдарды мұқият жою, тұқым партияларын сауықтыруға ықпал етеді [4].

Тұқымдарды сау алқаптардан алып, алдын ала тазалап, сұрыптап, бірінші топ нормасына жеткізіп, дайындау қажет. Мысалы, 28673-90 МЕМСТ-қа сәйкес, дайындалып жатқан, бірінші топты сұлы үшін, шектеу нормалары: ылғалдылық – 19 %, тозанды қоспа (қаракүйе және күйе), 0,1% аспайтын, бұзылған сұлы және басқа да мәдени өсімдіктер дәндері – рұқсат етілмейді, өлі зиянкестер – рұқсат етілмейді, 7% аспайтын, дәнді қоспа, өсіп шыққан дәндер – рұқсат етілмейді, майда дәндер – рұқсат етілмейді, зиянкестермен зақымдану – рұқсат етілмейді.

Әр түрлі жиым-терім техникасын қолдану, тұқымдардың, сызат, жарықтар түріндегі механикалық зақымдануына әкеледі, және де жарақаттық зақымдану орындарда, әр түрлі микроорганизмдердің өсуі мен дамуына, қолайлы жағдайлар жасалынады. Өнезді саңырауқұлақтар мен бактериялар, тұқымда дами отырып, дән ұлпасында, тұқымдардың зертханалық және далалық өнгіштігінің төмендеуін тудыратын, тіршілік әрекет өнімдерін (уйттар) бөліп шығарады.

Әсіресе, ұрық айналасындағы, жарақаттық зақымдану қауіпті болады. Бұл ретте, далалық өнгіштігі мен өнім, зақымдалмаған тұқымдармен салыстырғанда, 2/3-ке төмендейді. Ұрықтың, үлкен және терең жарақаттары, өнгіштігін толық жоғалтуға немесе ұсқынсыз және солғын өсімдіктерді дамытуға әкеледі, бұл МЕМСТ-қа қайшы келеді және олардың зақымдану сипатына қарай, шөп-шаламға жатқызады.

Осыған байланысты, тұқымдар фитозекспертиза міндетіне, тұқым жарақаттануының, рұқсат етілген дәрежесін белгілеу кіреді, бұл ретте, егістік сапасы, шаруашылық елеусіз шамаларға дейін төмендейді. Әртүрлі дәрежеде жарақаттанған тұқым партияларын, сынаудан өткізу қажет. ҚР өсімдіктерді қорғау институтында, қол жетімді бояғыштар арқылы, жарақат алған тұқымдарды анықтау әдістемесі әзірленді [5,6].

Тұқымдарды жинау және өңдеу кезінде, аспирацияны мұқият реттеу және оңтайлы жұмыс режимін сақтау қажет. Тұқымдық астықты, жинағаннан кейінгі өңдеу кезінде, асты қатты және серпуші қолдануға болмайды. Тұқымдарды кептіру режимдерін, сақтау маңызды, әсіресе, кептіру сәтінде, жарықтар пайда болушылыққа бейімделді.

Жүгері тұқымдары үшін, бірге-бірге өсетін, жылу режимі қажет, кептіру кезеңде, жылу тасығыштың орташа температурасы +420С. Қоймада қызған астықтың, аралық жатқызылған, күріш тұқымдарын кептіру, аралық жатқызылмағанға қарағанда, дәннің 2-3 есеге аз жарылуын береді. Бір жіберілгеннен, 2-3% ылғалдылық алынады. Тұқымдар температурасы, 30-350С-тан аспауы тиіс.

Астық ылғалдылығы, өз деңгейінде немесе ауыспалы деңгейден, бірнеше жоғары (14-15%, өнездің жекелеген түрлері үшін, тіпті 13%) және оңтайлы температурасы төмен астықта, әсіресе жаңа жиналғанда, солғын өнездену байқалады, ол, өнезді микрофлораның баяу өсу ретімен, дәншіктің ішкі ұлпаларына енгізілуімен және өнгіштігінің төмендеуі мен тұқымдар өлуімен сипатталады [7].

Әсіресе, астық ақаулық дәрежесін анықтау, жауапты болып табылады. Егер де, астық өздігінен қыза немесе өсе бастаса, дәнді, бірінші ақаулық дәрежесі ететін, уыт иісі пайда болады. Осы дәрежелі кемістікке, желдету кезінде жойылмайтын, қышқыл иісі бар астық жатады. Өнездердің, астық бетінде пайда болуы, зең иісі туындауымен бірге жүреді. Оны, кептіру немесе желдету арқылы кетіреді. Егер ол, уыттымен үйлессе, онда астықты, кемістігі бірінші дәрежелі, деп санайды. Алайда, өнез дәннің өзіне де енеді. Мұндай жағдайда, дәнде елеулі өзгерістер пайда болады, өнезді-борсыған иіс немесе шіріген иістер туындайды, олар бар кезде, дән, екінші ақаулық дәрежелі болып саналады. Және, ақырында, алысқа өткен, өздігінен қызу үдерісі, шірік иісімен қосарланады. Мұндай астық, үшінші ақаулық дәрежелі болып табылады. Мүлдем күйіп кеткен астыққа, төртінші ақаулық дәрежесін береді.

Саймасай ауылының астық қоймасындағы, тексерілетін астық партиясындағы, температура өзгерістерін және астық балғындығы көрсеткішін талдау, астық массасында болып жатқан, қолайсыз процестерді анықтауға және астық сапасына әсер ету мен олардың дамуы туралы пікір айтуға, көмектесті. (12.02.2018ж.).

Мәселен, өздігінен қызу үдерісінің, бастапқы кезеңі, тек температураның ұлғаюымен және негізінен, ылғалды және дымқыл дәннің, біршама қараюымен сипатталған, өздігінен қызудың, ары қарай дамуы барысында, сусымалылығы төмендеген, әсіресе пленкалы дақылдарда, астық босаңсуы көріне бастаған, уытты иіс пайда болған, жалпы қараюы байқалған,

әсіресе арпа мен бидайда, көптеген дәндерде, әсіресе жетілмеген, піспегендерде өңіз пайда болған.

Асқынған өздігінен қызу кезінде, астық массасының сусымалылығы күрт төмендеді, борсыған, кейде шіріген иіс пайда болды. Астық қатты қараяды, кейде күйген секілді, қараға айналады (ОҚО, Түркістан ауданы, Теке а. астық қоймасы, 24.02.2017 ж.).

Анықталған, өздігінен қызу үдерісін, орынды жою тәсілі туралы мәселенің шешімі, оның сипаты мен қамтылған астықтың, мөлшерлі санын анықтағаннан кейін, қабылданған.

Қысқы сақтау мерзімі ішінде, әр түрлі облыстың 4 нүктелерінде, тұқым сақтау барысын бақылау, жүйелі түрде жүргізілген [8,9].

Міндетті амал – тұқымды зақымдаушы зиянкестермен күресу. Астық жинаудан бір ай бұрын, ауыл шаруашылық машиналарын, ыдыстар мен қоймаларды, 40%-дық формалин су ерітіндісінің 2%-тік ерітіндісімен немесе 4%-дық хлорлы әк тұнбасымен, зарарсыздандыру керек. Осы амалмен бірге, қоймаларда, тұқымдарды зақымдаушы және ауру таралуына ықпал ететін, қамба зиянкестерімен күрес жүргізу қажет. Қоймаларды зарарсыздандыру мақсатында, 80%-ті хлорофосты, «Гамма» шашкаларын, кесек күкіртті және басқа да препараттарды қолданады. Винцит, витавакс 200, витавакс 200 ФФ, дивиденд, дивиденд стар 036FS, паноктин, премис, раксил 60 FS, жаңа раксил, СУМИ-8, Топсин-М.

Тұқымдарды, +40С температурада, қауіпсіз сақтаудың, біз анықтаған, болжамды мерзімдері, 1-кестеде берілген.

Өсімдіктер атауы	Дән ылғалдылығы, %	Споралар саны	Қауіпсіз сақтау мерзімдері,	тәулік
Triticum aestivum	14, 180	15,5,16,17, 18	3, 4	15

1-кестеде Тұқымдарды, +40С температурада, қауіпсіз сақтаудың болжамды мерзімдері.

Кестедегі, Triticum aestivum көрсеткіштері, Hordeum vulgare және Avena sativa үшін, Glycine sativum көрсеткіштері – Pisum sativum және Phaseolus vulgaris, Phaseolus aureus үшін, ортақ болып табылады.

Triticum aestivum-де Alternaria alternata, Hordeum vulgare, Zea mays, Oryza sativa, Panicum miliaceum, Sorghum vulgare; Avena sativa-да Cladosporium herbarum, Phoma avenae; Zea mays-да Penicillium rugulosum;

Panicum miliaceum-да *Cladosporium herbarum*, *Macrosporium commune*; *Phaseolus vulgaris*-та *Penicillium rugulosum*; *Pisum sativum*, *Phaseolus aureus*, *Glycine sativum*-да зарарсыздандырылған жіпшумақ - өсіп шығулары үшін, +40С температурасы, минималды температурасы болып табылады. Тұқымдағы саңырауқұлақтардың қалған түрлері, осы температурада өсіп шықпаған.

Төгілген тұқым ылғалдылығы, сақтау кезіндегі патогендердің дамуында, жетекші рөл атқарады. Дәнді дақылдар мен көпжылдық дәндер көпшілігі үшін, сақтау кезінде, барынша рұқсат етілген, ылғалдылық нормасы, МЕМСТ бойынша 14,5-15,5%; (жүгері, құмай, тары – 12,5-14%); бұршақты дақылдар үшін – 14-15% құрайды. Тұқымдағы ылғалдылық мөлшері көп жоғары кезде, ауру қоздырғыштар тіршілігі белсендіріледі, бұл, тұқымдардың егіндік сапасының нашарлауына әкеледі [10-11].

Элеваторларда, температураны, қашықтықтан астық температурасын бақылауға арналған, электротермиялық қондырғылар көмегімен өлшейді (ДТКЭ-4МГ, «Марс-1500» типті және т. б.). Олар болмаған жағдайда, элеваторда сақталған астықтың температурасын, 0,5; 1,5 және 3,5 м тереңдікте, термоштангалармен өлшейді. Үйінді жылуы, 00-ден +100С-қа дейінгі температура кезінде, құрғақ тұқымдар - 15 күнде 1 рет, құрғақтығы орташа - 10 күнде 1 рет, ылғалды - 5 күнде 1 рет,

Саңырауқұлақ флорасының тәртібі, тұқымдар сақталатын, атмосфераның желдетілуіне тәуелді. Желдетілетін бөлмелерде, желдетілмейтін бөлмелер секілді, ылғалды жағдайда, зен саңырауқұлақтар саны, бүкіл кезеңі ішінде көбейеді. Бірақ желдетілмейтін, құрғақ жайларда, ол, алдымен азаяды және сақтау соңына қарай, тез өседі. Сақтаудың, алғашқы екі айы ішінде, тұқымның саңырауқұлақтармен залалдануы, желдетілмейтін атмосфераға қарағанда, желдетілген атмосферада жоғары, өйткені саңырауқұлақтар дамуы үшін, қолайлы жағдайлар жасалады (жақсы аэрация). Одан әрі, тұқымдар құрғатылады және айырмалары жойылады.

Тұқымдық бақылауды, мемлекеттік тұқым инспекциясы, жүзеге асыруға тиіс. Бұл ретте, жоғарғы репродукциялы тұқымдар сапасын бақылауға, ерекше назар аударған жөн. Қатаң бақылау орнату қажет, оған сәйкес, суперэлита, элита және бірінші репродукция тұқымдар партияларынан, үлгілерін іріктеуді, тек тұқым инспекциясы мамандары ғана, жүргізуі керек.

Зерттеу нәтижелері Оңтүстік Қазақстанның астық қоймаларындағы микофлораның түрлік құрамын, тектері, туысы, тұқымдастарын бөлу сипатында:

Сапрофитті флора өкілдері- *Rhizopus nigricans* Ehren., *Rh.oryzae* Went. et Prin., *Mucor racemosus* Fres., *Mucor mucedo* Fres., *Aspergillus fumigatus* Fres.,

A.niger Thiegh., *A.flavus* Link., *Penicillium rugulosum* Thom, *P.chrysogenum* Thom, *P.verrucosum* Dierk. текті түрлері және т.б. – дұрыс емес сақтау жағдайларында, тұқымдық материалға зиян келтіреді.

Ішкі инфекцияны, *Oospora*, *Fusarium* тегінің және т.б. түрлері, ал кейде *Rhizopus*, *Penicillium*, *Alternaria* тегінің өкілдері қоздырады. Сапрофитті саңырауқұлақтар, тұқымдардың жетілмеген және өлі ұлпаларында кездеседі. Кейбір патогенды түрлері, сапрофитті түрлермен бірге, ұлпаларды бұзып, тұқым ішіне енеді. Жоғары ылғалдылықта, тұқымдардың шіріуіне әкеле отырып, сапрофитті түрлер тез дамиды. Олар, өзін, дамуларына жағдайлар жасалған кезде, сақтау мерзімінде көрсетеді (жоғары ылғалдылық, нашар желдету, жоғары температура және т.б.) [12-13].

Жаңа жиналған астықта, *Cladosporium herbarum* Link., *Helminthosporium sativum* Pammel, King et Bakke, *Alternaria alternata* (Fr.) Keissl, *Fusarium nivale* (Fr.) Ces., *Ustilago zea* (Beckm.) Unger., *Tilletia tritici* (Bjek) Winter., *Sorosporium reilianum* (Kuhn) McAlpin секілді, және т.б. микроскопиялық топырақты саңырауқұлақтар анықталған. Жаңа жиналған астықты сақтау, микрофлора саны мен түрлік құрамының өзгеруімен, қатар жүреді. Құрғақ дән үшін (ылғалдылығы шегінде немесе ауыспалы деңгейден төмен), жалпы микрофлора санының төмендеуі тән.

Сонымен қатар, географиялық орналасуына қарай Оңтүстік Қазақстан аймақтарында:

Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданы, Теке а. астық қоймасы. Бидай тұқымдарында – *Mucor mucedo*, *Erysiphe graminis*, *Verticillium dahliae*, *Verticillium cancelabrum*, *Verticillium nigrescens*, *Monilia sitophila*, *Trichoderma lignorum*, *Ramularia* sp., *Trichothecium roseum*, *Aspergillus flavus*, *Aspergillus niger*, *Aspergillus ochraceum*, *Penicillium rugulosum*, *Cladosporium herbarum*, *Helminthosporium sativum*, *Macrosporium commune*, *Alternaria alternata*, *Fusarium graminearum*, *Fusarium avenaceum*, *Tilletia tritici*, *Urocystis tritici*, *Puccinia graminis*, *Puccinia glumarum* табылып, анықталған.

Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Құлан а. астық қоймасы. Бидайда – *Rhizopus nigricans*, *Mucor mucedo*, *Aspergillus niger*, *Penicillium rugulosum*, *Macrosporium commune*, *Alternaria alternata*, *Fusarium nivale*, *Tilletia foetida* табылып, анықталған [14-15].

Алматы облысы, Еңбекші қазақ ауданы, Саймасай а. астық қоймасы. Бидай тұқымдарында -*Rhizopus nigricans*, *Mucor mucedo*, *Erysiphe graminis*, *Clavicers purpurea*, *Trichothecium roseum*, *Aspergillus candidus*, *Aspergillus flavus*, *Aspergillus fumigatus*, *Aspergillus niger*, *Penicillium cyclopium*, *Penicillium rugulosum*, *Penicillium verrucosum*, *Cladosporium herbarum*, *Helminthosporium sativum*, *Macrosporium commune*, *Alternaria alternata*, *Fusarium sporotrichiella*, *Fusarium moniliforme*, *Ascochyta graminicola*, *Septoria*

graminum, *Tilletia foetida*, *Tilletia tritici*, *Ustilago tritici*, *Puccinia graminis*, *Puccinia triticina*, *Puccinia glumarum* табылып, анықталған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Закон Республики Казахстан. О защите семян: принят 03 июля 2002г.
2. Постановление Правительства Республики Казахстан. Перечень особо опасных вредных организмов: утвержден за № 1295 от 10 декабря 2002 г.
3. Кристенсен М.К. Микофлора и ухудшение качества семян. Жизнеспособность семян. - М.: Колос, 1978. - С. 63-91.
4. Александрова И.Н. Особенности развития южного гельминтоспориоза кукурузы в России // Современные проблемы микологии, альгологии и фитопатологии: сборник трудов международной конференции, посвященной 80-летию кафедры микологии и альгологии Московского государственного университета и 90-летию со дня рождения М.В.Горленко. - М., 1998. – С. 18-19.
5. Шералиев А.Ш., Бухаров К., Холмурадов Ч. Видовой состав грибов *Fusarium* L k:F г., поражающие культурные и сорные растения Узбекистана // Микробиология. - 2001. - №3. – С. 38-42.
6. Пирязева Е.А. Распространение грибов рода *Fusarium* Link в зернофураже из хозяйств Западно-Сибирского экономического района // Сб. науч. тр. ВНИИ. вет. сан. гигиены и экологии. – 2001. – С. 111-112.
7. Тодорова В., Станчева И, Крушарски М. Изучение микофлоры семян пивоваренного ячменя // Сборник научни доклади Международна научна конференция “50 години Лесотехнически университет” - София, 1-3 апр., 2003 Лесотехнически университет. – София, 2003. – С. 245-248.
8. Diftalkovi Monika. Micoflora of *Chenopodium quinoa* seeds // Plant Prot. Sci.- 2003. №4 – P. 146-150.
9. Chan Zhu-long, Ding Ke-jian, Tan Gengjia, Shu Spen-jie, Chen qi, Su Xian-yan, Ma Ke, Wang Aie. Эпидермическая регулярность фузариоза риса // Anhui pongye daxue xuebao J. Anhui Agr. Univ. - 2004. - №2 - P. 139-142.
10. Ермековой Б.Д., Бабушкина И.Н., Абилова А.К., Кокумбекова Н.К.. Пособие по определению грибов рода *Aspergillus*. - Астана: ЦНТИ, 2002. - С.43.
11. Г.А.Нам, С.А.Абиев, З.М.Бызова, Б.Д.Ермекова, Б.Ж.Есенгулова, Л.А.Кызметова. Микобиота урочища Сарытогай // Материалы международной научно-практической конференции «Актуальные проблемы экологии и природопользования в Казахстане и сопредельных территориях». - Павлодар, 2006. - Т1. - С.233-235.
12. Фирсова М.К. Методы определения качества семян. - М.: Сельхоз. литература, 1959. -С. 351.
13. Мархасева В.А. Черный зародыш пшеницы и меры борьбы с ним. - Киев, 1957. – С. 32-45.
14. Миддлтон Дж., Бон Г. Огурцы, дыни тыквы // Болезни растений. - 1956. - С. 47.

15. Наумов Н.А. Условия возникновения эпифитной ржавчины. Ржавчина зерновых культур. - М., 1939. - С. 33-36.

ОТЕШОВА Г.П. МЕРЫ ПО ЗАЩИТЕ ЗЕРНОВЫХ КУЛЬТУР ОТ ГРИБКОВЫХ ИНФЕКЦИЙ.

До сих пор одни исследования связаны с изучением только состава зараженных семян и их вредности, а вторые ориентированы на выявление проникновения и распространения грибковых инфекций в семена зерновых культур. Во всех этих работах показана возможность распространения инфекции через семена и другие посевные материалы, но механизм этого процесса недостаточно описан. В последние годы, наряду с возбудителями болезней растений, изучению подвергаются различные грибы, которые наносят значительный ущерб семенному материалу.

В статье предлагаются конкретные мероприятия по защите семян сельскохозяйственных зерновых культур от грибных инфекций в различных экологических условиях; доказывається необходимость профилактики заражения злаковыми семенами грибами и бактериальными заболеваниями.

Ключевые слова: грибы, семена, посе́вы, инфекция, механизм, растения, экологические, сельскохозяйственные, зерновые, бактериальные.

OTESHOVA G. P. MEASURES TO PROTECT CROPS FROM FUNGAL INFECTIONS.

Until now, some investigations have studied only the composition of infected seeds and their harmfulness, and the others are focused on revealing the penetration and spread of fungal infections in the seeds of grain crops. All these studies show the possibility of spreading the infection through seeds and other sowing materials, but the mechanism of this process is not sufficiently described. In recent years, along with the causative agent of plant diseases, various fungi have been studied, which deteriorate the seed material greatly.

The article presents actual measures to protect seeds of agricultural crops from fungal infections in various environmental conditions. Prevention of infection of cereal seeds with fungi and bacterial diseases is proved.

Keywords: mushrooms, seeds, crops, infection, mechanism, plants, ecological, agricultural, grain, bacterial.

**ТАРИХ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕР.
ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА**

ӘОҚ 394 (470)

**ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚТЫҢ АСЫЛДАРЫНЫҢ
ҰРПАҚТАРЫ**

НӘЛБАЕВ К.Қ., ШИРИНБЕКОВА Г.Қ.

Мақалада Өзбекстандағы қазақ диаспорасының көрші республиканың қоғамдық өміріндегі сүбелі рөлі және олардың іс-әректіндегі өз ұлтымыздың беделі мен намысын көтеру және ардақтаудың таптырмас өнегесі екенін көрсету болды. Халқымыздың асыл перзенттерінің табыстары Өзбекстан халық шаруашылығының түрлі саласындағы тек өзіндік білімділік, ұйымдастырушылық, жанкештілік және табандылық сынды қабілеттері арқылы ғана келгендігін көреміз. Бұл өскелең ұрпақты өз ұлтын мақтан етуге үйретеді.

Кілт сөздер: адалдық, шешендік, коммунистік партия, сыртқы сауда, қаракөл.

Жат жерде жүрген әрбір ұлт азаматының әр күні өмір үшін күрестен және өз ұлттық намысын сақтаудан тұрады десек қате айтпаған боламыз. Сол сияқты Өзбекстандағы біздердің қазақ қандастарымыз да өз ұлттық намысын жоғары деңгейде сақтап, мақтан тұта білуде басқа ұлттардан кем болған жоқ. Жалпы қазақтың моральдық-психологиялық құндылықтары болған – дарындылық, батылдық, адалдық, әділдік, шешендік, ақкөңілдік, сенгіштік, қайырымдылық, бірбеткейлік, қонақжайлылық және қарапайымдылық сынды белгілерін біздің қандастарымызды өзге жұртта да дәріптеп көрсете алды. Сондықтан, Өзбекстандағы жұртшылық қазақ ұлтының азаматтарын өзбек және басқа шығыс халықтарына қарағанда техникаға жетік, тілдерді тез игергіш, ауыртпашылыққа шыдамды және уәдесіне берік қасиеттерге ие деп жоғары бағалап келген [1].

Әсіресе, Кеңес Одағының алғашқы жылдары мен орта кезеңдерінде Өзбекстан Республикасының мемлекеттік басқару және саяси-қоғамдық өмірінде еңбегі сіңген, аты танымал қазақ ұлтының азаматтарының үлес саламағы басым болды. Оларға сол кездер де, қазір де құрмет білдіреді. Олардың есімдерімен елді мекендер мен көшелер аталған.

Бұл тізімнің көшбасында дарынды саясаткер Убайдулла Абдурахманов (1907-1966 ж.ж.) тұрады. Ол 1939-1940 ж.ж. Қарақалпақстан обкомының екінші хатшысы, 1940-1941 ж.ж. Өзбек КСР ет-сүт өнеркәсібі халық комиссары, 1941-1942 ж.ж. Өзбекстан коммунистік партиясы Орталық комитетінің (бұдан былай КП ОК) аппаратында кадрлар бойынша сектор

меңгерушісі болып істейді. 1943-1944 жылдары Өзбекстан КП ОК-нің Ташкент қалалық комитетінің бірінші хатшысы, 1944-1947 жылдарда Ферғана облыстық КП комитетінің хатшысының орынбасары, 1947-1948 жылдары КСРО Сыртқы сауда министрлігінің «Өзбекқаракөл» трестінің директоры лауазымында істейді.

Мемлекет және қоғам қайраткері Құрбанбай Қалыкеев (1905-1985 ж.ж.) 1937-1938 жылдары Қарақалпақ облыстық КП комитетінің хатшысы, 1938-1941 жылдары осы облыстың партия комитетінің бірінші хатшысы болған.

1942-1945 жылдары майдандарда саяси қызметкер болып, майор шенін иеленген.

1950-1955 жылдары Шымкент қаласындағы мақта зауытының директоры қызметін атқарған.

Өзбекстанда министр лауазымына жеткен Социалистік Еңбек Ері Егемқұл Тасанбайұлы. Е. Тасанбайұлы 1941-1945 жылдары соғыс майданында аты аңызға айналған қазақстандық 100-ші ұлттық атқыштар бригадасында соғысты. 1947-1963 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысында жауапты партия қызметінде болды.

Ал 1963 жылы Қазақстаннан Мақтаарал, Ильич, Киров аудандары Өзбекстанның Сырдария, Баяуыт, Жыззақ, Гүлістан аудандарымен қосылып Өзбек КСР-і құрамында Сырдария облысы ұйымдастырылды. Сол облыста 1963-1969 жылдары облыстық атқару комитетіне төрағалық еткен Е.Тасанбайұлы 1969-1971 жылдары облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы етіп тағайындалды. Өзбек КСР-інің ауыл шаруашылығы министрі қызметін де абыроймен атқарған.

1957 жылы Е.Тасанбайұлы Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды. КСРО Жоғары Кеңесінің, Өзбекстан Жоғары Кеңесіне 3 рет депутат болып сайланған. Сондай-ақ «Өзбекстан ауыл шаруашылығына еңбегі сіңген қызметкер» құрметті атағының иегері де.

Тағы бір қазақтан шыққан мемлекет және қоғам қайраткері Оңал Татыбаев. Соғыс ардагері О.Татыбаев 1944-1946 жылдары Ташкент облыстық әскери комиссариатының саяси бөлімінің бастығы, Бұқара облыстық коммунистік партия комитетінің мал шаруашылығы бойынша хатшысы болып қызмет атқарды.

1947-1952 жылдары О.Татыбаев Қарақалпақстан Министрлер Кеңесінің төрағасының орынбасары, Қарақалпақстан Жоғары Кеңесі президумы төрағасының орынбасары лауазымында істеді.

Ол кісі 1954 жылдан өмірінің соңына дейін Қарақалпақстан кәсіподақтары Кеңесін басқарды.

Өзбекстандағы саяси басқаруда еңбегі орасан, қазақ ұлтының біртуар перзенті Бекіш Насыров (1913-1977 ж.ж.). Ол 1942-1943 жылдары Ташкент

облысы Орта Шыршық ауданының партия комитетінің бірінші хатшысы, 1943-1947 жылдары Өзбекстан коммунистік партия Орталық комитетінің мал шаруашылығы жөніндегі хатшысы қызметін атқарған.

1947-1950 жылдары Б.Насыров Бұқара облысының атқару комитеті төрағасының орынбасары, Қашқадария облысының партия комитетінің бірінші хатшысы болған. Кейіннен ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары қызметін де атқарған.

Ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Б.Насыров 1947-1955 жылдар аралығында бірнеше дүркін бұрынғы КСРО Жоғары Кеңесінің депутаты болған.

Өзбекстан КСР ауыл шаруашылығы саласын дамытуға аса қомақты үлес қосқан, қазақтың асыл ұлдарының бірі Әбдікәрім Әбдіқадырұлы Үркінбаев. Ә.Ә. Үркінбаев 1956-1961 жылдары Қашқадария облысында түрлі деңгейдегі партия қызметтерінде, соның ішінде Китаб аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарды.

1961-1970 жылдары Қарақалпақстан АКСР партия комитетінің хатшысы болған.

1970-1985 жылдары Өзбекстан КСР ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары, Өзбекстан ауыл шаруашылығы министрі сияқты жоғары лауазымдарда жұмыс істеді.

1985-1990 жылдары «Өзбекстан ауыл шаруашылық химиясы» комитетінің бастығы қызметін атқарып, зейнеткерлікке шыққан.

Өзбекстанға еңбегі сіңірген гидротехник, экономика ғылымдарының кандидаты Дүйсенқұл Сарықұловтың (1906-1997 ж.ж.) Орта Азия және Қазақстан халық шаруашылығының қалыптасып, дамуына қосқан үлесі мол.

Д. Сарықұлов алғаш 1933-1937 жылдары Мәскеуде Бүкілодақтық өндіріс академиясында білім алды. Одан соң 1937-1939 жылдары Ресейдегі Карелия гидроэлектростанциясының құрылысын басқарды. 1939-1942 жылдары Ташкенттегі «Средазгидроэнергопроект» («Орта Азия гидроэнергожобалау») институтын басқарды.

1942-1950 жылдары Өзбекстанның ет және сүт өнеркәсібі халық комиссары (қазіргі саяси жүйеде «министр») болып істеді. Осы жылдары Өзбекстан КСР жоғары кеңесінің депутаты болып сайланды.

1955-1956 жылдары Қырғыз КСР қала және ауыл құрылысы министрінің орынбасары болып жұмыс істеді.

1956-1958 жылдары Қазақстандағы «Қазголдностепстрой» тресінің басшысы, 1966-1975 жылдарда «Қазгипроводхоз» институтының директоры лауазымында қызмет етті.

Өзбекстандағы саяси-шаруашылық басшылардың бірнеше легін тәрбиелеп, қанат қақтырған «Главкаршистепстрой» трестін көп жыл

басқарған қазақ ұлтының бетке ұстар азаматы Сұлтан Шегебаев еді. Марқұм Өзбекстан Республикасының алғашқы президенті И.А.Каримов Қашқадария облысы партия комитетінің бірінші хатшысы болып істеп жүрген кезінде С.Шегебаевтан өмірлік тәжірибе үйренгенін кейіннен жылы лебізбен білдіріп жүрді.

Қазіргі таңда тәуелсіз Өзбекстан Республикасының саяси-экономикалық саласында лауазымды басышылық қызметте жүрген қандастарымыз да баршылық. Олар Сырдария және Науаи облыстарын басқарған – хоким (Қазақстан Республикасында «әкім») Әбдіхалық Абдрахманұлы Айдарқұлов, ішкі істер генерал-майоры Тұрсынхан Құдайбергенов, Ташкент облысының Піскент ауданын басқарған, 1998-2002 жылдары Өзбекстан Қазақ ұлттық мәдени орталығының төрағасы болған Тұрсымат Қалбаев, құрылыс саласында министр орынбасары болған Қанапия Жәнібекұлы Әжібеков, Жоғары Шыршық ауданын басқарған Әлішер Гаппаровтардың есімдерін ардақтап атауға болады.

Қазақ ұлты өзінің адалдығы, іскерлігі және еңбексүйгіштігімен әрқашан да ерекшеленіп тұрған. Өзбекстан тарихында халық шаруашылығы мен қаржы саласында жұмыс істеген білікті де, озық қазақ ұлтының ардақты перзенттері көп.

Ерен де, қажырлы еңбегімен көзге түскен тұлға, екі рет КСРО Социалистік Еңбек Ері атанған шопан Жабай Балиманов (1893-1966 ж.ж.). Ол Өзбекстан Республикасының бұрынғы Бұқара, қазіргі Науаи облысының қазақтар тығыз қоныстанған Тамды ауданы «Ақтау» ұжымдық шаруашылығында шопан, кейіннен аға шопан болып еңбек еткен.

Ж. Балиманов қой шаруашылығын дамытудағы белсенді еңбегі ескеріліп, 1951 жылы КСРО-ның ең жоғары наградасы Социалистік Еңбек Ері атанды. 1958 жылы қаракөл елтірісін өндіруде рекордтық нәтижеге жеткені үшін екінші рет Социалистік Еңбек Ері атанды. Ол 4-сайланған Өзбек КСР Жоғары Кеңесінің депутаты болған. Өзбекстан қаракөл қой шаруашылығының озаты, көптеген КСРО ордені мен медальдарының иегері. Бірнеше рет Бүкілодақтық ауыл шаруашылық көрмелерінің жеңімпазы атанып, алтын және күміс медальдармен марапатталған. Қазір «Ақтау» ұжымшары Жабай Балимановтың есімімен аталады.

Өзбекстанның негізгі байлығы да, мақтанышы да мақта есептеледі. Еңбегі ауыр мақта шаруашылығын Мырзашөл сынды жаңа игерілген жерлерде ұйымдастыруда аты танымал болған қазақ ұлтының тағы бір асыл ұлы Социалистік Еңбек Ері Қынабек Үкібаев (1913-1993 ж.ж.).

1949-1952 жылдар аралығында Қ.Үкібаев Сырдария облысы Гүлістан аудандық атқару комитеті төрағасы болып қызмет атқарды. 1952-1962

жылдары Гүлістан, Ташкент облысының Бостандық аудандарының партия комитеттерінің бірінші хатшысы болды.

Есімі елге танымал Қ.Үкібаев бірнеше рет Өзбекстан Жоғары кеңесінің депутаттығына сайланған. Соғыс және еңбек ардагері Қ.Үкібаевтың есімімен Сырдария облысының Ақ алтын ауданындағы бір шаруашылық аталған.

Қаржы және банк саласында көп жыл еңбек еткен Камал Алиев. Ол 1946-1959 жылдары Ташкент қаласында мемлекеттік Орталық банк бөлімшесін басқарды. 1959 жылдан 1975 жылға дейін Өзбекстандағы Кеңес Одағы құрылыс банк ісінің бастығы лауазымында істеді.

К.Алиев екі рет «Еңбек Қызыл туы», екі рет «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған. К.Алиевке 1957 жылы «Кеңес Одағының мемлекеттік банк үздігі», 1973 жылы «Өзбек КСР-нің құрметті экономисті» атақтары берілді.

Өзбекстанның қаржы саласында «Еңбек ардагері» атанған, 1992 жылы Өзбекстан Республикасында Қазақ Ұлттық мәдени орталығының құрылуында қаржылық көмек танытқан ұлтжанды азамат Құрбанәлі Нәлібаев (1928-2002 ж.ж.) болды.

Қ.Нәлібаев 1970-1980 жылдары Ташкент мемлекеттік медициналық институтының, 1980-1982 жылдары Өзбек КСР денсаулық сақтау министрлігінің бас бухгалтері болып жұмыс істеген.

1982 жылдан 1998 жылға дейін Ташкент мемлекеттік политехникалық институтының бас бухгалтері болған.

Сондай-ақ қаржы және сауда саласында қажырлы еңбек етіп өзбек халқының құрметіне ие болған қазақ қандастарымыз мол. Солардың ішінен Төлеген Қазыбеков, Аманбай Садықұлов, Аманбай Боранбаев, Тұрсымахан Ырсымбетов, Абдураззақ Бұқарбаев, Серікбай Жансейтов, Ахмет Абдуллаев және т.б. бауырларымыздың есімдерін ерекше атап өтуге лайықты [2].

Өзбекстандағы қазақ ұлтының өкілдері өздерінің білімділігімен де көзге түсе білген. Олардың ішінен бірнеше белгілі ғалымдар мен өнертапқыштар шыққан. Олардың ерен еңбегі Өзбекстанда және әлемнің тағы басқа елдерінде жоғары бағаланып келеді.

Өзбекстан ғылымының бетке ұстар өкілдерінің бірі, өзіміздің қандасымыз КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор Тасболат Лепесұлы Бабажанов (1935жылы туылған).

Т.Бабажанов 1979 жылы жаңа құрылған «Өзбекгеофизика» бірлестігінің ашылғанынан бастап осы күнге дейін бас директоры қызметін адал атқарып келеді. Жаны жайсаң, жаңашылдыққа құмар ғалымның 13 авторлық куәлігі мен 4 патенті бар. Профессор Тасболат Лепесұлы 100-ден астам ғылыми мақалалар, 10-ға тарта кітаптардың авторы.

Т.Бабажанов 1976 жылы «Өзбекстанға еңбегі сіңген геолог» атағына, 1979 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығына ие болды. 1990 жылы Өзбекстан Жоғары Кеңесінің, ал 1995-1999 жылдары Олий Мажлистің (Өзбекстан Республикасының бір палаталы парламенті) депутатығына сайланған.

Өзбекстан геология ғылымының дамуында тағы бір танымал қандасымыз, аса көрнекті ғалым, Кенесары ханның ұрпағы, Өзбекстан Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессоры Натай Әзімханұлы Кенесарин (1908-1975 ж.ж.)

Н.Ә.Кенесарин 1958 жылы «Мырзашөлдің суармалы жерлеріндегі жерасты суларының пайда болу жолдары» атты тақырыпта докторлық диссертациясын қорғайды. 1960 жылы Гидрогеология және инженерлік геология институтын ұйымдастырушылардың бірі болды. 1962 жылдан осы институттың директоры болды.

Натай Кенесарин 1962 жылы Өзбекстан КСР ҒА-ның корреспондент-мүшесі атанса, ал 1967 жылы «Өзбекстанға еңбегі сіңген геолог» атағына ие болды.

1960 жылы Стокгольм қаласында (Швеция мемлекетінің астанасы) өткен гидрогеологтардың халықаралық ассоциясының симпозиумында баяндама жасайды. 1966 жылы Прага қаласында (Чехословакия) өткен геологтардың халықаралық конгресінің XXII сессиясында баяндама жасаумен бірге, сол конгрестің ұйымдастыру алқасы төрағасының орынбасары болды.

Өзбекстан Ғылым академиясының академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор Өнер Байымбетұлы Жамалов (1912-1974 ж.ж.) Орта Азияда алғашқылардан бірі болып экономика ғылымдарының докторы (1956 ж.) атанды.

Ө.Б.Жамалов 1943-1958 жылдары Орта Азия мемлекеттік университетінің оқытушысы, доценті, профессоры болды. 1958-1971 жылдары Өзбекстан Ғылым академиясының экономика ғылыми-зерттеу институтының директоры лауазымында істейді.

Өнер Жамалов Өзбек энциклопедиясы Бас редакциясының мүшесі, Абу Райхан Беруни атындағы Өзбекстан Мемлекеттік сыйлықтың, КСРО Министрлер Кеңесінің Ғылым және техника жөніндегі лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар комитеттерінің мүшесі болған.

Ол 130-дан астам ғылыми еңбектердің, соның ішінде, 8 үлкен монографияның авторы. 19 ғылыми еңбектердің шығуына жетекшілік және жауапты редакторлық еткен.

Ө.Б.Жамалов Италия (1960 ж.), Швейцария (1963 ж.), Үндістан (1966 ж.), Болгария (1971 ж.), Австрия (1973 ж.) елдерінде өткен халықаралық ғылыми конференциялар мен жиындарға қатысқан.

Өзбекстан жеңіл өнеркәсібінің қалыптасып, дамуына аса үлкен үлес қосқан ғалым, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері, Өзбекстанға еңбегі сіңген ғылым қайраткері Алтынбек Нұралиев (1912-2002 ж.ж.) болды.

А.Нұралиев 1940-1945 жылдары Хорезм өңірінде халық шаруашылығының жауапты жұмыстарында қызмет етті. 1945-1974 жылдары Ташкент мақта тазалау ғылыми-зерттеу институтының үздіксіз 28 жыл директоры болды. 1952-1953 жылдары Өзбек КСР Мақташылық министрінің орынбасары қызметін адал атқарды.

Сондай-ақ қандастарымыз Өзбекстан мәдени өміріне де сүбелі үлес қосып келеді. Өзбекстанда өмір сүріп, шығармашылығымен әйгілі болған, атақты қылқалам шебері, КСРО халық суретшісі, КСРО Көркемсурет академиясының толық мүшесі Орал Тансықбаев (1904-1974 ж.ж.).

Орал Тансықбаевтың шығармалары әлемнің әйгілі сурет көрмелері мен мұражайларында сақталуда. Оның алғашқы туындылары «Көш» (1931 ж.), «Қарақұм ГЭС-індегі таң» Мәскеудегі Шығыс халықтары өнер мұражайында, «Туған өлке» (1951 ж.) Өзбекстан мемлекеттік өнер мұражайында орын алған.

О.Тансықбаевқа 1973 жылы Өзбекстан Мемлекеттік сыйлығы беріледі. Бүгінде Өзбекстан астанасы Ташкент қаласында О.Тансықбаевтың пәтер-мұражайы бар.

Портреттік керамика саласындағы суретші, Өзбекстан халық суретшісі Халықұл Хайдаров (1933 ж.) өзге жерде жүрсе де қазағым деп жүрегі соғатын азамат екендігін таныта білген.

Ол Шымкент қаласындағы Д.А.Қонаев пен Сарыағаш қаласындағы Төле би ескерткіштерінің авторы. Қазақстан мұражайларында керамикалық ыдыстардағы Абай, Жамбыл, Д.А.Қонаев, С.Мұқановтардың бейнелері өнерсүйер қауымды қуанышқа бөлеп келеді.

Қазақстан Республикасының Елтаңбасының авторларының бірі, Өзбекстан Республикасына еңбек сіңірген сәулетші Жандарбек Мәлібекұлы (1942 ж.) сәулетші ретінде алғаш Өзбекстанда танымал болған. Көп жыл Ташкент қаласындағы ғылыми-зерттеу жобалау институтының қала құрылысы шеберханасының жетекшісі болып жұмыс істеді. Ол – Өзбекстандағы ірі қалалар, Ферғанадағы почта үйін, Әндіжан қаласындағы әуежай ғимаратын, Ташкент қаласындағы Төле би атамиздың кесенесіндегі мешітті және басқа да белгілі құрылыстарды тұрғызған сәулетші.

Осы салаларда Өзбекстанда әйгілі болған әкелі-бала монументалист А.А.Бұқарбаев және минатюрист Э.Бұқарбаевтар қызмет етіп жүр [3].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Наримбетов Т. Социально-психологические особенности казахских семей проживающих в Узбекистане. – Ташкент: 2008.
2. Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. – Ташкент: Узбекистон, 1994.
3. Өзбекстан Қазақ зиялылары. – Ташкент: 2002.

НАЛИБАЕВ К.К., ШИРИНБЕКОВА Г.К. ВЫДАЮЩИЕСЯ СЫНОВЬЯ КАЗАХСКОГО НАРОДА В УЗБЕКИСТАНЕ

В данной статье представлен материал, свидетельствующий о большом вкладе казахской диаспоры в общественную жизнь Республики Узбекистан. Ратный труд видных сыновей казахского народа не остался незамеченным, послужив незаменимым примером репутации и чести нашей нации. Они достигли таких успехов благодаря своим личным организаторским способностям, настойчивости и самоотверженности. Такая деятельность, бесспорно, способствует воспитанию молодого поколения, формирует в нем чувство гордости за свою нацию.

Ключевые слова: честность, ораторство, коммунистическая партия, внешняя торговля, каракул.

NALIBAEV K.K., SHIRINBEKOVA G.K. OUTSTANDING SONS OF THE KAZAKH PEOPLE IN UZBEKISTAN

This article presents the great contribution of the Kazakh diaspora into the public life of the Republic of Uzbekistan. The military labor of the prominent Kazakh people was not left unnoticed. But the main merit is that it was an indispensable example of the reputation and honor of our nation. They achieved such success thanks to their personal organizational ability, perseverance and dedication. It is not disputable that this activity will educate the younger generation to be proud of their nation.

Keywords: honesty, oratory, communist party, foreign trade, astrakhan.

УДК 930.2

ПРОБЛЕМЫ ЗАКОНОМЕРНОСТИ И СЛУЧАЙНОСТИ В ИСТОРИИ

МАРИНА Г.А.

В статье рассматриваются проблемы закономерности и случайности в истории, развитие исторической науки по определенным законам, исследование истории как процесса через понятия «настоящее», которое определяет, пронизывает, видоизменяет, понимает прошлое, учится, вживается, раскручивается, проецируется в прошлое, создает современные альтернативные модели исследования через ключевые события и факты. Автор раскрывает процесс развития идеи казуальности, пришедшей на смену провиденциализму в форме представлений о естественных законах истории. Изучается заимствование

«Вечных» законов из естествознания, понимание их как «законов разума», «прогресса» или «абсолютного духа», периоды их развития в общественной жизни.

Ключевые слова: *история, процесс, причинность, противоречие, случайность, возможность, ментальность, реальность, личность в истории, закономерность, альтернативность.*

История как наука развивается по определенным законам и изучает исторические процессы, которые включают следующие понятия: причины, следствия, противоречия, случайности, возможности. С помощью них историк реконструирует историческую реальность, познает человека, определяет закономерности для установления связи между прошлым и настоящим. История всегда на первый план ставила вопрос «почему»? Он всегда возникал после того, когда историк отвечал на такие вопросы: Что произошло? Когда произошло? Как произошло?

Долгое время ученые причинно-следственные связи считали закономерностью, а их отсутствие случайностью. Утверждению такого взгляда является предшествование причины следствию, строго направленный характер его действия, тесная взаимосвязь между ними. Существует другая позиция ученых, по которому причины и следствие считались самостоятельными явлениями[1].

Древнегреческий философ Эпикур и его последователи создали учение о случайности, по которому оно не поддавалась обобщению[2]. Идеи французских и немецких просветителей были направлены против волюнтаристских концепций, которые видели в истории только хаос и случайность, по которому интерпретировались поступки людей, развитие стран, культур[3]. А во взглядах последователей детерменистского подхода были заложены идеи, позволяющие предугадать предшествующие и последующие структуры[4]. Эволюционисты предлагали построение причин и следствий по единому закону[5]. Позитивисты и марксисты предложили идеи причинного объяснения через мотив, которая должна была быть единой для всех наук. Гегелевско-марксистский подход усложняет траекторию прогресса диалектическими скачками и спиралями, содержит эсхатологические идеи финала[6]. Социологи действие исторических законов рассматривают как случайность, а закономерности по их мнению формируются под воздействием социологических законов общества на пространственно-временном уровне[7].

При характеристике эпохальных событий рассматриваются ситуативные причины и долговременные действия. В период мировых войн остановить стремление к войне считалось невозможным и явным. Этому способствовали сформированные в то время стереотипы врага, взаимная

неприязнь, которые не позволяли сделать адекватные решения. Первая мировая война послужила уроком истории. В исторической науке Первая и Вторая мировые войны, кризис политических систем считались причинно обусловленными, но их могло и не быть истории. Поэтому не должны переоцениваться необратимость, законность и необходимость[8].

В науке факты, явления и процессы объясняются особенностью идейно-политических и научных концепций. Если для Шпенглера и Тойнби определяющее развитие – это периоды расцвета и упадка[9], то для марксизма – это классы, нации[10]. С утверждением науки в методологии появилась проблемы причинности и случайности. По мнению Р. Козелека историография раскрывает взаимозависимость процессов и фактов во времени, а значит категория случайности объясняется не как следствие прошлых событий, а наоборот настоящих[11]. Продолжительные дискуссии среди детерменистов и их противников по вопросам закономерности и случайности привело к тому, что последние не признавали возможности выбора человеком, принижая тем самым его роль в истории. По взглядам марксистов история - это целевая деятельность человека, которая со временем нейтрализовалась, поэтому случайность для них проявлялась в исторической необходимости[12].

Детерминисты принимали случайность в форме исторической необходимости и постепенно стали вытеснять за рамки научной истории. По мнению структуралистов за видимой стороной человеческих действий стоят демографические процессы, экономические структуры, ценностные ориентации. Следовательно важные события в истории зависели от структурных изменений, а случайность оставалась аргументом. Случайность и необходимость преподносилась из идейно-политических пристрастий, так как отношение прошлых событий зависели от настоящего, и то что стремились доказать определялась ими как закономерность, и как случайность.

При помощи лакун, проблем в истории стремились обосновать непрочность отношений, но были и те, которые абсолютизировали случайность, индивидуальность, неповторимость[13]. В эпоху Ренессанса в исторических знаниях фортуна символизировала иррациональность истории, символом которого было колесо, которое то поднимает, то сбрасывает людей и власть. Смена понятия фортуна в области политики предполагало искусство угадывания, где широко стала применяться категория случайности. История как совокупность индивидуальных, не поддающихся рациональной оценке однократных причин событий признавалась представителями романтической школы [14].

Антидетерминизм трактует и раскрывает причины истории открыто, предполагает свободу действий человека, ратует за обладание ими политической воли, от которого зависит выбор различных вариантов развития, вместе с тем он ограничен временем, средой, режимом[15].

Представители неподвижной истории» отрицали причинность, искали их не в области политики, экономики, культуры, а в совершенно других сферах и объясняли события медленно текущими процессами. Постмодернисты отказались от случайных объяснений, а историки нового поколения от теории прогресса и исторической необходимости. С их представлением о причинности исчезло представление случайности, тем самым отрицали идеи становления и эволюции. По их взглядам последовательно существуют ситуации, миры и периоды, а воспоминания о вещах становятся ведущей их темой, объективно неполным. Понятие рок и фортуна характерна для досовременной историографии, а новая современная историография в качестве приоритета признала коммуникации, способы общения и передачу информации[16].

Таким образом, дискуссии по различными мировоззренческими теориями ведется до сих пор и отношение ученых к проблемам существования закономерности в истории совершенно разное. В методологическом плане история и ее ход прежде всего опирается на законы. Выше представленные установки повторяют концепции ведущих историков прошлого и настоящего. Теоретически они базируются на отрицании принципа историзма, истории как науки.

Как известно теологическая история в лице христианской истории и ее представителей(Ф.Аквинского, Августина Блаженного, протестантских мыслителей) создали историю, где события носили божественное происхождение. Действовал божественный закон, а случай трактовался божественной волей, как рок, судьба[17]. Поэтому случайность и закономерность теоретически могут по разному объясняться.

Повторение в сходных условиях причин и следствий принимается в истории как закон. По мнению профессора Е.Г. Блосфельд революции и войны являются подтверждением этого тезиса. Как Английская революция ХУП в., так и Французская революция ХУШ в. протекали в разных условиях, но начинали в идентичной ситуации. Революции происходили у некоторых народов раньше, у других позже, у них были случайности, личностные моменты, которые повлияли на эти события. Иногда случайные события могут повлиять на ход событий. Но это незначит, что вся история строится на основе случайных событий[18].

Мы знаем, что законы гибки, с изменением условий меняются и законы. Действуют ли законы во все времена? Историческая память

сохранила сведения по которым результаты деятельности отдельных реформаторов прямо противоположные их намерениям. Причины таких явлений связано с действием пересекаемых друг с другом сил, предусмотреть оторых просто невозможно. Нельзя говорить о неизбежности событий, ибо есть всегда альтернатива и свобода решений. Меняется хоть одно условие и развитие пойдет по другому пути.

ЛИТЕРАТУРА

1. Барг М.А. Шекспир и история. – Москва:Наука, 1979.С.112;
2. Историки античности. В 2-х томах. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007.С.78;
3. Биск И. История исторической мысли в новое время. – Иваново, 1983. С.33-39;
4. Репина Л.П., Зверева В.В., Парамонова М.Ю. История исторического знания. – Москва:Дрофа, 2004. С. 183-185;
5. Биск И. История исторической мысли в новое время. – С.60-64;
6. Репина Л.П., Зверева В.В., Парамонова М.Ю. История исторического знания. –С.228-231;
7. Репина Л.П., Зверева В.В., Парамонова М.Ю. История исторического знания. –С.243--247;
8. Поппер К. Открытое общество и его враги. В 2-х томах. – Москва: Культурная инициатива, 1992, Т.2. С. 101;
9. Гемпель К. Мотивы и охватывающие законы в историческом объяснении // Философия и методология истории. – Иосква: Прогресс, 1977. С.72;
10. Биск И. История исторической мысли в новое время.- С.71-74;
11. Козелек Р. Случайность как последнее прибежище в историографии // THESIS, 1994, вып. 5, С.174-177;
12. Биск И. История исторической мысли в новое время.-С.77;
13. Лотман Ю.М. Культура и взрыв. – Москва: Гнозис, 1992. С.32-34;
14. Поппер К. Открытое общество и его враги. В 2-х томах. – Москва: Культурная инициатива, 1992, Т.2. С.292;
15. Зверева И.Г. Морфология социальной истории. –Москва,ИВИ РАН, 1994. С.40;
16. Стоун Л. Будущее истории//THESIS,1994. Вып. 4, С.166-167;
17. Репина Л.П., Зверева В.В., Парамонова М.Ю. История исторического знания. –С.77-79;
18. Блосфельд Е.Г. Введение в историю. – Волгоград: Перемена, 2015. С. 75-77;

МАРИНА Г.А. ТАРИХТАҒЫ ЗАҢДЫЛЫҚ ПЕН КЕЗДЕЙСОҚТЫҚ МӘСЕЛелЕРІ

Мақала тарихтағы заңдылық пен кездейсоқ мәселелерді, белгілі бір заңдар бойынша тарих ғылымының дамуын, тарихты «қазіргі» ұғымдар арқылы процесс ретінде зерттейді, ол өткенді анықтайды, енеді, түрін өзгертеді, өткенді түсінеді,

оқиды, сығынады, бұралады, өткенге жобаланады, негізгі оқиғалар мен фактілер арқылы зерттеудің заманауи балама үлгілерін жасайды. Тарихтың ұсыныстар түрінде табиғи заңдылықтыры туралы провиденциализмді алмастырған кездейсоқтық дамыту идеясының процесін ашып көрсетеді. Жаратылыстану ғылымдарынан «Мәңгілік» заңдарды тарту, оларды «ақыл заңдары», «прогресс» немесе «абсолютті рух» деп түсіну, олардың қоғамдық өмірдегі даму кезеңдері зерттелген.

Кілт сөздері: тарих, процесс, себеп, қарама-қайшылық, кездейсоқ, мүмкіндік, менталдық, шындық, тарихтағы тұлға, заңдылық, балама.

MARINA G. A. THE PROBLEM OF REGULARITY AND RANDOMNESS IN HISTORY

The article examines the problems of regularity and randomness in History, the development of historical science according to certain laws, the study of History as a process through the concept of "present", which defines, permeates, modifies, understands the past, learns, gets used, unwinds, projects into the past, creates modern alternative models of research through key events and facts. It reveals the process of developing the idea of casualness, which replaced providential analysis in the form of representations of the natural laws of history. Borrowing of "Eternal" laws from natural science is studied as well as understanding them as "laws of the mind", "progress" or "absolute spirit", periods of their development in public life.

Keywords: history, process, causality, contradiction, chance, possibility, mentality, reality, personality in history, regularity, alternative

ӘОЖ 338.43(574.53)

ҚАЗАҚСТАННИҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ДАМУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ТЕМИРОВА Ж.Ж., ОНГАРОВА Г.Т., ЕСКЕРОВА А.С.

Бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі әлем халықтарының азық-түлікке деген сұранысының толық қанағаттандырылмауы, оның жетіспеушілігі мен қауіпсіздігі болып отыр. Сонымен бірге, бұл көрсеткіштердің күннен күнге өсе беруі гажап емес. Мақалада азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері қарастырылған. Қазіргі таңда мақсаттардың жүзеге асырылуы үшін ауыл шаруашылығының жеке секторын қаржылай қамтамасыз ету және келешекте дамуы үшін мемлекеттік реттеу шаралары туралы айтылған.

Кілт сөздер: азық-түлік қауіпсіздігі, ауыл шаруашылығы, қоғамдық шаруашылық, ұлттық қауіпсіздік

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2018 ж. жасаған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауында «Аграрлық саясат еңбек өнімділігін түбегейлі арттыруға ... бағытталуы керек. Ол ең алдымен жаңа технологияларды трансферттеумен және оларды отандық жағдайға бейімдеумен айналысуы қажет...» делінген. Бұл мәселенің шешімі отандық аграрлық кешеннің түбегейлі оң бағытта бет бұруына әкелері және ауылшарушылығының мүмкіндіктері артып, «Қазақстанда жасалған» табиғи азық-түлік брендин қалыптастыруына мүмкіндік береді [1].

Дүниежүзі адам санының күрт өсуі азық-түлікке деген сұранысты және оны қамтамасыз мәселесін айтарлықтай шиеленістіріп отыр. Қазіргі таңда әлемде миллиондаған адам аштыққа ұшырап, миллиардқа жуық халық азық-түлік жетіспеушілігін бастан кешіруде. Олай болса азық-түлік өнімдерін өндіруде революциялық өзгерістер жасамаса, бұл көрсеткіштердің күннен күнге өсе беруі ғажап емес.

Сондықтан мемлекетімізде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету маңызды мәселелердің біріне жатады. Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ерекше орын алатын Қоғамдық шаруашылығы болып есептеледі. Шаруашылықтың аталған санаты ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің үштен екі бөлігін өндіреді, еттің, сүттің және жүннің (65-85%) сонымен қатар картоптың, көкөніс пен жеміс-жидектер өндірісі көлемінің басым бөлігі (85-98%) солардың үлестері.

Қазақстанда «азық-түлік қауіпсіздігі» деген ұғым алғаш ҚР-ның «Астық туралы» заңында көрініс тапқан еді. Онда «Азық-түлік қауіпсіздігі – тұтынудың физиологиялық нормаларын және демографиялық өсуді қанағаттандыру үшін жеткілікті болатын сапалы азық-түлік тауарларына халықтың нақты және экономикалық қол жеткізуін қамтамасыз етуге мемлекеттің қабілетті екендігін білдіретін экономиканың жай-күйі» делінген [2,3,4].

Алайда бүгінгі таңда бұл мақсаттардың жүзеге асырылуы қиын екендігі белгілі. Ауыл шаруашылығының жеке секторын қаржылай қамтамасыз ету және келешекте дамуының мемлекеттік реттеудің түбегейлі шараларын қабылдамай бұл мақсатқа жету мүмкін емес. Біздің ойымызша, индустриалды-инновациялық дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасының аясында жеке шаруашылықтарды орташа көлемдегі құрылымдарға (фермерлік, кооперативтік, серіктестік) жедел қайта құрылымдау бойынша қаржы-экономикалық және шаруашылық механизмдерді құру және енгізу қажет.

Ұсынылып отырған Қоғамдық шаруашылығын фермерлік шаруашылықтарға қайта құрылымдаудың қиындығы мен жеделдігін ескере

отырып, шағын шаруашылықтарды еркімен біріктірумен қатар, кері жағдайлар туындағанда, Заң негізінде қатаң әкімшіліктік шаралар да қолдану керектігін айта кеткен жөн. Мұнда ауыл шаруашылық жерлерінің басты меншік иесі мемлекет болғандықтан, басты тұтқа ретінде әсер етуші де мемлекет деп атап өткен дұрыс.

Қоғамдық шаруашылығын ұсынылған ферма қожалықтарына қайта түрлендірудің қиын екендігін ескере отырып, бұл үрдісті заңды тұрғыдан басқару керектігін де айтамыз. Себебі жеке сектор жалпы өнімнің жартысынан көбін өндірсе де ауыл шаруашылығы өндірісіндегі барлық (94,0млн. га) қолданыстағы жердің 1%-ына ғана (760 мың га) иелік етеді. Қоғамдық шаруашылығымен айналысу үшін 244,5 мың га жер ғана берілген. Ауылдық жерлерде бір үйдің шаруашылығына 26,5 соттық, қалалық жерде 6,7 соттық жер берілген болса, бақташылық пен саяжай шаруашылығы 134,1 мың га жерге ие.

Біріншіден бұл заң, Қоғамдық шаруашылығының ұйымдық-құқықтық мәртебесін анықтауы тиіс, яғни 1998 жылы қабылданып, қызмет етіп келе жатқан Заң негізінде әрекет етуші шаруа қожалықтары мен фермерлік шаруашылықтар арасындағы айырмашылықты нақты бермегендіктен, бұл шаруашылық жүргізуші екі түрдің арасында шатастыру көп болуда. Сол себепті жаңа Заң осылардың ерекшеліктерін анықтауы қажет.

Қазіргі кезде ферма иесі туралы әр түрлі түсініктер бар. Әрекет етуші Заң бойынша, ферма иесі ретінде тек қана сырттан адам жалдаушы, яғни өз отбасы мүшелерінен емес, бөтен адамдардан қызмет етуге алушыны санайды. Егер бұл шарттарды Еуропа елдерінде қолданса, онда мұндай ферма иелерінің саны азайып кетер еді. Себебі олардың барлығының сырттан жұмыс күшін тартуға мүмкіндіктері болмайды. Сол себепті отбасылық фермалар қазіргі кезде Еуропа және әлемдік фермалардың ең кең тараған түрі. Біздің елімізде де орта және ірі үй шаруашылықтарымыз өзінің әлеуметтік-экономикалық мазмұны бойынша фермерлік шаруашылық болып табылады.

Бүгінгі таңда Қоғамдық шаруашылығы тек Азаматтық Кодекспен реттелуде. Қоғамдық шаруашылығы агроөнеркәсіп кешені жүйесінің өндірістік бірлігі ретінде мәртебесі жоқ және кәсіпкерлікке де жатпайды. Сондықтан да олардың мемлекет тарапынан қолдау алуына еш мүмкіндіктері жоқ. Сондай-ақ қазіргі кезде ауыл тұрғындары малдың басының көп бөлігіне ие екендігі баршаға белгілі. Ғылыми-зерттеу институттарының мал шаруашылығы мен жем-шөп өндірісі бойынша қызмет етуші ғалымдарының зерттеуі бойынша елімізде ірі үй шаруашылықтарындағы (1-ден бірнеше мың мал басына ие) мал басы 20%-дан 35%-ға дейін Қоғамдық шаруашылығына тиесілі екен.

Алайда Қоғамдық шаруашылығын анықтап және оларды шаруа қожалықтары немесе жеке кәсіпкерлерге қайта құрылымдауда республика бойынша мал шаруашылығы шаруа қожалықтарының 40%-ы 100 бас қойға ие, ал 16%-ы тек 10 бас қойға ие. Яғни айтатын жайт, қазіргі кездегі көптеген үй шаруашылықтарын фермерлік шаруашылықтарға жатқызуға болады. Қой шаруашылығы бойынша, ең ірілері (500 бастан көбі) тек 18%-ды құрайды.

ҚР-сы Президентінің 2018 жылы 5 қазанда жасаған «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауын бағыты халықтың күнкөріс жағдайы оның табысына байланысты екені белгілі. Америка халқының 2-ақ пайызы, Қазақстан халқының 40 пайызы ауылды жерлерде тұрады. Бірақ сол американың ауылда тұратын 2-ақ пайыз фермері күллі елді азық-түлікпен қамтамасыз етіп отыр» дегені таңқалдырды. АӨК еңбек өнімділігін арттыру және қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімінің экспортын 2022 жылға қарай 2,5 есеге көбейту аталмыш проблеманы шешуге бағытталған үлкен, нақты қадам десек болады. Сонымен қатар жұмыссыздық деңгейін төмендету жағдайында ауыл тұрғындарының табысының негізгі көзі ретіндегі Қоғамдық шаруашылығының дамуы үй бақташылығы мен бақша өсірумен айналысатын, халқы тығыз орналасқан оңтүстік аймақ үшін аса маңызды. Оңтүстік аймақтың Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары республиканың жеке секторының мал және құс шаруашылықтарының 46%-на ие [5].

Екіншіден, қабылданатын Заң жеке шаруашылықтардың Заңда белгіленген шамасында шабындықтар мен жайылымдарды ұзақ мерзімді жалға алу немесе сатып алу жағдайын шешуі тиіс. Сондай-ақ, үй іргесіндегі телімнен бөлек үй шаруашылығының далалы жер үлесі болуы тиіс. Оған жоғарыда айтылған шабындық пен жайылымдар кіреді. Үлестердің берілуі шамасы қазіргіден әлдеқайда көбірек болуы және сол берілген жерде қажетті инфрақұрылым (жол, малдың суарымы және т.б.) жасалуы қарастырылу керек.

Ауылдық жайылымдардағы топырақ құнарлылығының нашарлауымен қатар мал шаруашылығын кері тартатын тағы бір жайт – ауыл шаруашылық жерлерін ретсіз игеру. Негізінен үлкен көлемді ауыл шаруашылығының жайылымдық жерлері ұзақ мерзімді жалға заңды және жеке тұлғаларға берілген. Олар өз кезегінде, сол жалға алған жерлерінде ауыл шаруашылығының ешқандай түрін жүргізбейді, керісінше өздері де сол жерді тағы бір үшінші тұлғаға жалға беріп, жал ақысын табыс көзі ретінде көреді. Бұл жағдай, әлеуметтік теңсіздіктен бөлек, ауыл шаруашылығы өндірісіне инвестиция ағымының келуін кері тартады. Сол себепті ретсіз қолданылған ауыл шаруашылығы жерлерін, жайылымдықтар мен

шабындықтарды да қоса есепке алғандағы көрініс тапқан жағдайларға заңды өзгерістер енгізу қажет.

Қорытындылай келгенде, «Қоғамдық шаруашылығы туралы» заң ТМД елдерінде қабылданып, жүзеге асырылуда. Мысалы, Ресейде сол аталмыш заң арқылы жұтшылықтың жеке қосалқы шаруашылығы шаруашылық жүргізуші басқа санаттар сияқты мемлекеттік қолдаудың барлық түрлеріне ие.

Украинада «Жеке шаруа қожалығы туралы» заң, Беларусь Республикасында «Жеке қосалқы шаруашылық туралы» заң, Өзбекстанда «Дихандар шаруашылығы туралы» заң қабылданған. Украиндық және өзбек шаруашылықтары кәсіпкерлік түріне ие, Ресей және Беларусьсияда ауыл шаруашылығы өнімнің өндірісі мен өндеу бойынша кәсіпкерлік шаруашылық түрінде.

Ресейде бақташылар, бақша иелері, саяжайшылардың «Азаматтардың бақташылық, бақшалық және саяжайлық коммерциялық емес бірлестіктері туралы» деген өз заңы бар. Сондай-ақ, Ресей Федерациясының субъектілерінің өз заңдарын қабылдайтын және федералды заңның ережелерін дамытатын құқықтары бар. Мәселен, Краснодар аймағы территориясындағы Қоғамдық тың жеке қосалқы шаруашылығын мемлекеттік қолдау туралы заң, Тула облысында Тула облысындағы азаматтарға ұсынылатын жер телімдерінің шектеулі көлемі туралы заң қабылданған.

Қоғамдық шаруашылығына қатысты Заңның пісіп жетілген объективті қажеттілігін мемлекеттік реттеудің әртүрлі деңгейіндегі және аймақтардағы көптеген танымал аграрлық сала ғалымдары мен тәжірибешілері айтып отыр. Мысалы, осыған байланысты Қазақстандық ет-сүт кеңесінің Президенті Иван Саур: «Біз барлығымыз статистикалық мәліметтер бойынша еліміздегі барлық малдың 76% Қоғамдық шаруашылығының еншісінде екендігін мойындаймыз. Оны ұстау, бағу, сойысқа әзірлеу ешқандай заңдармен ретелмейді. Мұның бәрі кездейсоқ қалыпты түрде болады. Қоғамдық шаруашылығындағы мал басының көптігін ескере отырып, заңның қажеттігі айқын. Онсыз біз тұрақтылыққа, ветеринарлық қауіпсіздікке қол жеткізе алмаймыз, осыдан келіп азық-түлік қауіпсіздігі де туындайды», – дейді.

Сондай-ақ, Қоғамдық шаруашылығының дамуын агросала дамуының маңызды факторы деп санайтын, ҚР ҰҒА-ның академигі, ауыл шаруашылығы экономисті В.В.Григорук Қоғамдық тың жеке қосалқы шаруашылығы туралы арнайы заң қабылдау қажет деп ұсынады. Ол заңда ғалым жер үлесінің мөлшерлемесін айтарлықтай өсіруді қарастырған және сол арқылы Қоғамдық шаруашылығын шаруашылық жүргізудің кәсіпкерлік емес түрінен кәсіпкерлік түріне қайта құруды үдетете түсетін үрдіс осы деп түсіндіреді.

Айтылғандардың барлығын түйіндеп келгенде, азық-түлік қауіпсіздігі еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Себебі, ешқандай мемлекет халықтың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етпей, елдің саяси-экономикалық және ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуі мүмкін емес. Ал

жоғарыда ұсынылған мәліметтер бойынша азық-түліктің көп бөлігін елімізде Қоғамдық шаруашылығы беріп отырғандығы белгілі болды. Қоғамдық шаруашылығы ауыл шаруашылық саласында шаруашылық жүргізуші санаттардың тек бір түрі ғана емес, сондай-ақ ол ауыл шаруашылығы өнімімен халықты қамтамасыз етуші санат. Осының маңыздылығын жан-жақты негіздей келіп, шаруашылық жүргізудің бұл санатының келешекте қалыпты дамып, қызмет етіп отыруы үшін ғалымдар мен іс жүзінде ауыл шаруашылығында қызмет етіп жүрген азаматтардың ұсыныстарын ескере отырып, Қоғамдық шаруашылығы туралы Заңның қабылдануы қажет деп санаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері», 10 қаңтар 2018ж.
2. ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті. Статистикалық жинақ «Қазақстан Республикасындағы ауыл, орман және балық шаруашылығы, 2011-2015
3. Мырзалиев Б.С., Шінет Г.Ф. Халық шаруашылықтарының жұмыс жасау тиімділігін арттыру – Қазақстанды азық-түлікпен қамтамасыз ету факторы // Аграрлық нарық проблемалары.- №1 қаңтар-наурыз/ 2016ж., 23-27б.
4. Григорук В. «Хозяйство личное – выгода общая// Экономика и статистика. №26 2006, 133-137 б.
5. ҚР-сы Президентінің 2018 жылы 5 – қазанда жасаған«Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауы.

ТЕМИРОВА Ж.Ж., ОНГАРОВА Г.Т., ЕСКЕРОВА А.С. ГЛОБАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОСТОЯНИЯ И РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА КАЗАХСТАНА.

На сегодняшний день одной из актуальных проблем народов мира является недостаток и безопасность качества продовольствия. Вместе с тем, не удивительно, если этот показатель будет расти. В статье рассмотрены вопросы обеспечения продовольственной безопасности. Для реализации целей в настоящее время рассмотрены меры государственного регулирования и финансового обеспечения частного сектора для дальнейшего развития сельского хозяйства.

Ключевые слова: *продовольственная безопасность, сельское хозяйство, общественное хозяйство, национальной безопасности*

TEMIROVA ZH.ZH., ONGAROVA G.T., YESKEROVA A.S. GLOBAL PROBLEMS OF THE MODERN CONDITION AND DEVELOPMENT OF AGRICULTURE IN KAZAKHSTAN.

One of the present worldwide urgent problems is the deficient food supply, its quality and safety. However, it is not surprising that these indicators would provide for the constant growth. The article deals with the issues of food security. Measures of state regulation and financial support of the private sector of agriculture have been discussed for the further development of this sector of national economy.

Keywords: *food safety, agriculture, national economy, national safety*

ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ

ӘОЖ 821(091)

АБАЙДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК ІЛІМІ

ӘЛПХАН М.

Мақалада адамзат ойшылдары сөз етіп келген адамгершілік ілімінің Абай шығармалары арқылы жалғастық табуы қарастырылған. Адамгершілік – басты құндылық пен игілік. Адамгершілік – қоғам мен мемлекет өркениетінің көрсеткіші. Абай – өзіндік толық адам ілімін жасаған ойшыл ақын. Мақалада осы Абай ілімінің теориялық мәні мен практикалық қолданысы жайлы айтылған.

Мақалада адамгершілік ілімінің тарихы мен өзіндік жүйесі баяндалған. Адамгершілік ілімі тақырыптық тұрғыдан ғана емес, ілім, ғылыми таным ретінде танылған. Бұл ілімнің қазіргі замандағы әлеуметтік өзектілігімен өскелең ұрпақ тәрбиесіне өлшеусіз үлес қосарына көбірек көңіл бөлінген.

Кілт сөздер: Аристотель, Этика, Әл-Фараби, жетілу, бақыт, даналық, қайырымдылық, дене, Абай, толық адам, ақыл, қайрат, жүрек, адамгершілік, қоғам, мемлекет, абайтану, ақиқат, білім, тәрбие.

Адамзат ойының алыбы Аристотель жазғандай, адамзат үшін ең әуелгі қажеттілік пен құндылық, бақыт пен байлық – адамгершілік. Мемлекет шаруашылық пен руханияттың түрлі-түрлі саласындағы білімді де білікті мамандар арқылы қуат тауып өркендемек. Мемлекеттің тірегі мен негізі саналар мықты мамандар ең әуелі Абай жырлаған толық адам, жәуанмәртлікті жан, үш сүюді ұстанған қайырымды кісі болмақ керек. Адамзаттың Будда, Конфуций, Сократ, Платон, Аристотель, Плотин, әл-Фараби, ибн-Сина, И.Кант, Л.Толстой, М.Әуезов секілді озық ойлы даналарының бәрі де әсіресе адам болу мен адамгершілікті айрықша дәріптеумен өткен. Осы адамгершілік жайы Абай мұрасының да өзегі мен мәнін құрайды. Абай жырлаған адамгершілік ілімі туған топырағы мен тапқан иесі тұрғысынан қазақтық, ұлттық болғанымен, айтар ақиқаты мен қолданбалы сипаты жағынан адамзаттық мән-мазмұнға ие. Абай шығармаларындағы жаңалықты да мән-маңызы аса зор осы бір ізгі ілім ұлт тәрбиесі мен мемлекет идеологиясына негіз етіп алынар болса, іргелі озық елдердің қатарына қосылуымыз да жедел әрі жемісті болар еді.

Адамзат өмірі мен тұрмысының ең мағыналы да мәнді, қасиетті де киелі биігі – ақыл мен сезім, таным десек, сол адам даналығының алғы сапында әдетте Аристотель, әл-Фараби секілді хакім, данышпан, ойшыл тұлғалар тұрады. Ал ақындарды көбіне қарапайым қауым мен ғалым,

ойшылдардың аралығындағы «ауыл-аймақтан» көреміз. Мәртебесі биіктеу саналатын осы ойшылдар деңгейі мен танымына ақындардың біршама жақындап, тіпті тоғысып қалатын кездері де болады. Абай – сондай ойшылдық танымның деңгейіне жеткен хакім ақын. Абайдың толық адам ілімі – адамгершілік таным аясындағы іргелі мәселе. Адамгершілік жайының Абай шығармаларында біршама басым жырланатыны ақынның немере інісі Кәкітай Ысқақұлы мен абайтану ғылымының негізін қалаушы М.Әуезов және өзге де көзіқарақты кісілер тарапынан айтылып жүретін. Әйтсе де осы адам болу мен адамгершілік жайын Абайдың белгілі бір қалыпқа салып, өзіндік жүйесін тауып, оны ілім мен танымға айналдыра жырлағанын ғалым М.Мырзахметұлы өткен ғасырдың сексенінші жылдарынан бері айқындай, тереңдей танытып келеді. М.Әуезов ақын жайлы өз зерттеулерінде [1] «нравственная личность» деп атап, басын бастап төбесін көрсетіп кеткен іргелі танымды Абайдың өз сөзімен «толық адам» атауымен жан-жақты таратып таныту ізденісі [2] – М.Мырзахметұлының ғылымдағы үлкен ерлігі деп білеміз.

Абай өмірі мен мұрасынан туындатып М.Әуезов айқындап көрсеткен сегіз түрлі проблеманың бірі де бірегейі – Абайдың Шығысқа қатысы туралы мәселе болатын. Бұл мәселе М.Әуезов тарапынан 1934 жылы ерекше құлшыныспен қарастырыла бастаса да, заманның жағдайы мен кезең саясаты осы бір игі істің өрістеп кетуіне мүмкіндік бермеді, қайта қасақана кедергі жасады. М.Мырзахметұлы – М.Әуезов армандап, әйтсе де таратып айта алмай кеткен Абай Шығысы мен адамгершілік ілімін соңғы 40-50 жыл көлемінде жемісті де табысты зерттеген аса көрнекті ғалым. М.Мырзахметұлы ғылыми айналымға ендірген толық адам ілімі арқылы Абай – адамзаттық ақиқатты айта алған санаулы саңлақтардың қатарында танылып жүр. М.Жұмабаевтың оны – хакім Абай деп атауының сыры мен шындығы осылайша белгілі бола бастаған. Абай адамзат баласы үшін ең өзекті мәселе – адамгершілік жайын өзіндік төл ілімге айналдырып жырлады және адамзат ақылы жетіп айта алуы мүмкін ең түпкі іргелі де абсолютті ақиқатты айта алды. Барша гуманитарлық ғылым салалары адамгершілік жайын бұған дейін де ізденіс нысаны етіп келген, сөйтсе де оның Абайдағыдай ақиқат әрі адамзаттық мән-мазмұны ілімдік тұрғыдан танылмаған. Тіпті философтар да Абай шығармаларындағы Алла, адам, адамгершілік, таным жайын анық ақиқат мәнімен жеткізе алмай жүр.

Адам баласы тәні ауырса, дереу дәрігерге көрінеді, ал жаны, ділі дерттеніп, ақыл-ойы, жан-жүрегін күншілдік, қиянатшылдық, арсыздық жаулап алса да, өзін дерттімін, науқаспын деп ойлай бермейді. Тәні кеселденіп ауырған адам көбіне өз басымен қиналса, ал пейіл, ниеті қарауланып қасаңданған, ділі дерттенген адам өзімен қоса, отбасы мен

ортасы, қоғамы мен мемлекетіне де зор залалды болмақ. Тән жарасы кісінің өзіне ғана азапты болса, тексіздік пен тәрбиесіздіктен туатын жан ауруы, яғни қасиетсіздік пен көргенсіздік жан-жағы мен жалпы қоғамға да кеселді кесірін тигізеді. Адамзат қауымы мен қоғамы соңғы кемелділік биігіне ешқашан да жете алмайды. Себебі адамзат Жаратушыдан жеткен қасиетті, киелі рухымен қоса, топырақ тектес жексұрын, жиренішті нәпсінің де иесі. Сондықтан қоғам мен мемлекетке тән емшісі дәрігерлікпен бірге жан мен рухтың азығы – толық адам ілімі де ауадай қажет. Қоғамды құрап жасаушы әрі мемлекеттің қуаты мен құтын арттырып өркениетке жеткізуші – түрлі саланың мамандары болса, сол кәсіп иелерінің ішкі тіні мен ділін, діні мен рухын, қасиетті адамгершілігін арттырып асыл ететін – Абайдың толық адам ілімі болмақ. Қоғам мен мемлекет үшін өз кәсібін жетік білетін білімді, білікті маман ғана емес, сонымен қатар ақылды, ар-ұятты, әділетті адам тәрбиелеп дайындау – аса мәртебелі міндет. Адам өзінің тәні, тұрмысы, күш-қуатымен ғана адам атанбайды, бұлар адам болуда жәрдемші, көмекші ғана. Адам баласы ең әуелі ақыл-ой, адамгершілік қасиеттерімен ардақты да асыл болмысқа айналмақ. Абайдың толық адам ілімі бекзат болмысымыз бен асыл адамдығымызды сақтап қалудың кепілі. Әл-Фараби армандаған қайырымды қала мен Елбасымыз мұрат еткен мәңгілік ел қауымы ең әуелі ауыз толтырып айтарлықтай АДАМ болып алмағы парыз. Абай ілімі арқылы қазақ қауымы рухани сау асыл елге айналмақ.

Толық адам ілімі бүгінгі таңда қалың көпшілік түгілі, зиялымын деген қауымға да түгел танылып болған жоқ. Дін, философия, жантану ілім-ғылымдарының ақиқатын бойына жинақтаған толық адам ілімі терең төркінінен тартып білмесе, өзін оңай көріп, жеңіл санаған астамшыл да үстірт ізденіспен қалаулы нәтиже бере алмайды. Абайдың бұл толық адам ілімі қазақтың, түркілердің ғана емес, барша адамзаттың моральдық кодексі болуға лайық өте іргелі таным. Адамда ақыл-ой мен жан-жүрек және тән қуаты бөлінбес бірлікте орнығып, олардың бәрі де жаратылысымыз үшін бірдей қажетті болғанымен, үшеуінің ортасындағы ең асылы - алдыңғы екеуі, яғни ақыл-ой мен жүректен бастау алар ізгі қасиеттер. Мораль философиясы мен толық адам ілімінің мазмұнын құрайтын бұл жайлар «терең ойдың телміріп соңына ерумен» танылмақ. Толық адам ілімі – жай ғана «ақылды бол», «арлы бол», «адам бол» деген жалаң насихат емес, төркін-тегі, дәстүрлі дамуы, жүйелі де қалыпты мән-мазмұны бар іргелі таным. Ақын ғана емес, хакім Абай осындай іргелі танымды жасауға өз тарапынан елеулі үлес қосқан. Ақын қалыптаған толық адам ілімін жан-жақты зерттеп тану мен ел игілігіне айналдыру – бүгінгі қоғамымыз бен мемлекетіміздің әлеуметтік-рухани мұқтажы мен міндеті деп білеміз. Әсіресе ақша мен пайда, дүние мен байлық «құндылықтары» арсыздана алға шыққан заманда ақыл-ой мен ар-ұят,

имандылықты насихаттайтын бұл ілім бағыт-бағдарымызды дұрыстап, адами асыл қалпымызды сақтап қалмақ. Бүгінде бай мен кедейдің арасы тым алыстап бара жатса да, тұрмысымыз тәуба дейтіндей жағдайда, бірақ мақтанатын, марқаятын халде емеспіз. Қарын тояды, киім бүтінделеді, тұрмыс та жақсарады, адамдар аш қалмау мен жалаңаш жүрмеудің амалын жасайды, тән мен тұрмыстың амалы солайша табылады, бірақ сөйтіп жүріп рухымыз ашығып, діліміз дамымай, адамдығымыз жетілмей қалса, қоғам мен мемлекеттің шын мәніндегі қайырымды қалыпқа көшуі қиындай түспек. Біздіңше, мектептен бастап жоғары оқу орнына дейін жас ұрпаққа тек қана білім, ғылым мәліметін берумен шектелмей, оларда ең әуелі адам болмысын тәрбиелеуді басты назарда ұстау қажет, өйткені бүгінгі бала мен шәкірт, ертеңгі азамат пен маман – бәрі де мәлімет пен нұсқау, қабілет пен дағдының ғана иесі болып қалмай, өзіндік көзқарасы мен ұстанымы, дүниетанымы мен адамдық болмысы бар зор саналы азамат та болмағы керек. Толық адам ілімімен қаруланған ар-ұятты, әділетті, иманды адам ғана өз кәсібі арқылы ел игілігін арттырар ақылды да білімді, мықты маман бола алады. Сонда ғана қоғамдағы түрлі әділетсіздік пен арсыздық, күллі жамандық атаулы азайып, әлсіреп жойылуға бет алады. Тіпті түрлі қызмет бабындағылардың толық адам іліміне негізделген ереже, қалыппен жұмыс жасауы да жөн болады. Бұл – қоғам игілігі мен мемлекет мүддесін ойлаудан туған асыл арман. Қалай болғанда да, кәсібін ғана меңгерген «орындаушы» маманнан адамшылығын ойлаумен жетілу жолында жүретін адам артық. Абай әркез қайталап көп айтатын жан құмары – тән құмарындай «арсыз», ашқарақ емес, керісінше тіршілік иелерінің бірі ретіндегі біздерді «көрсем, білсем, үйренсем» деуменен АДАМ болуға жетелейтін кірпияз әрі нәзік асыл әрекет. Тек адам ғана жан мен тән құмарын қатар алып жүреді, ал айуанда адамдағыдай жан құмары жоқ, олар «ішсем, жесем, ұйықтасам» дейтін тән құмарымен ғана тіршілік етеді. Осындай іргелі ұғымдарды тәптіштеп танытатын Абайды ақын ғана емес, сонымен бірге ғылыми таным мен асыл ақиқатты өлең арқылы жеткізуші ойшыл хакім деп бағалауға бейіміз. Ақын армандаған толық адам тәні, дені сау, ақыл-ойы жетік, әділет, рақым, мейірімі мол жан болуға тиіс. Қайрат арқылы танылатын тән қуаты айуанда да бар. Содан да Абай адамда ғана бар ақыл мен сезім, таным жайын дәріптеуге көбірек көңіл бөледі:

Малда да бар жан мен тән,

Ақыл, сезім болмаса.

Тіршіліктің несі сән,

Тереңге бет қоймаса [3.227].

Абай айтатын «малда да бар жан мен тән» – айуан секілді әйтеуір тірі жүріп күнелтуді танытады, ал адам «тіршілігінің сәні» мен мәні, қызығы мен қуанышы – «тереңге бет қоятын ақылы мен сезімі», яғни өзі мен әлемді

танып-біліп, ар-ұят, әділет жолымен жүріп АДАМ болу. Абайдың толық адам ілімі дәл осы Алла жолы – адам болу мен адамгершілікті жүйелі насихаттап танытады. Біздер Алланың рухынан үлес болып жеткен ақыл-ой мен ізгілік жолында жүрумен ғана адам болып қалатынымызды ұмытпауға тиіспіз. Абайдың толық адам танымы – кісі қайткен күнде аты мен затына сай қасиетті, қадірлі болады деген ой-толғаныстан туған. Ол – адам жаратылысы мен болмысының түгелдігі мен толықтығын әрі кемелділігін танытады. Яғни адам жаратылысы мен болмысы – қайраты (тәні), ақыл-ойы мен жүрегі (жаны, қайырымдылығы) түгел болғанда ғана толық әрі кемел саналады.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі «жақсы» демек.
...Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек [3.95].

Адам баласының өз болмысына сай адам бола бастауы әуелі ақылы мен қайраты арқылы жүзеге асады да, жүректен бастау алатын ізгі қасиеттерімен кемелденіп толық адамға айналады:

Қайрат пен ақыл жол табар
Қашқанға да қуғанға.
Әділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға [3.162].

Әділет пен шапқат – жүректен шығатын жүрекке қатысты ізгі қасиеттер. Негізі, адамгершілік болмыс «малда да бар жан мен тән» сипатындағы қайраттан (тән) бөлек ақыл мен жүрекке қатысты танымдық, қайырымдылық қасиеттер арқылы қалыптасып толығыады, кемеліне келеді. Абай ойы ұлылар айтқан аталы ақиқатпен ғажап үндесіп жатады. Бұрынғы-соңғы ойшылдар айтуында, адамның өз жаратылысына сай кемелденуі екі бағытта жүзеге асады. Әл-Фараби оның алғашқысын даналық пен таным, ал екіншісін ізгілік пен қайырымдылық деп атайды да, кісілік кемелдікті жанның жетілуі түрінде былайша танытады: «... дене жан үшін өмір сүреді, ал жан мінсіз жетілгендік үшін, яғни қайырымдылық болып табылатын бақыт үшін өмір сүреді, демек жан даналық пен қайырымдылық үшін өмір сүреді» [4.288]. Әл-Фарабидің осы ойы – оның өзінен кейінгі ізбасарларының көбіне бағыт-бағдар берер құбылнама іспетті болды. Ғұлама ойын Абай да ұстанғанын көреміз. Әл-Фараби түйіні мен Абай ойы бір-бірінен алшақ кетпейді, қайта ортақ ақиқатты танытады. Әл-Фараби сөзіндегі «дене», «даналық», «қайырымдылық» «жетілу» ұғымдарынан – Абай жырлаған «қайрат», «ақыл», «жүрек» қасиеттері арқылы жетіле келіп толық адамға айналуы ұққандай боламыз.

Толық адам ілімі – Абайдың өзіне дейінгі адамгершілік іліміне сүйеніп тапқан, жасаған төл танымы. Абай ілімінде адам болмысына қатысты ең іргелі, абсолютті ақиқат айтылған. Өмір мен ғылымның әр-әр саласында ақиқатқа жетпеген, ақиқатқа айналмаған шикі пайымдаулар мен шала шындықтар жетерлік. Абай ілімінде дін мен сопылық, философия мен ғылымның мәлімет, қағидалары кешенді түрде түгел қамтылып көрініс тапқан. Бәрінің де «илегені бір терінің пұшпағы» екені айқындалған. Абайдағы толық адам ілімі – қайратты көмекші, жәрдемші етумен ақыл арқылы жетіле береді. Адамгершілік мәселесі Абайда толық адам ілімі арқылы құбылыс сипатында көрініп, арадағы жәуанмәртлікті өткел етіп, ең түпкі мәні махаббат пен әділет, ізгілік пен сүйеге, яғни жүректің басты қасиеті үш сүйю, иманигүлге дейін дамып ұштала береді. Абайда толық адамның мәні мен негізіне бет алған, үңіле түскен белгілі бір жүйе бар. Сол жүйенің жетіле келіп жеткен биігі мен шыңы – сүйю, яғни иманигүл. Өмірде пенде сүйетін қызықтар өте көп болса да, Абай өзі түйіндеп жырлаған иманигүл, үш сүйю арқылы оқырмандарын Алла мен адамзатты және әділетті сүйеге шақырған. Бұл – Абайдағы адамгершілік ілімінің шыңы. Абайдағы толық адам – тәнімен де, жанымен де жетілудің шыңына жетіп, кемеліне келген адам. Қоғам көркеюінің кепілі мен алғышарты – ондағы әрбір жеке адамның ақылды, арлы, әділетті, ынсапты болуы. Сонда ғана қауымдағы осындай абзал адамдардан сапалы да мықты мамандар дайындалып, олар өз кезегінде қоғам мен мемлекет ісін қайырымды да қасиетті қалыпта жүргізеді, нәтижесінде амал мен айла бастаған алдау мен арбау, ашкөздік пен жемқорлық, жауыздық пен қиянаттың жолы кесіліп тиылады. Міне осындай мақсат пен міндеттерді көздеген толық адам ілімі қоғамымыз бен ондағы барша оқушы, тыңдаушы, студент шәкірттерге, сондай-ақ өмірін мәнді, болмысын ардақты етуді қалаған күллі қауымға адамгершілік оқулығындай игілікті болмақ.

Тәуелсіз Қазақстанның барлық орта, жоғары оқу орындарында адамгершілік пәні – толық адам, жәуанмәртлік (түркілік адамгершілік ілімі) сабағы жүргізілер болса, бүгінгі шәкірттер мен болашақ мамандардың Абай айтқандай, көкірек көзі ашылып, адамдық қасиеттері арта бермек. Нәтижесінде толық адам ілімі арқылы адамдық болмысымыз бен әрекетіміз толыса түспек. Шәкәрім ақын жазғандай, «осы дүниеде көзге ілінбейтін кішкентай жандылардан бастап адамдарға шейін бәрі өзі һәм нәсілдерінің жақсылықта болып өсіп-өнуіне қам қылады. Мұны – «барлық таласы» дейді. Бұл жаратылыстың берік жолы... Ақыл қарауындағы адам толығы барша адамға бақ іздеген болады» [5.6]. Ендеше «тіршілік» пен «барлық таласы» жолындағы даналық пен қайырымдылық әрекетімізді толық адам болып жасағанымыз жөн.

Абайтану пәні Қазақ Мемлекеттік университеті қазақ филологиясы студенттеріне 1942 жылы ең алғаш М.Әуезов тарапынан арнайы курс ретінде өтіле бастаған. Сол игі дәстүрдің жаңа кезеңдегі жалғастық табуының көрінісі ретінде 2008 жылы Абай атындағы ҚазҰПУ-де «Абайтану» ғылыми-зерттеу орталығы ашылып, университеттегі барлық мамандықтардың бірінші курс студенттеріне «Абайтану» пәні бүгінге дейін өтіліп келеді. Осы бастама руханиятқа басымдық берген жаңашыл ректорымыз Д.Қожамжарованың байыпты шешімімен ОҚМУ қабырғасында да жалғастық тауып, өткен жылдың қыркүйек айынан бастап университеттегі барлық мамандық студенттері «Абайтану» сабағы арқылы ақын Абайдың ойшылдық, хакімдік болмысымен танысып, ақиқат пен адамгершілік өнегесін меңгеруде. Абай дүниетанымы мен оның өзіндік толық адам ілімін танып білу, оны ел игілігіне айналдыру – қазақ руханияты мен ғылымының кезек күттірмейтін зор міндеті. Осы міндеттің орындалуымен қоғам келбеті көркейіп, мемлекет мәртебесі де арта түспек.

Өткен ғасырдың отызыншы жылдары М.Әуезов атап көрсеткеніндей, Абайдың телегей теңіз танымы Шығыстық қайнар көздің мол қоры арқылы қалыптасқан. Абайдағы желілі де жүйелі адамгершілік ілімі – толық адам, жәуанмәртлік, үш сүю ұғым, танымдары арқылы жас ұрпақтың санасы мен жүрегіне сіңіріле бермегі – уақыт пен заман талабы. Абайдағы адамгершілік ілімі бұрынғы-соңғы ойшылдар айтқан іргелі ақиқатпен терең үндесіп дамыған. Абай қазақтың Шыңғыстау өңірінен шығып, адамзаттық ақиқатты айта алған ғажайып тұлға.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. XX том. Алматы: Жазушы, 1985. – 496 б.
2. Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. Алматы: Ғылым. 1982. – 296 б.
3. Абай (Ибраһим Құнанбаев). Екі томдық шығармалар жинағы. I том. Алматы: Жазушы, 1986. – 304 б.
4. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. Алматы: Ғылым. 1975. – 455 б.
5. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Үш анық. Алматы: «Қазақстан» және «Ғақлия» ғылыми-әдеби орталығы. 1991. – 80 б.

АЛИПХАН М. УЧЕНИЯ О ПРАВСТВЕННОСТИ АБАЯ

В статье на основе произведений Абая рассматриваются вопросы учения о нравственности, поднятые мировыми философами-мыслителями. Нравственность – это самая главная ценность и достояние. Нравственность – показатель цивилизованности общества и государства. Абай – мыслитель, который создал

учение о полноценном (совершенном) человеке. В статье рассматриваются вопросы теоретического значения и практического применения учения Абая.

В статье говорится об истории происхождения категории «нравственное учение» и его системы. Понятие «человечность» рассматривается не только в тематическом аспекте, но и как учение, научное познание. В наше время своей социальной актуальностью данное учение оказывает огромное влияние на воспитание подрастающего поколения.

Ключевые слова: Аристотель, этика, аль-Фараби, совершенство, счастье, мудрость, милосердие, тело, Абай, совершенный человек, разум, смелость, сердце, нравственность, общество, государство, абаеведение, истина, образование, воспитание.

ALIPKHAN M. ABAY'S MORAL DOCTRINE

The article on the basis of Abay's works discusses the issues of the doctrine of morality raised by the world philosophers-thinkers. Morality is the most important value and asset. Morality is an indicator of the civilized society and the state. Abay as a thinker created the doctrine of the perfect man. The article deals with the theoretical significance and practical application of Abay's teaching.

The article deals with the history of the origin of the category "moral doctrine" and its system. The concept of "humanity" is considered not only in the thematic aspect, but also as a teaching, scientific cognition. Nowadays, the Abay's doctrine influences the education of the younger generation with its social relevance greatly.

Keywords: Aristotle, ethics, al-Farabi, perfection, happiness, wisdom, mercy, body, Abay, perfect man, mind, courage, heart, morality, society, state, Abay studies, truth, education.

ӘОЖ 811.512.122'366.552

ТОПОНИМДЕРДІҢ КУМУЛЯТИВТІК ҚЫЗМЕТІ (Махмуд Қашқари сөздігі бойынша)

ЖҮНІСОВА М.А.

Мақаланың негізгі нысаны – ХІ ғасырда хатқа Махмуд Қашқари бабамыз жазып қалдырған, ХІІІ ғасырда қайта көшірілген жазба ескерткішіміз «Түркі тілдерінің сөздігі» қолжазбасындағы жер-су атауларын жинақталып, жиналған тілдік материалдардың негізінде топонимдік атаулардың кумулятивтік қызметтері талданды. Әрбір топонимикалық атау – тарихтың табы сіңген нысаналы белгісі. Қашқари сөздігіндегі топонимикалық атауларды анықтап, олардың кумулятивтік қызметін анықтау – мақаламыздың мақсаты болды. Қазақ тілімінің жаңа бағыттарының бірі когнитивтік тіл білімінде кумуляция, топонимдердің

кумулятивтік қызметі мәселелері ұлттық тіліміздегі жер-су атаулары тұрғысынан қарастырылғанымен жеке бір жазба ескерткіш тіліндегі материалдарды нысан етіп талданған емес. Тіл білімі салаларының ішінде танымдық тіл біліміндегі топонимикалық атаулардың кумулятивтік қызметін зерттеу қазіргі қазақ тіл білімі үшін өзекті деп танымыз.

Кілт сөздер: *топоним, топонимика, топонимдік атаулар немесе жер-су атаулары, кумулятивтік қызмет, когнитивтік парадигма.*

Туған өлкеміздің төсінде талай атаулар елдің санасында қалып, ғасырлар бойы сол атау арқылы Ұлы Даламыздың сай-саласының тарихын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келе жатқан ерекше құбылысты, атаулар туралы ғылымды ономастика ғылымы дейміз.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстан тарихы да жеке жұрнақтарымен емес, тұтастай қалпында қазіргі заманауи ғылым тұрғысынан қарағанда түсінікті болуға тиіс» [1]. Тақырыбымыздың өзектілігі осыдан барып шығады.

Қазақ халқы жаз жайлауға, қыс қыстауға көшіп дегендей, өзінің туған жеріндегі жер қыртысының қасиет-киесін жастайынан бойына сіңіріп өскен ұрпақты тәрбиелеген. Жер-су атауларының сырын ұғып, оның белгі ретінде қолданып қана қоймай, түркі жұртының ұлы перзенті, алғаш рет картография саласында түркі картасын сызып көрсеткен, орта ғасырдың данышпан ғалымы Махмуд әл-Қашқари бабамыздың «Диуани лұғат-ит түрк» сөздігіндегі *топонимдік атаулар* мақаламыздың зерттеу нысаны болып отыр.

Топонимдердің *кумулятивтік қызметі* деген не? Ол туралы ғалымдар қандай пікірлер білдірді десек, тілдің кумулятивтік қызметі жөнінде Қ. Жұбанов былай деген екен: «Тіл – адамзат тарихының қоймасы тәрізді. Жердің тарихын білем дегендерге белгілі бір тәртіппен бірінің үстіне бірі орналасқан қатарлар арқылы із қалдырып, жердің геологиялық дамуының кезеңдерін көрсететін жер қабаттары тәрізді тілдің де әрбір кезеңі даму тәртібіне сай тілде қаланып, қалыптасып сақталады» [2].

Ал, академик Ә.Т. Қайдар: «Язык прежде всего связан с духовной и материальной культурой данного этнического коллектива, и поэтому постоянное внимание этимолога к этнокультурной перспективе исследования, апелляция к этнографическому фону и материальной основе языка и т.д. имеют важное значение для этимолога. Дело в том, что историческое модели словообразования и мотивы номинации национальных реалий так или иначе отражают в себе миропонимание этого народа, его многовековой опыт в оценке объективных явлений, его мировоззрение, мифологические, религиозные, идеологические, этические и эстетические и другие представления об окружающей действительности» – тұжырымдап,

ұғымның аты туралы: «Әрбір дәуірде өмірге қажет болған ұғымдардың аты-жөні, әр-сипаты т.б. тіл фактілері арқылы ғана бізге жетуі мүмкін», – деп көрсетеді [3, 260-261].

Ғұлама ойшыл Платон «Кратил» атты философиялық еңбегінде: «Белгілі бір затқа танылған атаулардың көмегімен қоршаған ортаны тану танымдық құрылымның төменгі сатысын ғана құрайды, ал бұл жүйенің ең жоғарғы сатысы тілдік құрылымдар арқылы көрініс табады» [4, 56].

Ізденуші Ж.Жампейісова өзінің «Ақ, қара концептілерінің кумулятивтік қызметі» атты мақаласында лексикалық бірліктердің кумулятивтік қызметін сөз еткен. Жер-су атауларының кумулятивтік қызметіне арналған осы зерттеуімізде тілдің даму тарихында Қашқари ескерткіші қолжазбасы арқылы XI ғасырда қолданылған жер-су атауларындағы осы қызмет пен мағынаның мәніне үңілу мақсатын көрсетеді.

Кумулятивтік қызметі арқылы тілдің даму тарихында сақталып қалған тілдік деректердің мифтік мазмұнын сана мен тіл сабақтастығында зерттеу этномәдениет саласында жаңа өрістер ашуға, ұлттық танымдық негіздерді анықтауға мүмкіндік береді. Себебі әрбір ұлт өз тілінің дамуына үлес қоса отырып, өздері де сол тілмен біте қайнасып кетеді.

Топонимнің кумулятивтік қызметі дегеніміз – бұл адамзат өмірі тәжірибесін және қоршаған ортаны вербальды түрде тілдік айналымда көрсету. Себебі, топоним құнды мәліметтерді жинап, сақтап, келешек ұрпақтарға өсиет ретінде жеткізеді. Топономияны барлық қазақ топонимдерінің лексикалық негізін құрайтын жалқы географиялық атаулар мен географиялық апеллятивтік лексика жиынтығы ретінде қарастырсақ, ол өзінде топонимнің кумулятивтік қызметі арқылы сан алуан тарихи-мәдени мәліметтерді сақтайды.

Қазақ топонимдерінің кумулятивтік қызметін сипаттау кезінде мынандай жайларға назар аудару қажет: талданатын топонимдердің семантикасында орын алған тарихи – мәдени, этноәлеуметтік факторлар; қазақтардың тілдік санасындағы топономиялық кеңістіктің берілу аспектілері. Егер қазақ топонимдерінің номинативтік қызметін сипаттап берген кезде жалқы географиялық атаулар, негізінен, «адам – тіл – географиялық орта» өзара байланыстары тұрғысынан қарастырылса, топонимдердің кумулятивтік қызметін «адам – (ойлау) – тіл – мәдениет /қоғам» арасындағы байланыстарды зерттейді немесе басқаша айтқанда, топонимдердің тілдік санада қолданылуы болып табылады. Тілдің кумулятивтік қызметін зерттеуге деген мұндай көзқарас тілді, тілдік құрылым мен бірліктерді когнитивтік парадигмада зерттеуге қатысты.

Ұ.Ержанова «Ұлттық топонимдердің кумулятивтік қызметі» атты мақаласында мынандай пікір айтады: «Ұлттық топонимия қазақ елінің этникалық шекаралары, халықтың ертедегі көші-қон бағыттары, жеріміздің отарлануы сияқты маңызды мәселелерден мәлімет бере алады».

Жер-су атауларында кездесетін құнды мәліметтер арқылы ата-бабларымыздың материалдық және әлеуметтік тұрмыс-тіршілігінің сипатын анықтаймыз. Топонимдердің тіл тарихы, әсіресе сөздік құрам тарихы мен сөз тудыру тарихы үшін үлкен маңызы бар, қолданыстан қалып, ұмытыла бастаған сөздер өз тіршілігін географиялық атаулар құрамында жалғастыра алады. Осының барлығы топонимдердің кумулятивтік қызметінің тіл тарихында ерекше рөл атқаратындығын көрсетеді. Олай болса, ұлттық топонимдер жүйесі де халықтың этникалық құрамы, материалдық, рухани мәдениеті, азаматтық тарихы жөнінде аса мол деректер беретіні сөзсіз.

Топонимдердің кумулятивтік қызметі арқылы жалпы топонимиялық материалдарда тарихи-мәдени, этноәлеуметтік (идеологиялық) мәлімет қалыптасып сақталады; сондықтан топонимияны ақпараттық күрделі семиотикалық жүйедегі мәдениет ретінде қарастырсақ болады.

Осылайша қазақ топонимдерінің ментальдік мәні олардың кумулятивтік қызметімен анықталады. Бұл қызметтің басты механизмі – мәліметтерді бекіту, жинау (аккумуляция) және басқаларға жеткізу (трансляция).

Кумуляция - (лат. *simulatio* — ұлғайту, жинақтау) — жарылғыш заттың арнайы формадағы зарядының жарылыс нәтижесін күшейтетін әсері. Конустық немесе сфералық формадағы жарылғыш заттың зарядында кумулятивтік әсер пайда болады. Жарылыс кезінде қысым күрт ұлғаяды да, от алу процесі тездейді.

Кумуляция (от средневекового лат. *simulatio* - скопление), накопление в организме и суммирование действия некоторых лекарственных веществ и ядов; может привести к отравлению.

Мақаламыздың дереккөзі ұстазым, профессор Әрсен Ибатовтың тәржімалауымен жарық көрген «Түбі бір түркі тілі» кітабында берілген топонимикалық атаулар.

«Түркі халықтарының мекен-жайлары мен тау-теңіздері» деп аталатын бөліміндегі жердің аттары:

Ақсай – бір жердің аты.

Ақтәрәк – Яғма елінің Ила өзеніндегі өткел.

Узуканд – Арғу еліндегі шаһар.

Арғу – екі таудың арасы. Осы сөзден алынып, Тираз (Талас) бен Баласағұнның аралығындағы шаһарлар да Арғу деп аталады. Себебі олардың барлығы екі таудың арасына салынған.

Канд – кент, шаһар. Қашқар шаһары Ордакент деп аталады. Бұл Хан тұратын орда – астана деген ұғымды білдіреді. Шаһардың ауасы таза болғандықтан, Афрасияп сонда тұрған. Бұл шаһар төменгі Шыңға жатады. Канд – Оғыздар мен оларға жақын жерлерде жасайтын халықтардың тілінде Ауыл деген сөз. Түркі халықтарының көпшілік тілінде Шаһар. Ферғана шаһарына Өзканд деп ат қойылған. Бұл Өз шаһарымыз деген мағананы білдіреді. Үлкен болғандықтан, Сәмізканд деп аталатын шаһарды парсылар Самарқанд дейді. (Қазір Қызылорда болысы, Жаңақорған ауданы, Өзгент ауылы бар – мәліметті берген - Ж.М.)

Талас – Тираз деген атпен машһүр болған екі шаһар. Біріншісі Улуғ Талас–Үлкен Талас, мұсылмандардың шекарасына орналасқан. Екіншісі Қәми Талас – Кіші Талас деп аталады.

Балық – Исламаяттан бұрынғы Түрк және ұйғыр елдеріндегі Шаһар деген сөз. Сондықтан Ұйғырлардың үлкен шаһарларының бірі Бишбалық – Бес шаһар деп аталады. Ұйғырдың тағы бір шаһары Яныбалық – Жаңа шаһар деп аталады.

Ташқан – Шаша шаһары. Әсілі Ташканд – Тас шаһар болатын. Әбубәкір әл-Қаффал әл-Шаши осы шаһарда туып-өскен.

Кашмир – Түркі елдерінің шетіне орналасқан шаһар. Тәңір жарылқаған Сүлеймен пайғамбар салдырған.

Манқышлағ – Оғыз еліндегі бір жер.

Суғнақ – оғыз шаһары.

Қарнақ – оғыз шаһары.

Қарачук – Оғыздың Фараб шаһарының жанама аты.

Самарқанд – Сәмізкәнд, Шаш – Ташканд деп аталатындары сияқты Өзканд, Тунканд деген атаулар да бар. Бұл шаһарлардың барлығының аттары түрікше шаһар мағынасындағы Канд сөзі қосылып аталған. Түріктер бұл шаһарларды салып, өздері ат қойған. Сол аттар қазірге дейін қолданылып келеді. Бұл жерлерде парсылар көбейгеннен кейін олар араб шаһарларына ұқсап қалған. Қазір бүкіл Түркі елінің шекарасы Абискүн (Каспий) теңізінен айналып, Рұм елі мен Өзкенттен Шыңға дейін созылады. Ұзындығы сегіз мың персах.

Самарқанд атауы күні – бүгінге дейін қолданылып келеді. Түріктер бұл шаһарды өздері салып, өздері ат қойған. Бір қызығы бұл атауды Қазақстан жерінен де кездестіруге болады. Бұрындары, Теміртау қаласының тарихында 1905 жылы Нұра өзенінің сол жағалауында *Самарадан жіберілген крестьяндардың* қоныс тебуіне байланысты *Самарқанд* атауы бар. Ең алғашқы атауы *Жауыр* деп аталған болса, кейін Самарқанд деп өзгертілген. Йамар суы, Йамур сөздері де қолжазбада сақталған. Ол осы *Жауыр* дегенге келеді.

Манкент – Қашқарға жақын шаһар; жойылып кеткен.

Сайрам – Исбижаб аталатын Байза шаһарының қосымша аты. Сайрам деп те аталады. Қарасәңгір – Барсығандағы бір жер.

Хытай – Жоғарғы Шын.

Камаланжу – Іккіөкүзге жақын кішкентай шаһар.

Шу – Баласағұнға жақын шаһар.

Барсған –Афрасияптың ұлы Барсған салдырған шаһар. Бұл Махмудтың атасы (Құсайынның әкесі Мұхаммет) туған шаһар» [5].

Жоғарыдағы атаулар орта ғасырда шаһар аталып, бар болса, қазір де солай бар, атаулардың барлығы баршамызға белгілі. Осы нысандар түрлі тілдік және тарихи мәселелердің куәсі болып қана қоймай, кумулятивтік қызметі арқылы сан алуан тарихи-мәдени мәліметтер сақталған. Басқа да топонимдерді мақала көлемі көтермегендіктен, әрі бірден түсіне алмайтындықтан, арнайы этимологиялық талдаулар арқылы болашақта жариялап, жан-жақты қарастырамыз.

Ә.Қайдар: «...Қазақстан топырағындағы географиялық атаулардың «дертке» ұшырауының себеп-салдарын, таралу шеңберін айқындаған жөн», – дейді [6,149].

«Алғашқы қауымдық қоғамда туыстық атаулармен қатар табиғат, жан-жануар атаулары ғана болған болса меншік пайда бола бастаған кезеңнен географиялық, шаруашылық және қоғамдық атаулар өмірге келген. Одан соңғы кезеңде қоғамдық атаулар саяси мәнге ие болып саяси құрлымдық атауларға ұласты» [7,78].

«Кумулятивная функция состоит в том, что именно в языке накапливается опыт, традиции, уклад жизни того или иного народа, приобретенные им за долгие годы существования. В центре внимания ученых – исследование гносеологической функции языка, в частности один ее план – накопительная (кумулятивная) функция слова, «которое вмещает в себя и хранит знания о действительности»» [8, 228].

Махмуд Қашқари сөздігінен жинақталған жоғарыда көрсетілген топонимдерге қатысты тарихи-мәдени немесе археологиялық деректердің қай-қайсысы болса да, осы күнгі тіліміздегі этимологиялық тілдік білімнің толыға түсуіне, кейінгі ұрпаққа мән-мағыналық жағынан түсінікті бола түсуіне игі әсер ететінін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Ұлы Даланың жеті қыры <https://aikyn.kz/2018/11/21/73794.html>.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1966. 362б.
3. Қайдар Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. –Алматы, 1998. 260-261б.

4. Платон. Письма-М., 1972.-Т 5.-С.343.
5. Түбі бір түркі тілі. Тәржімалаған Ибатов Ә., Қ.Бекетаев. Алматы: Ана тілі, 1993.192 б.
6. Қайдар Ә. Атамекен атауларындағы «ақтандақтар» // Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 148–157 бб.
7. Жартын Н. Байырғы түріктердің атау жасау ерекшеліктері мен әдіс-тәсілдері // Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті. Хабаршысы Филология сериясы. 2013. №4. 78 б.
8. Беляев А.Н. Топонимы как источник историко-лингвистической и культурологической информации: монография / А.Н. Беляев; науч. ред. Н.З. Мурясов. - Москва; Берлин: Директ-Медиа, 2018. – 395 с.

**ЖУНИСОВА М.А. КУМУЛЯТИВНАЯ ФУНКЦИЯ ТОПОНИМОВ
(ПО МАТЕРИАЛОМ СЛОВАРЯ М.КАШГАРИ)**

Основным объектом статьи является кумулятивная функция топонимов в словаре письменного памятника XI века, созданного нашим предком Махмудом Кашгари в рукописи «Словарь тюркских языков», переписанным в XIII веке. На основе собранных языковых материалов были определены кумулятивные функции топонимических наименований. Каждое топонимическое название является легендарной историей того века. Целью данной статьи было выявление топонимических имен в словаре Кашгари и раскрытие их кумулятивной функции. Одним из новых направлений казахской лингвистики является когнитивная лингвистика.

Ключевые слова: *топонимы, топонимические имена, названия местности, кумулятивная функция, когнитивная парадигма.*

**ZHUNISSOVA M.A. CUMULATIVE FUNCTION OF TOPONYMS
(BASED ON THE MATERIAL OF THE M. KASHGARI'S DICTIONARY)**

The article is focused at the cumulative function of toponyms in the dictionary of a written monument of the 11th century, created by our ancestor Mahmoud Kashgari in the manuscript “Dictionary of Turkic Languages”, which was renovated in the 13th century. Based on the collected language materials, the cumulative functions of toponymic names were determined. Each place name is a legendary story of that century. The purpose of our article was to identify toponymic names in the Kashgar dictionary and to reveal their cumulative function. One of the new directions of Kazakh linguistics is cognitive linguistics.

Keywords: *toponyms, toponyms, toponymic or locality names, cumulative function, cognitive paradigm.*

ӘОЖ 811.512.122'373.21

«ТҮМЕН» СӨЗІНІҢ ШЫҒУ ТӨРКІНІ

ЖҮНІСОВА М.А., ӘДІЛЕТҰЛЫ Ы.

Мақаланың негізгі мақсаты – тұман//түмен өздерінің этимологиялық шығу тегін анықтау. Ғылыми нысанға алған сөз – тұман//түмен. Мақаланың өзектілігі -ман//мен жұрнағы арқылы тұ//тү түбірлерінің бастапқыда басқаша қолданылғанын қытай тіліндегі тілдік материалдар арқылы дәлелдеу. Ол үшін осы түбірмен кездесетін қазақ тіліндегі тілдік фактілердің құрамындағы моносиллабтық, дисиллабтық түбірлер тізбектеп жиналды. Түн сөзі арқылы түтін сөзінің мағынасы қара деп тану, -ман жұрнағының заттық ұғымда жұмсалатынын анықтай түсіп, тіліміздегі көптеген сөздердің лексикалық қатар құруына негіз болғанын айтады.

Кілт сөздер: сөз төркіні, этимология, түп-төркін, дербес мағына, түпкі негізі, өзек түбірі, моносиллабизм (бір буынды), дисиллабизм (қос буынды).

Түмен//тұман сөздерінің сыртқы қалып ұқсастығы аздап келіңкірегенмен бүгінгі таңда лексикалық қатарлары бөлек, екі бағытта жұмсалатын сөздер. Алайда, ілкідегі бастау қайнары бір лексика-грамматикалық түбірлерден өніп шыққан. Оны сөздің өне бойындағы құбылыстардың даму үрдісінен байқауға болады.

Бұл сөз алтай тілдерінде *түмен* – сансыз көп, қыруар. Кейбір түркі тілдерінде «сансыз, он мың 10000» деген мағынада айтылады. Дәл осы мағынада парсы тілінде *туман* – он мың (*он тайпа*) [1, 86]. Монғол тілінде *тумон*. Қырғыз тіліндегісі жайында В. Катаринский «сансыз, көп» дегеннің орнына қолданылатындығын айтады [2, 38]. Тіліміздегі *түмен* сөзімен келетін адам аттары: Түменбай//Тұманбай, Түменов. Бір қызығы қазақша этимологиялық сөздікте «бірдің кесірі мыңға, мыңның кесірі түменге» деген мақалды көрсетіп, «өз алдына дербес қолданылмайтындығын» жазған [3, 197-198].

Қытай тіліндегі айтылуы *ме-те* болатын көне түркі тіліндегі *богатыр* «батыр» және қытайшадағы *тео-ман* болып аталатын сөздің көне түркі тілінде *тұман* «түтін, тұман» есімдері болғаны болжануда [4, 40]. Түмен/Тұман – ежелден-ақ көне түркі тілінен қытай тіліне енген сөз. Шығыс түрік қағанаты көп ғасырлық қытайлармен тығыз қарым-қатынасы түркілік кейбір сөздердің қытай тілінің акцентіне орай фонетикалық бұрмаланып енуіне негіз болды. Осының салдарынан қазіргі шығыстағы бірсыпыра

топонимдер мен сол жердегі ертеден тұрғылықты көне түркілік этникалық бөлшектердің этнонимдерін қытайлық тілдік бірлік деп тануымызға әкеліп соқты. Қытай тілінің бүгіндегі әскери-саяси саладағы терминдерінің өзі көне түркі тілінен қалыптасқан. Түркі тілінің бір тармағы болып табылатын тамырлас жапон тілінде бұл сөз *тап* – *он мың*, кейде *таппен* – *он мың жыл* (сан есім) тұлғасында жұмсалады [5, 351]. Яғни, түркілікке тән *түмен//он мың* сөзін бір ғана *тап* тұлғасымен беруі – бұл сөздің әуелдегі мағынасын антропоэекті ұғымнан алатындығына тілдік нақты факті ретінде кепіл бола алады. Бірақ, сөз тұлғасын түбір формасынан бастап қараған жөн.

Түмен деп көне түркілер «*он мың адам/әскер*» – сандық жиынтық атауын біртұтас атаған. Сан мөлшерімен берілетін адамға қатысты ұғымды *ман/мен* жұрнағымен жасалған бір ғана тұлғамен көрсеткен. Бастапқы түбір қызметін атқарып тұрған *тү* (<ті/ты/ді/ды/дү/де) – көне түркі тілінің лексикалық қорындағы жеке бірліктермен қатар, этноним, антропоним сөз жасауға өте қабілетті негізгі түбір. Көнедегі дербес мағынасы ұмытылып қазірде кейбір бірліктердің жасалуына түбір негіз болып сақталған. Мысалға, бірыңғай *тіл//мін//дін//дің* көне *тү/мі* түбірінен дамыған бүгіндегі семантикасы «өзектік» мән беретін дербес мағыналық тұлғалар. Ең көне түркілік сәл болар-болмас дыбыстық варианттылық *тү/мі* түбірі даму барысында бір ғана *н/л* гомогенді дыбысымен көпсалалы ұғымдық семантикалар жасап шығарған. *Тіл//Дін//Діл* сөздерінің танымдағы ұғым-ұйытқысы адам баласының бір сөзбен айтқанда «фундаменталді жаратылысын» өзектеп негіздейтін семантикаға ие. Бұл сөздердің ұғымдарын тек лингвофилософиялық көлемде семантикасын түсіндіре аламыз. Жалпы бір түбірмен келетін бұл тұлғалар адам танымында әуелден ерекше мән беретінін білеміз. Біртекті түбірлермен келетін әрі тұлғалық қалыптары да фонетикалық жағынан аздап ажыратылатыны болмаса ұп-ұқсас сөздер адамзат атаулының танымындағы ертеден орныққан концептілер болып саналады. Бір түбірден шыққан ерекше концептілердің түркілік екенін тану үшін осы түбірлерден дамыған басқа да тұлғалардың семантикасын зерделеуімізді қажет етеді. *Тү* түбірінен өрістеген *түн//түс//түр//түк//түн//түбіт//түзім//түлкі//түйе//түсім //түсік//түкірік* т.б көптеген моносиллаб, дисиллабтар, тіпті үш-төрт буынды тұлғалар әр мағыналық қатардағы сөздер боп табылады. Бұлардың барлығы тілдің лексика-грамматикалық дамуының жемістері. Жоғарыдағы ерекше концептілерді қалыптасуына негіз болған *тү/мі* түбірінен *Тін//Дін* «түп-өзектік» семантиканы танытатын моносиллабтар. *Тү* түбірінен *түн//түбір* > этнонимдік дәрежедегі *түрік/түркі* (<*түрқұт*) сөзі де осы актив түбірдің дамуынан жасалған. Сонда *тін/түн/дін/ түркі* сөздерінің ең негізгі «түптік-өзектік» семантиканы білдіреді. «*Тін, дін*» деп қандай да бір өсімдіктің өніп

шыққан іргетасы – өзегін айтады. «Түн» сөзінің лексика-семантикасы түсінікті болар. «Түптік-өзектік» семантиканың шеңбері «алғашқы, бастапқы» дейтін ұғымдарды да негіздейді. Осыған орай көне тү/ті түбірі «бірінші, алғашқы, әуелгі» деген мағынаны берген болуы керек. «Түркі» деп адамзат баласының ең бірінші атасын атаған семантикада жұмсалған. Өлем кеңістігінде этноним болып бағзыдан тез орнығуы да сөздің ұғым-төркінінің қуатынан. Көптеген әдебиеттерде «түбі бір түркі» деп тегіннен-тегін айтылмаса керек-ті. «Төркін» демекші бұл сөздің де ұғым-семантикасы «түптік-өзектік», қазіргі күнде «алғашқы шығу ортасы» дегенді танытады. «Түп-төркін» деген тіркес те бар. Сонда көне тү ~ ті ~ тө ~ тү сингормониялық вариантты біртекті түбірлері ертеде дербес тұлға болып жұмсалып «алғашқы, бастапқы, әуелі» деген ұғым-мағынаны берген. «Тұңғыш» сөзінің ұғымын жасаған да осы түбір. Англо-саксондық тілдерде «бірінші, алғашқы» деген мағынаны **first** деп білдіреді. *First* – оқылуы *фөрст* (кейде *фүрст*), түбірі *фө/фөр* – түркілік *тү/төр* түбірінің басқа тіл тобындағы көне семантикасы сақталып жеткен «*m/φ*» фонетикалық құбылысты ап-айқын көрінісі. **Two** (оқылуы *тү*) ағылшын тіліндегі *екі* деген сандық көрсеткішті білдіреді. Ал, осы біртекті түбірлермен келетін әртүрлі мағыналық қатардағы басқа да тұлғалар лексика-грамматикалық дамудың жемісі. Мәселен, Түн – жарықсыз, қараңғы жерді, мезгілді атайды.

Түн сөзінен дамып, көне түбірдің екі рет қайталануынан соған жақын басқа затты атауға көшкен түтүн (жазылуында: түтін) қазіргі күндегі мағынасы: отынның отқа жануынан пайда болған ыс, ауада ұшатын қалдық. Бұл сөздің лексикалық дамуындағы туынды мағынасына жатады. Көнедегі мағынасы бөлек, бірақ қазіргі мағынасы сол негізде соны сипаттаудан, жанамаланып қалыптасудан қалған. Түтүн – баяғыдан жеткен көне түркінің ең жетекші тұлғасы. Жаугершілік дәстүрде қалың әскер мен көпшілік адамдарды «түтүн» деп атаған. Ал, жаугершілік-далалық мәдениетте көп адам топтасқан жердегі отыннан ұшқан ыс-қалдықты атау осы бастапқы адам мәніне негіздеп айтатын түтүн сөзінен орныққан болуы керек. Өйткені, түтүн сөзінің түн ұғымына орайлас қара түсті білдіретін бейнелі семантикаға ие. Осы күндегі кісі, адам сөзін «қара» деп те атау ұғым дәстүрі бар, әдеби тілде «аластан қара көрінді» деген тіркеспен қашық жердегі адам не басқа да зат атаулыға қаратыла қолданылады. Көбіне адамға/адамдарға қатысты «қара» деп атайтыны тым ертеден қалыптасқан түтүн ұғымынан өрбіген болса керек. Демек, бүгіндегі ыс, қалдық мағынасын көрсететін лексикалық қабаты көне кісі, адам ұғымын беретін қабатынан туындап шыққан. Қазіргі лексикалық этабында осы қабатты (ыс, қалдық) көрсетумен ғана шектелген.

Түтүн сөзінің көнедегі кісі, адам ұғымын танытқан лексикалық этабында, бұнымен қатар түмен сөзі қолданылған. Көне «тү» түбірімен

түркілік болатын «ман» сөзінің бірігуімен жасалып, «ман» түбір сингормондық табиғатына сай «мен» болып айтылған. «мен» тұлғасының өзі «ман» сөзінің варианты болады. «Түмен» мен «түтүн» тұлғаларына бір түбір негіз болып, адам, кісі ұғымын танытатын ортақтығы болғанмен, екі сөздің лексика-семантикалық шеңбері бірдей емес. «Түмен» жаугершілік жағдайындағы әскери басқару дала заңына орай он мың сандық әскерлер/адамдар жиынтық мағынасын таныту үшін лайықталған бірбүтін сөз. Яғни, көне «тү» түбіріне «ман» элементінің бірігуімен жасалған тұлғаға адам, кісі ұғымын монологтап кіргізген. Сонда, тұлғадағы «тү» түбірінен гөрі «ман» сөзінің семантикалық қуаты күшті болып, жалпы сөздің мағыналық болмысын адам/адамдарға қатысты ұғымға түгелімен бағдарлаған. Оны жапон тіліндегі *mannen* нұсқасы да айғақтап тұр. Түркі лексикасындағы тү түбірімен түркі тілдеріндегі лексиконында жасалуында «ман» элементінің төл түркілік болуын дәлелдей түседі. Жалпы, «түмен» сөзі ертедегі жаугершіл халықтың лексикалық қорындағы бір кезеңде дала заңында қолданылған оның ішінде әскери саласындағы термині. Көне түркіден бері қарай бұл сөз жаңа түркі кезеңінде: түркі-қазақ ареалында, жаңа жаугершілік уақыттағы қазақ далалық лексикалық тілінде де алдыңғы XIX ғасырға дейін қолданыста болған. Одан бергі кезеңдерде әлеуметтік өзгерістердің салдарынан қолданыстан мүлдем шығып қалды. Тек тарихи әдеби жазба тілде аз-аздап ұшырасады. Түтүн (<түтін) сөзі түмен сөзінің орнына да жұмсалған лексикалық кезеңі болды. Тіптен, алғашқы әскери құрылыста түмен ұғымымен қатар қолданылып, адам/адамдар семантикасын беруде бірге қызмет атқарған. Алайда, түтүн тұлғасының өне бойында нақты антропоэзектік мән жүктейтін элемент болмағандықтан, кейде «он мың түтүн» деп қолданыла бастады. Осының салдарынан түтүн сөзі әскери термин ретіндегі қызметінен сырғып, жай қарапайым көшпелілерді де, көп адам топтасқан ортаны немесе ауылды да түтүн деп атау белең алған. Жаңадан шаңырақ көтерген жас отбасыны да «түтүн түтетті» деп атаса, бір адамның алыстағы бейнесін тұлғаландыратын семантиканы да көрсеткен. Тіпті, адамнан басқа заттың «актуалды рөлін» «түтүн//қара» ұғымымен беріп отырды. Немесе бір оқиғаның басталуын «түтүн шықты, түтүн көтерілді, түтүн көрсетті» деп анықтап отырған. Бұл тіркестер жаугершілік әскери салада да қолданыста болған. Алайда, тұлғаның өн бойында антропоэзектік ұғым нақты элементтен болмағандықтан, әлеуметтік-лексикалық кезеңдерде өзге мағыналық қатарларды көрсете бастауы заңдылық. Ал, түмен ұғымының өн бойында антропоэзектік мән нақты семантикалы элементтен болғандықтан өз мағынасынан ешқашан ауытқымайды. Қолданылым баспалдақтарында «түмен» сөзі тарихи процес жүйесінде жетекші бірлік болып қалыптасып, нақты айтқанымызда араб тілінен енген *гаскер/әскер*

терминінің түркілік баламасы ретінде орныққан, әскер сөзінің адам ұғымын беретінін кезінде А. Махмұтов та айтып кеткен [3, 29]. Бұдан аңғартынымыз түмен сөзінің өткен лексикалық этаптарында бір ғана ұғымдық тұрақты мағынаны көрсетіп келген.

Түмен ~ *тұман* сәйкестігі анық көрінеді. «ү ~ ұ, е ~ а» болмашы фонетикалық айырмашылық сөздердің мағыналық бағытын екіге айырған. Негізінде тұман ұғымы көне түмен сөзінің лексикалық шеңберінен бөлініп шыққан мағына – синонимдік қатар болуы әбден ықтимал. Тұман – бүгіндегі беретін мағынасы, табиғат құбылысының белгілі бір мезгіл не күйін, көрінісін атайды – күн көзінің көрінбей, ауа қысымының ылғалдылығынан пайда болатын бу. *Тұман* сөзінің этимологиясы жайында айтатын қанықты мәліметіміз жоқ. Тек тұлғаның дәл түмен құрылысындағыдай көне тү/тұ/ті түбірімен «ман» сөзінің бірігуінен екенін көреміз. Түмен сөзінің көне түркі тілдерінде, басқа тілдерде болмасын *туман* деп айтылатынын жоғарыда байқадық. Негізі түмен тұлға мағынасынан тұман сөзінің мағыналық қабатының қалыптасуына дейінгі лексикалық үрдісте бірнеше қат-қабат парадигмалар тілдік қорда қалыптасып әрқайсысы өзіне бөлек лексикалық жол салған болуы да мүмкін. Өйткені, тіліміздегі, және бірқатар түркі тілдеріне ортақ түйме, түйе, төбе, түндік, түндік, төмен, түнем, түйрем, түзем, түйім/дүйім, төмпек, тілім т.б барлығына ортақ *тү/тұ/ті* түбірі мен екі сөзге де ортақ *м,н,е,ө,й,і* элементтері соның анық дәлелі. Көне түркілердің тарихында (сақтардың әйел патшасы) *Тұмар* дейтін патшайымның есімі аталады. Өзге елдің елдің тарихтарында, атап айтқанда басқа тілдік ареалдарда Томирис деп кездеседі. Көне түркілік антропонимнің тұлғасы сол кезеңнің өзінде қолданылған түмен//тұман тұлғаларымен абсолют жуықтайды. *Тұмар* сөзінің өзі бүгіндегі қазақтардың тілдік танымында да ерекше концептілік қасиетке ие. Тарихи аспектіде *Тұмар* патшайымның өз әскерлерін түмен/тұман атамауы мүмкін емес. Мүмкін патшайым есімі қол астындағы әскерлерінің көптігінен осы түмен сөзінен пайда болған да шығар. Ол тек жорамалмен ғана айта аламыз. Этнонимдік қабаты бар түмен сөзінің антропоним де бола алуы ықтимал нәрсе. Немесе түмен, тұман сөздері жеке антропонимнен пайда болған. Ондайды талай тарихи дәлелдерден анық куә болып келеміз. Мысалға, ноғай, керей, уақ т.б этнонимдер жеке-жеке антропонимдерден қалыптасқан. Бұл ықтималдылық жағынан біз тек болжалдық қабілетімізбен тоқтаймыз. Дегенмен де, тұман мен түмен тұлғаларының *тұмар* антропониміне қатысы бар болу керек. *Түмен/тұман/тұмар* біртектес тұлғаларды бір-бірінен ажырататын фонетика-лексикалық қыры. Бұл жерде тұман сөзі ғана антропоэктігінен алшақтаған. Басында антропоэктік мағынада болып кейін соның шет мағынасын беретін ұғымға айналған, түмен сөзінен өрбіген *түтүн* < *түтін* ұғымының семантикалық шеңберіндегі бір мағыналық қабатты сақтап қалған сөз. Даму, өзгеру өзегін моноантропонимдік «түмен» сөзінен алады. Анық дәлелдеріміздің бірі көне түркі тіліндегі бұл тұлғалар славян тілінде де солай өзгертілмей айтылады. Мысалға, орыс тіліне көне түркіден енген: *туман*,

тьма, тень сөздері жоғарыда дәйектеген *түмен* сөзінен өрістеген «*түн, тұман, түтүн//қара*» сөздерінің өзге тілдегі көрінісі. «Он мың» сандық мөлшерін білдіретін түмен сөзі орыс тіліндегі көрінісі: *десять, тыся*ч тұлғаларына негіз болып тұрған көне түркілік түбір *тү/тұ/ті/тө>ді/ды/дү/де* қатарына жататын *ты/де* түбірі. Сол сияқты, көне түркі сөзі *теңге* сөзі *деньги* – түркілік *тең/дең* қытай тіліндегі көрінісі *тян* (жарық) көне монотиллабтарының басқа тіл топтарына еніп көптеген тұлғаларды жасап шығаруына негіз болған. Мұндай мысалдарды көптеп келтіре беруге болады. Бұлардан дәлелдейтініміз – әлемдегі біршама тіл топтарында көне түркілік іздер молынан ұшырасатыны байқалады.

Қорытындылай келгенімізде, түмен көне түркі тілінің ең жетекші бірлігі. Кейбір ғалымдар монғолдық сөзге жатқызып, XI-XIII ғасырдағы монғол этнонимінің тарих сахнасына шығу кезеңімен, сол кезеңдік тілдік ортамен байланыстырған. Әрине, ол кезеңдегі Шыңғыс хан бастаған тайпалар тілінде де *түмен* сөзі актив қолданылған. Ол кездегі монғол аталған халықтың өзін түркі екенін мойындауымыз қажет, басқа тілдік фактілер тұрғысынан да дәлелдеріміз жеткілікті. Әзірше, бұл жайында нақты басқа тақырыбымызда қозғаймыз.

Әлем билеген түркі ата-бабалар далалық берік заңымен қыруар әскер жасақтап дүниені жаулағанда «түмен» деп *он мың әскер* ұжымын атаса, түмен құрылымын құрайтын мыңдықтарды «мың» деп атаған. Бұл сөздің жапон тілінде бүтіндей *тап* деп берілуі жапон тармағын түркі тамырынан шыққандығын дәйекті тілдік факті ретінде аламыз. Яғни, тарихи «ман» сөзі түркі лексиконында пайда болғанын негіздей түседі. Бұл жағын әлі бірнеше тақырыбымызда көрсетуге міндеттіміз. Түркілік «мың» сөзінің өзі ман сөзінің төл варианты болып саналады. Жоғарғы талдауларымызда «тү» түбірінің көне мағынасы «алғашқы, бастапқы, бірінші» дегенді көрсеттік. Түмен тұлғасындағы ман элементінің семантикалық қуатын айттық. Осыдан шығатын өзек мағына «алғашқы адамдар, алғашқы әскер» дегенді білдірсе керек. Көне түбір *түркі, түп, түбір* сөздеріне де тегіннен-тегін негіз болмаған. Әйгілі ғалым Ә. Қайдар тіл біліміне енгізген «*түбі бір түріктің – түбірі де бір*» деген тіркесі біздің этимологиямыздың маңызын негіздейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Перс-рус. Словарь. М., 1960 г. с 86
2. Грамматика киргизского языка. 1898г. с 38
3. Қазак тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі, Алматы. 1966ж. 29, 197-198.
4. Акар Ә. Түркі тілінің тарихы. – Алматы. «Елтаным». 2017. – 406
5. Лаврентьев Б. Японский-русский словарь. Москва. 1984г. с351

ZHUNISSOVA M.A., ADILETULY I., ETYMOLOGY OF THE WORD "TUMEN"

The article is aimed at the definition of the etymological origin of the word tuman (fog) // Tyumen. The word received by the scientist is fog // tumen. The relevance of the article is a comparison with the linguistic materials of the Chinese language, which were originally used in different ways - man / men / fog // tumen // and / or root tu // tu. For this

purpose, the authors have collected single-syllable, two-syllable roots in the linguistic facts of the Kazakh language that correspond to this root. The word tutin (smoke) in the word night means that black is the essence of the word, which is the basis for the lexical construction of some words in our language.

Keywords: *word genesis, etymology, word etymology, autonomous meaning, root base, root root, monosyllabism, disyllabism.*

ЖУНИСОВА М.А., АДІЛЕТУЛЫ Ы. ЭТИМОЛОГИЯ СЛОВА «ТУМЕН»

Основная цель статьи - определить этимологическое происхождение тумана // Тюмень. Слово, полученное ученым, – туман // тумен. Актуальность статьи – сопоставление с языковыми материалами китайского языка, изначально по-разному используемыми ман/мен/туман // тумен // и / или корень ту //ту. Для этой цели авторы собрали однослоговые, двухсловные корни в языковых фактах казахского языка, соответствующие этому корню. Слово тутин (дым) в слове ночь означает, что черный – это сущность слова, которая является основой для лексической конструкции некоторых слов в нашем языке.

Ключевые слова: *генезис слова, этимология, этимон слова, автономное значение, основание корня, корень корня, моносиллабизм, дисиллабизм.*

УДК 392

МАТЕРИАЛЬНАЯ И ДУХОВНАЯ КУЛЬТУРА КАРАЧАЕВО-БАЛКАРЦЕВ

(на материале концепции кавказского «дома»)

КУЧУКОВА З.А.

В статье рассматривается зависимость человека от окружающей среды. Автор на примере концепта кавказского «дома» раскрывает, что в жизни горца, связанной с условиями бытования, многое обусловлено горами, и его жилище, сакля, представляет собой единое целое с природой. В труде раскрывается значение деталей жилища горца – скальная стена, чердак, очаг, очажная цепь, которые сыграли большую роль в формировании материальной и духовной культуры народов Северного Кавказа, на протяжении столетий выработавших высокие нравственные ценности, позволившие им сохранить свои традиции и обычаи. Учёный в своём исследовании отмечает, что тот ли иной обычай карачаево-балкарцев произошёл неслучайно, а является следствием их духовной зрелости.

Ключевые слова: *кавказский дом, сакля, очажная цепь, жилище, сакральный, духовная культура.*

Георгий Гачев в «Литературной газеты» в одном из интервью (2004 г., № 18), говоря о зависимости этнокультуры от естественных обстоятельств, строит интересную классификацию, представляющую соотношения между разными типами предметов, то есть «юрта – это жизнь в животном, изба – в дереве, сакля – в камне и вот модели мира кочевника, земледельца и горца» [13, с. 11]. Словосочетание балкарская или горская архитектура до сих пор вызывает чувство сомнения, колебания вследствие невозможности понять в чём дело, поскольку слово «архитектура» у многих привычно ассоциируется со строениями древнего Египета и евро-атлантическими храмами и зданиями, но не с домами горцев на Кавказе. Заниженная оценка балкарца архитектурных достоинств саклей зафиксирована в воспоминаниях учёного из Москвы, который записал, что услышал он от старого строителя саклей на свои вопросы о своеобразии горских домов: «Много сюда людей приходило, сказки записывали, песни наши, а вот как мы дома строим, ты первый спрашиваешь» [3, с. 4].

Неповторимая книга «Архитектура балкарского народного жилища», напечатанная в 1993 г. в Москве, вызвала у многих сильное впечатление, особенно у самих балкарцев. Эммануил Бенционович Бернштейн – московский архитектор и художник – в конце 30-х гг. двадцатого столетия всесторонне исследовал традиционное балкарское жилище и подготовил проект книги с собственными иллюстрациями и комментариями. Готовая книга более полувека пролежала в ящике стола автора. Великая Отечественная война, депортация и другие объективные причины задержали выход книги в свет. Издатели труда считают, что важной научной ценностью книги является то, что представленный в нём материал о духовной и материальной культуре «восполняет недостающие страницы всеобщей истории архитектуры» [3, с. 8].

Во введении Бернштейн высказал мысль о точном соответствии балкарского жилища структуре и жизнедеятельности организмов: «по этим строениям, по обнажённости их конструкции и ясности планировочной структуры, по слитности их с окружающей природой, из которой, казалось, они выросли, можно было представить со всей очевидностью, как выглядело самое «детство» архитектурно-строительной деятельности человечества, когда жилище уже не было всего лишь укрытием вроде пещеры, но ещё не стало объектом сознательного художественного творчества» [3, с. 4]. Исследователь выдвигает на первое место эстетическую ценность жилища в горах, главное достоинство которого составляет не «узорочье», не внешние привлекательные части, а в «совершенстве пропорций», «выразительности конструкций», «ритме расстановки столбов», «соотношении размера очага ко всему пространству жилища», являющегося следствием «природного чутья»

и «гармонического вкуса строителя» [3, с. 6]. Необходимо отметить, что здесь уместен термин «геометрическая символизация» [12, с. 262], обозначающий семантическую нагруженность фигур.

Между птичьим гнездом и балкарской саклей наблюдаем сходство, она близка к солнцу. Это чётко выразил Е. Баранов: «Дворы расположены по скатам отлогого холма и по карнизам отрывистых скал, так что на путника они с первого взгляда на них производят впечатление скорее орлиных гнёзд, чем человеческих жилищ» [1, с. 3]. Слово – представитель в национальную ментальность, где обнаруживается явная тождественность в балкарском наречии смыслов, близких по значению, «юй (уй) – дом и «юйя (уйя) – место житья птиц, их тождество в полном соответствии зафиксировалось и в словесной тождественности.

Балкарское жилище стоит на горе, значит его корни – это корни горы, придающие ему полную устойчивость, надёжность, укоренённость. Ещё большее ощущение сращенности с наклонной поверхностью горы сакле придаёт обычная склонность горца «строить так, чтобы заднюю стену жилища составил вертикальный срез скалы, как наиболее надёжная опора для перекрытия. Слово человек ещё не решился окончательно оторваться от той среды, которая была для него привычна, когда жилищем являлась пещера, найденная или вырубленная в массиве самой скалы» [3, с. 5]. Расположение у отвесной скалы стены играет большую роль в жизни балкарцев, то есть является самой почётной стороной жилья, где располагаются старейшие члены семьи и гости, а в языке обозначается как «тёр» (в пер. с тюркского – почётное место).

У многих народов мира, в том числе и у русских, есть выражение «иметь крышу над головой», заключающее в себе скрытую тождественность, выразительное сближение понятий на основе их метафоричности иметь жилище, что предохраняет от опасностей. Балкарцу же иносказательным предметом «дома» является очажный камень. Горское выражение: «Ай бир тыпыр ташым болгъа эди!» (был бы у меня хотя бы камень очага!), – является скрытой тождественностью, которое выражает мысль горного жителя о жилище, в противоположность обитателям леса или равнины, которые желают иметь «крышу над головой». Значение жилья в балкарском понятии подчёркивается тем, что представление горца «жениться» (юйленирге), в буквальном значении – «одомиться» происходит из значения слова «дом» – «юй (уй).

Чердак в жилье балкарца имеет большое значение, однако при этом круг его деятельности отличен от смыслов других национальных традиций. Вместо хранилища грёз, где «старые вещи навсегда притягивают к себе детскую душу» [2, с. 105], имеется небесная площадка, откуда балкарец

беседует со вселенной: ночью – со звёздами и луной, днём – с солнцем. Наверно, потому у всех горских народов художественное мышление выражающее связь между отдельными представлениями, при которой одно из представлений вызывает другое, преобладает над целесообразным мышлением, отличающимся преобладанием рассудка над чувством. Интересная образная интерпретация двойственной природы понятия «чердак» обнаруживается в стихах специального переселенца-поэта М. Мокаева, написанных в годы депортации в Казахстане – «На чердаке» [5, с. 363], и «Почему я сплю на чердаке» [5, с. 364]. Чердак – это и мифологический материал, и почва для образования нового значения. Так, лирический герой образом «чердака» отмечает идею духовного возрождения, восхождения, воспарения над правилами специальной комендатуры.

Священным, организующим центром дома является «очаг» (слово тюркского происхождения: от «жага» – место огня), получившим конкретное вещественное выражение в виде печи, камина или костра. Обычай сакрализации огня идёт с древнейшей времён приручения его. Установленный порядок обрядовых действий вызван широко распространённым понятием о небесном появлении огня. В легендах и сказаниях многих народов огонь представляется как первоначальное имущество богов, его умыкнул просветлённый бог для удовлетворения потребностей человека. Появление огня в легендах одних этносов неразрывно связано с Солнцем: «Люди отбили от него кусочек и так получили огонь» [10, с. 239]. В сказаниях других народов, например, у балкарцев, преобладает довод того, что появление огня связано со сверхъестественными силами, космическими светилами. Звёздно-солнечная теория утверждает, что огонь, являясь прообразом солнца (звёзд), стимулирует жизнь, он обладает благотворной силой, благоприятствуя всему живому. Английский учёный Дж. Фрээр называет один из принципов магии, восприимчивой к влиянию: склонность людей разжигать огонь, который существует с давних пор. Он заключает, что человек инстинктивно чувствует, что «можно аккумулировать энергию солнца и обеспечить необходимый запас солнечного света» [15, с. 599].

Придаёт огню комплекс смыслов именно человек, значительное место среди них считается очистительная деятельность пламени. Человек твёрдо верить в истинность того, что огонь «истребляет все вредные элементы материального и духовного порядка, угрожающие жизни людей, животных и растений» [15, с. 599]. Исследователи отмечают, что в основе такой веры «лежат реальные факты: огонь и особенно дым костра и очага помогал людям освобождать жильё от всякого рода паразитов – гнуса, мошкары, комаров, москитов» [14, с. 38]. Разного рода табу являются общими для культуры

многих народов, оно основано на предрассудках, в связи с чем «в огонь нельзя плевать, мочиться, бросать нечистоты» [12, с. 38]. Исследуя роль огня в жизни, З. Кудиева заметила, что у древних адыгов «во всех случаях, когда на огне приготавлилась пища, обязательным был ритуал жертвоприношения огню – отдавание доли огню» [7, с. 87]. Волшебным знаком наполнен весь производный образец огня: искра, угли, головешка, зола, дым, фейерверк и т.п.

Легенды и сказания о пламени объединяют его явления созидания и разрушения, то есть в мифах отражается, что огонь имеет двойную натуру: становится источником жизни, если его верно применить, но несёт с собой смерть в злых руках. Исследование «родословия» огня, вывело интересное явление: по сказочным представлениям почти всех народов, Бог, одарив людей основными частями мира (вода, земля, воздух), сделал для огня то, что не подходит под общее правило, огонь самовольно украдено человеком. Из чего можно прийти к заключению, что можно говорить не только о повышенной возможности угрозы огня, но и о не соответствующей степени развитости нравственного сознания людей разрушительной силе огня, когда разум не может ещё направлять его деятельность. Такая двойственность огня в некоторых легендах объясняется существующего с самого начала его распадом на огонь божественный и огонь из преисподней. На небесном огне, который является очищающей силой и исполняет желания, горят жертвоприношения; из огня, вырвавшемся из ада, возникают пожары.

Х. Малкондуев подчёркивает, что начало этнокультурных знаний – «художественная словесность, где нашли яркое отражение история и судьба нашего народа последних шести столетий» [9, с. 3]. В выводе фольклориста отмечается двойственность огня, определённая ещё в далёкие времена:

Жылытхан да – от, И греет нас огонь,
Улутхан да – от.И плакать заставляет нас огонь.

От дегенинг – ит кирик:Огонь похож на собаку,

Бирде жалар, бирде талар. Может лизнуть, может растерзать [4, с. 16].

Очаг означает, что огонь является послушным, созидующим. Наличие теонима Тепена, придаваемое огню (очагу) в карачаево-балкарских обычаях, обозначающего Мать Огня, имеет важное значение. Учёные, занимающиеся исследованием материальной и духовной культуры народов, особенностей их быта, отмечают, что «пожилые люди в честь особого семейного торжества, например, единственного наследника, выполняли ритуальный танец вокруг очага, который назывался «Тепена» [8, с. 36]. Переключка с мифопоэтическими данными древнего праздника Огня обнаруживается в

стихотворениях Кайсына Кулиева «Древний танец огневой» и «О, этот танец».

Очаг, не считая связей общности с теплом, пищей, становится вдохновляющей и объединяющей силой, и балкарцы, выражая родоплеменную сплочённость, применяют фразеологизм «бир от жагъагъа къарагъанла» (смотрящие на один очаг). В жизни древнего балкарца нет ни одного семейно-обрядового торжественного ритуала, в котором очаг не имел бы столь важного значения.) «Очаг» исполнен священным, волшебным смыслом, который является совокупностью, каждая часть его (дымоход, очажная цепь, котёл, очажный камень) проникнута возвышенным чувством.

Приводят большое количество совокупностей и установленных порядков обрядовых действий исследователи, изучающие материальную и духовную культуру народа, особенности его быта, в них большую роль играет очаг, обладающий богатым внутренним смыслом и собственным выразительным языком. Приём родственников невестки совершается у очага, и важным показателем являются действия хозяев, то есть поддержание ими огня в очаге. А. Мусукаев отмечает своеобразие этого обряда: «Если огонь поддерживался активно, значит, переговоры должны были быть успешными» [11, с. 113]. Выработанный обычаем совершение «ожакъ сый» считается составной частью порядка совершения свадьбы. «Ожакъ сый» означает уважение дымохода, как знака семейной жизни. Смысл совокупностей и установленных порядков обрядовых действий при проведении свадьбы заключается в том, что родители жениха дарят ягнёнка молодым людям, вступающим в брак. Это торжество устраивается на крыше сакли. М. Кучмезова обращает внимание на выразительную деталь совокупностей и установленных порядков обрядовых действий при проведении свадьбы: «трубчатую кость, используемую для стока детской мочи (сыппалыкъ) засовывали в чердачную дыру комнаты новобрачных. Это выражало пожелание, чтобы у молодожёнов родился первым сын» [8, с. 6].

Установленный порядок обрядового действия, производимого с очажной цепью играет важную роль: девушка, уезжая из отчего дома, прикасаясь правой рукой, трижды обходит очажную цепь. Такой же торжественный порядок обрядовых действий совершает невеста и в доме новых родственников. Ритуал как бы помогает ей безболезненно приобщиться к новому очагу.

Один из установленных порядков обрядовых действий тюркоязычных горцев Северного Кавказа при проведении свадьбы – давать клятву, этот обычай просуществовал до недавнего времени. Этот обряд совершают, держа очажную цепь рукой. Исходя из установленных порядков действий при совершении того или иного акта, можно предположить, что в представлении

о совокупности всех форм материи в земном и космическом пространстве у балкарцев и карачаевцев цепь очажная исполняет роль Мировой Оси, прокладывающей свой путь через семь небесных кругов к «Керти Дунья» (Истинному Миру).

Обсуждая систему взглядов на понятие «дом» горцев Северного Кавказа, говорящих на тюркском языке, мы пришли к заключению, что понятие «дом», известный ещё в архаические времена, включает в себе соответствие с моделью мира. Исследование рассмотренных частей «дома», связанных с принадлежностью к народам Кавказа, с философским учением о бытии даёт возможность уточнить уровень погруженности горцев Северного Кавказа во Вселенную через священное место, являющееся собственным жилищем.

ЛИТЕРАТУРА

1. Баранов Е. Очерки из жизни горских татар Кабарды //Терские ведомости. – 1894, № 141.
2. Башляр Г. Земля и грёзы о покое. – М.: Изд-во гуманитарной литературы, 2001. – 320 с.
3. Бернштейн Э. Архитектура балкарского народного жилища. – М., 1993. – 160 с.
4. Ёзден Адет. Этический кодекс карачаево-балкарского народа. Сост. Джуртубаев М.Ч. Нальчик, 2005. – 281 с.
5. Кёчгюнчуле эсгертмеси. Жырла бла назмула (Словесные памятники выселения): Народные песни и стихи балкарских и карачаевских поэтов (1943-1957). Нальчик: Эль-Фа, 1997. Нальчик, 1997. – 382 с.
6. Королёв К. Энциклопедия символов, знаков, эмблем. – М.: Изд-во Эксмо, 2003. – 528 с.
7. Кудева З.Ж. Мифопоэтическая модель адыгской словесной культуры. – Нальчик: Эльбрус, 2008. – 296 с.
8. Кучмезова М.Ч. Соционормативная культура балкарцев: традиции и современность. Нальчик, 2003. – 214 с.
9. Малкондуев Х.Х. Поэтика карачаево-балкарской народной лирики. Нальчик: Издательский центр «Эль-Фа», 2000. – 319 с.
10. Мифы народов мира: энциклопедия в 2 т. Т. 2. – М., 1992. – 719 с.
11. Мусукаев А. И. Символика в адыгском и балкарском этикете //«Адыги». – 1992, № 3.
12. Паранук К.Н. Мифопоэтика и художественный образ мира в современном адыгском романе. – Майкоп: Адыг. респ. кн. изд-во, 2012. – 352 с.
13. Само-и-миро-познание. Интервью с Г.Д. Гачевым //Литературная газета. 2004 г. 12-18 мая. № 18.
14. Токарев С. Символика огня в истории культуры //Этнографическое обозрение. 1999. № 5.
15. Фрэзер Дж. Золотая ветвь: исследования магии и религии. – М., 1980. – 703 с.

КУЧУКОВА З.А. ҚАРАШАЙ МЕН БАЛҚАРЛАРДЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІ (кавказдық «үй» концепциясының негізінде)

Мақалада адамның қоршаған ортаға тәуелділігі қарастырылады. Автор кавказдық «үй» тұжырымдамасы мысалымен тау тұрғындарының өмірі таумен

байланыстылығын және оның үйі, саклясы табиғатпен біртұтас болып табылатынын ашады. Еңбекте тау жотасындағы тұрғын үйінің бөлшектері – «жартас қабырға», «шатыр», «ошақ», «ошақ шынжырының» маңыздылығы анықталады. Олардың Солтүстік Кавказ халықтарының дәстүрлері мен әдеп-ғұрыптарын сақтап қалуға мүмкіндік беріп, материалдық және рухани мәдениетін қалыптастыруда үлкен рөл атқарғаны және ғасырлар бойы жоғары моральдық құндылықтарды қалыптастырған туралы баяндалады. Ғалым өзінің зерттеуінде қарашай-балқардың дәстүрлері мен әдеп-ғұрыптары кездейсоқ пайда болмаған деп белгілейді, олар рухани жетілуінің салдары.

Кілт сөздері: кавказдық үй, сакля, ошақ шынжыры, тұрғын үй, әулие, рухани мәдениет.

Z.A. KUCHUKOVA. MATERIAL AND SPIRITUAL CULTURE OF THE KARACHAY-BALKARS (based on the concept of the Caucasian "house")

The article deals with the dependence of man on the environment. The author on the example of the concept of the Caucasian "house" reveals that in the life of a mountaineer, associated with the conditions of existence, much is due to the mountains, and his home, saklya, comprises an undivided unit with nature. The work reveals the importance of the details of the Highlander's dwelling – rock wall, attic, hearth, hearth chain, which played a major role in the formation of material and spiritual culture of the peoples of the North Caucasus, who over the centuries developed high moral values that allowed them to preserve their traditions and customs. The scientist in her study notes that any custom or tradition of the Karachay - Balkars people have happened not by chance, but is a consequence of their spiritual maturity.

Keywords: Caucasian house, the hut, the fireplace chain, dwelling, sacred, spiritual culture

ӘОЖ 821(091)

АБАЙ АЙТҚАН АРАБТЫҢ «ТӘРБИЕ» СӨЗІ

ОРАЗАЛИЕВ С

Адам баласы дүниеге келгенде жан мен тән арқылы келеді. Тән екінші қалып, жан алға шығады. Жанның азығы – тәрбие. Қоғамның үлкен байлығы саналатын тәрбиенің бастау көздері Шығыстан бастау алатындығын әлем мойындаған шындық, яғни ол Құранмен тікелей байланысты жататынында. Бүгінде адамдар арасындағы қарым-қатнас мәдениеті, әдептілік, шын сыйластық сияқты қадірлі қасиеттер жұтаңдап, жастарды ата-аналар, аға буын ағалар, ұстаздар, тіпті құқық қорғау орындары ауыздықтай алмай жүрген шақта Абай мұрасы ғана қарсы күресе алатынына сеніміміз мол.

Кілт сөздер: раб, тәрбие, Құран, Ғұламаһи Дауани.

Тәрбиенің шығыстық үлгілері «Араб тілінде «тәрбие» сөзі «раб», «риба» сөздерінен шыққан. Бала өсіру, асырау, көбейту, тәрбиелеу, реттеу,

арылту, басқару, жауапкершілікке алу деген мағыналарын білдіреді екен. «Раб» сөзі тәрбиелеуші, реттеуші, нығмет беруші деген мағынадағы Алла тағала есімінің бірі. [1, 61]. Бұл сөз Құранда 965 рет кездеседі» «Сендер тек бүкіл әлемдер Раббысы болған Аллаһ қаласа ғана, Тура Жолда болуды қалайсындар» (Тәкуир сүресі (81) 29-аят) Адам тәрбиесінің бастауы ертеректен-ақ күн тәртібінен түскен емес, бүгінде оның ауқымы кеңейіп, бүкіл адамзат тәрбиесімен шұғылданатын ғылымға айналды. Күнбатыс педагогтары (грек тілінен алынған, тәрбиеші) адамзат тәрбиесін құрсақта жатқаннан бастау керек десе, Күншығыс ойшылдары адам баласы құрсаққа түспей жатып, жігіт пен қыздың бір-бірімен қосылуына дейін жұбайлардың өздері тәрбиеленген болу керек деген пікірді алға тартады. Осы орайда Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңінде тілге алатын ХҮ ғасырда өмір сүрген ойшыл Ғұламаһи Дауанидің «Ахлақ-э Жалали» еңбегінде: «Жастар үй болудан алдын өздері тәрбиеленген бе, қолында өнері мен кәсібі бар ма, Құранды оқыған ба, білім-ғылымға икемі бар ма? – осы үш қасиет болғанда ғана үйленсін, егер ол қасиеттер болмаса өмірден жалғыз басты болып өтіп кеткені жақсы» – деп, келеді де тәрбиеленбеген отбасында өмірге келген бала да тәрбиесіз өседі. Ол қоғамға үлкен қауіп деп қарайды. Осылай үй болмастан алдын адам баласының алдына үлкен талап қояды. [2, 61]

Ұлтымыздың рухани мақтанышы Абай Құнанбайдай ірі тұлғаның ұрпағы. Мұсылмандықтың бес парызын толық орындап, Құнанбай қажы атанып, өз ауылына және Қарқаралыға мешіт салдырып, еліне «Өзің оларды барлық жамандықтан сақтай көр» (Ғафыр сүресі (40) 9-аят) – деген дұға оқып, өзі қажылыққа аттанды. Онда да (Меккеде) тәкие салдырып қажылықтың жоғарғы үлгісін көрсетті.

«Қанына тартпағанның қары сынсын» демекші, осындай тұлғаның баласы хат танымай тұрып-ақ Абай, қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерімен анасы Ұлжан, әжесі Зере арқылы таныс болды. Сонымен қатар ел арасындағы өнер адамдарының аузынан тыңдаған көлемді жыр және тұрмыс салтқа арналған өлеңдерді әнімен тыңдап өсті. Әкесі жалдаған ауылындағы жеке молладан арабша хат танығаннан кейін, Құнанбай оны он жасында Семей қаласындағы Ахмет Риза деген имам ұйымдастырған медресесінде 3 жыл оқиды. Оқуға зерек, ұғымтал Абай діни сабақтармен қоса Шығыс шайырларының шығармаларын араб, парсы тілдерінде оқыған: Әл-Фараби, Баласағұни, Қашқари, Фердауси, Низами, Сағди, Хафиз, Науаи, Дауани, Физули, Иасауи, Софы Аллаяр еңбектерімен қатар қасиетті Құран мен Мұхаммед пайғамбар хадистерін, «Қабуснама», «Тотынама», «Мың бір түн» т.б. тәрбиелік тағылымы мол туындылармен танысып өсті.

Абай түсінігінше, табиғат біздің санамыздан тыс және бізге тәуелсіз өмір сүреді. Адам баласы «Көзбенен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап,

тілмен татып, мұрынмен иіскеп тыстағы дүниеден хабар алады.» [3, 216] (43-қара сөз), – деген Абай, Шығыстың шырайын келтіріп: «...хауаси хамса заһири...» [3, 182] тізбесімен таратып айтатыны бар. Адам баласы «...анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, ...Біреуі – білсем екен демеклік.» [3, 164]. - жан құмарлығы деп ой түйіндей келе, адам бойына жан құмарлығы арқылы жиналатын нәрсенің аты ақыл мен ғылым, оны «кәсіби» десе, алғаш туа бітті қасиетті яғни тән құмарын «Ішсем, жесем демектің басы – жибили.» [3, 215] деп, 43-қара сөзінде парсының «жебэлли» (табиғи) сөзін 43-қара сөзінде психологиялық (грек тілінен алынған, жан) терең талдаулар жасауына қалай таң қалмассың? Қазаққа түсіндіру жолында қазақшамен қатар араб, парсы, түркі сөздерімен егжей-тегжейлі жеткізіп келіп, аталмыш ғақлиясында орыс тілінде талдаулар жасап түсіндірмек әлегіне түскен ұлы Абайды көреміз.

Абай дүниенің табиғи құбылыстарымен өзара байланыста болу тәлімі адамның ішкі бес сезімін Абай айтқан «батини» [3, 209] ілімін ғылыммен байланыстыру білімге деген құштарлықты арттырады. Сондықтан да Абай адамды «Талап қыл артық білуге» [3, 52] деп, үнемі өзгеріске, тереңірек баруға оның ғылыми негізін табуға үндеді. Абай өзінің өлеңдері мен қара сөздерінде адам баласының асыл қасиеті тәрбие жөнінде көзқарасын көптеп білдіреді. Адам мінезіндегі орынсыз мақтан, ойсыздық, салғырттық, күншілдік, көрсеқызарлық сияқты жаман әдеттердің ақыл мен ойды тоздыратынын айта келіп, естігенді есте сақтау, көргеннен үлгі-өнеге алу, жаман әдет-дағдыдан бойын аулақ ұстау, нәпсіні ақылға жеңдіру, ұстамды болу сияқты адамгершілік қасиеттерді насихаттайды. «Егер есті кісінің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмысында бір, ең болмаса айында бір, өмірді қалай өткізгенің жайында өзіңнен өзің есеп ал» (15-қара сөз) – дейді. Яғни, адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселесінің маңызы мен мәніне ерекше тоқталады.

Адамның ең қымбат шағы – жастық шақты оқуға, ғылымға жұмсауды, ойын-сауыққа салынбай ғылым жолына ертерек түсуді насихаттайды «Қолымды мезгілінен кеш сермедім», «Қолымды дөп сермесем, өстер ме едім?» [3, 25] деп өкініп қалмауға кеңес береді ұлы Абай.

Дүние де өзі, мал да өзі,

Ғылымға көңіл белсеңіз. [3, 44] – дейтіні де содан ғой, ақынның. «...бір ғана білмектіктің өзін дәулет білсең...білгенінді берік ұстап, білмегенінді тағы да білсем екен деп үміттенген» (32-қара сөзі). Сол алған білімінді «Я тілмаш, я адвокат» [3, 52] болу ғана емес, сол білімді өз халқыңның өнері мен мәдениетіне, тарихы мен тіліне жұмса. Қара басының қамын ғана ойлайтындарды «Өзің үшін еңбек қылсаң. Өзі үшін оттаған хайуанның бірі

боласың;» [3, 193] (37-қара сөз) яғни тән қажеттігін, «жибиліктен» «кәсібиге» өтеуді ескеріп:

Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта

Ерінбей оқып көруге, [3, 52] – деп жастарды білім-ғылымды меңгеруге шақырды.

Педагогика (грек тілінен алынған, тәрбие) ғылымының халыққа білім беру саласында қолданылу жағдайларымен байланысты мәселелер бүгінге дейін Батыс тәрбиесімен нәр алған ұрпақ өзіне және оның шешілу жолдарына толық түсіндірме бере алмайтындығы содан. Алдымен оқу-тәрбиені кеңінен енгізудің негізгі жолы халықтық тәлімді жаңарту екендігі Шығыстың тәрбие көздерінен іздеу керектігі арнайы атап көрсетіледі. Халықтық тәрбиенің даналығы тектілік тәрбие құралдарын толық пайдаланған жағдайда ғылымға айналған тәрбие (педагогика) халыққа білім беруді жаңартуды жүзеге асырады. Кешеге дейін гректің Демокрит, чехтің Коменский, ресейдің Ушинский сияқты педагогтарын пір тұтып, өз халқымыздың тәлімінен, қала берді тамырлас Шығыс даналықтарының ғибратынан және тәлімнің атасы Құран негізінен тыс қалғанымыз жасырын емес. Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегінің дәмін татып көрмеген ұстаз қазақ халқының ұлттық түп қазыққа бара алмайтыны белгілі.

Жастарға халық қамын ойлаған ақын-жазушылар мен ғалымдарды үлгі-өнеге етіп, «Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез», – деп қызмет еткен әр бір педагог ұрпақ алдында жүзі жарық деп айта алармыз. Тіршіліктің тұтқасы еңбек пен білім деп ұққан Абай:

Түбінде баянды еңбек егін салған,
Жасынан оқу оқып, білім алған.
Би болған, болыс болған өнер емес,
Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған. [3, 253].

Ел болу үшін қала салып, отырықшылықта болу керек, мектеп салып, оқу оқып, білім алу қажет, тіршіліктің тұтқасы еңбек пен білімде ғана тұр деп жар салды. Өнер-білімсіз қоғамның пайдалы азаматы болудың мүмкін емес екендігін, терең түсінген ол Шығыс ғұламаларының еңбектеріне сүйеніп отырды. Мәселен, Науаинның «Хамса» дастанының бірінші кітабында үлкенді сыйлау, кішіге ізет жасау, баланы тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін, ол қиыншылықты жеңіп, соңында көрген жемістерін тәрбиенің нәтижесі деп айқын көрсетеді. Әлеуметтік қоғамның өскен ортадағы жетістіктерінен гөрі, кемшіліктерді түзеуде, алдыңғы өткен ғұлама ғалымдардың қорытынды пікірлеріне ден қоюды алға тартады. Ғылым білім жолында дүниені аямауды, оның мәңгілік екендігіне баса назар аударған шайырдың бұл шығармасы

діни-құлықтық тәрбие негізінде құрғақ насихат ұсына бермей, оған барар жолдарды өмірлік тәжірибе арқылы айқындап беріп отырды.

Кеңес кезеңінде Шығысқа көзқарастың тым әлсіздігінен айтар ойымызды айта алмай келгендігіміз белгілі. Шығыс шайырларының көркем ғазалдары, даналыққа толы дастандары, әдеби зерттеулері мен тарихи еңбектері жаһандық даңқ пен беделге Шығыс шығармалары арқылы көтерілгенін еске түсірсек осы шындыққа көзіміз жетеді. Ақыл – ардың сақтаушысы деп қарап, адамгершілік мәселелерін жоғары бағалап, ар тазалығы үшін күресуді дәріптеген ұлы ағартушы Абай:

Ынсап - ұят, ар-намыс, сабыр, талап,

Бұларды керек қылмас ешкім қалап.

Терең ой, терең ғылым іздемейді,

Өтірік пен өсекті жүндей сабап. [3, 67] – деп кейбір жастардың іс-әрекетін қатты сынға алады. Абай қазақ қоғамындағы жас ұрпақтарды тәрбиелеуге байланысты ойларын бірнеше өлеңдерінде, мәселен: «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңдерінде айқын білдіреді. Ол халықтың артта қалушылығын, надандығын мінеп, жалқаулыққа, ымырашылдыққа қарсы күрес жүргізуі қажет екендігін көрсетеді. Абай өзінің 40-қара сөзінде «Зинһар, сендерден бір сұрайын деп жүрген ісім бар.» (II, 212) деп басталатын 40-қара сөзінде тіршіліктің өзі «неге» деген сұрақтан тұрса, Абай адам мінезіне таңданып «қалай» деген сұрақтармен өрбітеді. Ұлы ағартушы өз айналасын қоршаған әділетсіздік қазақ халқын аздырып бара жатқанын, жас ұрпақты тәрбиелеуге теріс ықпалын тигізетіндігін байқап, халықты, әсіресе, жастарды адамгершілікке тәрбиелеуге ерекше көңіл аударды. «Егер, сендер жақсы болсаңдар яғни, ата-аналарыңның хұқұқтарын беріп, оларға мейрімді болсаңдар, әлбетте, Аллаһ білместен қылған күнәларыңды жарылқайды» (Әл-Исра сүресі (17) 25-аят) – деген ғибратты тәрбиенің көзін ашып өтеді.

1886 жылғы бір өлеңінде ұлы ақын:

Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман,

Шошыймын кейінгі жас балалардан.

Терін сатпай, телміріп көзін сатып,

Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман. [3, 28] – деп өз кезіндегі жастардың осындай жағымсыз мінездерін қатаң сынға алды. Абай уақытын еңбексіз бос өткізетіндерді, еріншектерді, адамгершілік қасиетке ұмтылмайтындарды мейлінше жек көрді.

Осындай сыйдаң жігіт елде мол-ақ,

Бәрі де шаруаға келеді олақ.

Сырын түзер біреу жоқ, сыртын түзеп,

Бар өнері – қу борбай сымпыс шолақ [3, 35] – деп, күйзеле жазады ұлы ақын.

Күштілерім сөз айтса,

Бас ізеймін шыбындап. [3, 79] – деген ақын, өз заманында тұрып-ақ, бүгінгі күннің қазағының бет бейнесін «Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың» [3, 31] деп таңданып «қалай» деген сұрақтың жауабын таппай әлектенген «Мыңмен жалғыз алысқан» [3, 223] ақынды көресіз. Бүгінгі күндегі жағымпаздарды ыстық күнде шыбыннан қорғанып қайта-қайта басын изеп тұрған жылқының көрінісін, өзінен лауазымы жоғарыларға жағымпаздықпен көзге түсіп қалуға тырысушыларды мінезінің кейінгі ұрпаққа жұғыспауын тілеген Абай, сана-сезімді тәрбиелеудегі қоғамдық органың ролін түсіндіре білді. Абай адам мінезінің қалыптасуы ортаға байланысты екенін дәлелдеді. Өзінің 37-қара сөзінде: «Мен егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім.» (3, 193) – деп байлам жасаған.

Қорыта келе, бүгінгі күндегі жаһандану апатынан жастарымызды аман алып қалу, дұрыс тәрбие бере алатын қазақтың рухани діңгегі Абай танымы екенін әрбір азамат білуі тиіс деп ойлаймыз. Абай өнер-білім алуға шақырды, өмірде өз орнынды тап, пайдалы әрекет жаса, деді. «Сен де – бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан!» [3, 163] деген сөздер соның айғағы.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.«Ақиқат» журналы, № 4 сәуір, 2006. – 61-бет.
2. Оразалиев С. Абай және Дауани. Түркістан. «Мұра». 1997. – 104 бет. 61-бет.
3. Мұхтар Әуезов жалпы редакциясын басқарған Абай (Ибраһим) Құнанбаев шығармаларының екі томдық толық жинағы. Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институты, – Алматы. 1957 жылы Қазақтың мемлекеттік «Көркем әдебиет» баспасы.

ОРАЗАЛИЕВ С. АБАЙ КУНАНБАЕВ О ВОСПИТАНИИ

В человеке есть два начала – плоть и душа, и в нём важную роль играет воспитание. Источником воспитания, связанного с Кораном и имеющего большое значение в обществе, как признано во всём мире, является Восток. Ныне, когда предаются забвению такие нравственные качества, как уважение родителей и старших, учителей, забота о младших, даже сами правоохранительные органы не могут соблюдать нормы человеческого общежития, только наследие Абая Кунанбаева может противостоять духовной деградации общества.

Ключевые слова: Раб, Образование, Коран, Гуламахи Давани

OROZALIEV S. ABAI KUNANBAYEV ABOUT EDUCATION

There are two principles in Man – the flesh and the soul, and education is of high importance. The source of education associated with the Koran and possessing the great importance in society, as it is recognized worldwide, is the East. Nowadays, when such moral qualities as respect for parents and elders, teachers, care for the younger ones are forgotten, even the law enforcement agencies themselves cannot comply with the norms of human coexistence, only the legacy of Abay Kunanbayev can resist the spiritual degradation of society.

Keyword: *Slave, Education, Quran, Gulamani Davani*

УДК 659.123

**СРЕДСТВА ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ВЫРАЗИТЕЛЬНОСТИ В
СТИЛИСТИКЕ РЕКЛАМНЫХ ТЕКСТОВ**

СЫЗДЫКОВА М.С

Реклама – важная культурная составляющая общества, представляющая собой объект исследования разных наук, в том числе и лингвистики.

Каждый компонент рекламы, изображение, текст, звук имеют свою функцию и свое значение., Лингвистический аспект рекламы, включающий в себя способы языкового воздействия на основе использования различных лингвистических приемов, представляет немаловажное значение.

Прагматическая цель текстов рекламы – заинтересовать покупателя, привлечь его внимание к товару и подвести к мысли о необходимости приобретения товара или воспользования видом той или иной услуги.

В статье рассматриваются стилистические фигуры, с помощью которых рекламные тексты становятся оригинальными и запоминающимися.

Ключевые слова: *реклама, рекламные тексты, тропы, средства выразительности, языковые приемы*

Использование средств выразительности рекламе во многом определяет ее положительную успешность у аудитории; что выразительной и актуализированной рекламу делает использование образных средств. В текстах рекламы можно выделить разнообразие лексических средств, позволяющих привлекать внимание, побуждать доверие и убеждать потребителя:

1) Синтагматика носит экспрессивный характер – в тексте рекламы комбинируется лексика, представляющая разные группы (терминология, профессионализмы, бытовая лексика, экзотизмы, поэтизмы и т.п):

Верни коже здоровье и свежесть – активизируй микроциркуляцию!

2) широкое использование слов других частей речи в роли прилагательных, которые позволяют придать тексту особый динамизм, помогают заинтересовать и побудить читателя дочитать текст рекламы.

3) языковая многозначность – один из часто используемых приемов рекламы.

Такой прием позволяет создать словесную игру, с помощью которой достигается эффект основанный на удовольствии, получаемой от удачной игры: адресат текста, который является участником игры, обнаруживает оба значения, присутствующие в данном виде рекламы. «Второе значение» чаще выступает в упрощенной или ироничной форме [1;23]. Игра может строиться на употреблении слова в переносном значении:

Не тормози! Сникерсни! (реклама шоколада);

В современных рекламных текстах используются как основные, так и специальные выразительные языковые средства. Последние, воздействуя на адресата не только понятийно, но и образно, способствуют восприятию информации намного быстрее, вызывают не только эмоциональный отклик у адресата, а еще глубокий интерес, лучше сохраняются в памяти.

Происходит это потому, что слова употребляются в рекламе не только в денотативном, но и в коннотативном значениях. Богатое образное содержание создается в рекламе, как и в художественном тексте, благодаря словам, употребленным в переносном значении, как это видно из приведенного выше примера. Переносное значение слова меняет его функцию: от простого наименования предметов слово уходит, чтобы непосредственно участвовать в создании образности. Могут меняться значения слов, использоваться переименование, предполагаться подтекст, некоторые слова и выражения изменяться таким образом, что переносное употребление помогает «оживить» рекламный образ. Подобная лексическая единица именуется *тропом* в художественном стиле речи и широко используется и в текстах рекламы.

В переводе с греческого языка слово *tropos* имеет буквальное значение - *оборот, переворачивание*. В филологической науке (в лингвистике и в литературоведении) *троп* употребление слова в искусной и образной форме. Тропами в риторике принято называть выражения и высказывания в переносном значении [4]. А.П.Квятковский в статье «Поэтический словарь» дает следующее определение: *троп* – это поэтический оборот, употребление слов в переносном, образном смысле. К видам тропов относятся метафора, метонимия, эпитет, перифраз, литота, ирония, гипербола [2, 312].

Многообразие тропов в рекламных текстах основывается на принципе метафоры, на принципе метонимии. В метафоре разные предметы

сравниваются с учетом их общего признака. Часто метафора употребляется в лирических, музыкальных произведениях [4].

В метонимии часть используется для передачи целого. Употребляется метонимия в художественном творчестве. Так и в эпических произведениях: о человеке можно узнать через его портрет.

Современный этап развития стилистики дает новое толкование этим терминам, учитывая их лингвистический уровень развития. Многие ученые-лингвисты, дают парадигматическую характеристику изобразительным средствам на ассоциативной основе слов и выражений, выделенных автором с более близкими по смыслу, возможными, но не представленными в самом тексте словами [3, 62].

Следует отметить, что стилистический анализ средств выразительности – одно из важнейших направлений современной лингвистики. Данный тезис обусловлен результатами наших изысканий, связанных с анализом языка современной рекламы. В данной статье представлена характеристика тропов, используемых в современных телевизионных рекламах. Материал систематизирован таким образом:

- 1) дать характеристику изобразительным средствам языка;
- 2) дать анализ специфике их употребления в рекламе [7].

Смысл переноса осуществляется на основе характеристик:

- через метафору – *тяжелые облака*;
- через метонимию – *чуткий класс*;
- через синекдоху – *для важного клиента*;
- через перифразы – *черное золото*
- через гиперболу – *богатырский сон*;
- через литоту – *отошла на секунду* [6].

Метафора является важным средством создания экспрессии в рекламе, оказывающее долгосрочное воздействие на реципиента. Во многих источниках дается такое толкование приему метафоры как о фигуре речи, задачей которой является употребление слов с одним значением (предметы, лица, явления, действия, признаки), для обозначения других объектов, сходных с данными: *собака, дерево, змея* [6].

В создании метафоры принимают участие следующие компоненты: категории объектов и их свойства. Задача метафоры – применение признаков одного класса объектов к совершенно другому классу, который является актуальным субъектом метафоры. Например, человека можно назвать лисой – мы применяем относительно этого человека признак хитрости, характерный именно классу животных (умело замечать следы). Так создается образ человека, раскрывается его сущность. Слово лиса обретает смысл «хитрый, лукавый, льстец, обманщик».

Все эти функции метафоры могут быть реализованы в рекламе. Обозначенное метафорой свойство категории объектов считается национально специфичным и может относиться фонду общих взглядов о мире носителей языка, культурной традиции [6].

Метафора представляет собой скрытое сравнение: зачастую, отражая авторское видение предметов и явлений, она является субъективной, но всегда отличается авторским видением и способствует созданию зрительных образов. С помощью метафоры легко создаются сильные и образные тексты. *Добрый* в рекламе оказывается *сок*, фразой *одним жестом* может выражаться простое действие как снятие макияжа, выбор продукции характеризуется как *единственно верный* или даже *королевский*.

Море удовольствия на берегу Средиземного моря! (туристическая реклама).

Велика в рекламных текстах роль эпитета, который характеризуется А.П. Квятковским как «...образная характеристика какого-либо лица, явления или предмета». Эпитет – это не просто прилагательное в роли определения, дающего предметную или логическую характеристику. Эпитет – одна из разновидностей метафоры, предлагающая художественное, образное представление о предмете, основанное на метком сравнении [2,359].

Блестящая репутация! (в рекламе для обувного крема) .

Одним из приемов воздействия на реципиента в рекламе является эпитет. Можно привести множество образных и выразительных определений в текстах рекламы: *ароматные ванны, красивая упаковка, нежная забота*.

Для более наглядного изображения в рекламе используется такой прием как сравнение [6].

Комплексный уход Esobeauty делает вашу кожу мягче. (Орифлейм)

Не принято сравнивать собственную продукцию с другой, занижая ее качественные характеристики. Тем не менее, встречается и такая реклама, в которой содержится информация о том, что порошок, моющее или чистящее средство не идут ни в какое сравнение с продукцией конкурирующей фирмы (не названной открыто).

Гипербола – очень востребованный прием, который часто встречается в рекламе разных товаров, предлагаемых *по приемлемой* для клиента цене.

Достаточно часто в текстах рекламы используется не менее популярный прием как олицетворение.

Позволь ресницам вспорхнуть ввысь! (Тушь для ресниц от Эйвон)

Также для дополнительной экспрессии в целях воздействия на адресата могут использоваться и оккозионализмы как *супермотивация, суперкосметика*.

Значительно реже в телевизионной рекламе встречается перифраз.

В рекламе обычно сообщается о чем-то неизвестном или о том, о чем можно догадаться по контексту т.е соблюдается принцип экономии.

Лаборатория VICHU приглашает в Виши! (реклама косметики);

ШОКолад – удовольствие для тебя, ШОК для целлюлита! (реклама косметики);

С помощью обыгрывания различных значений одного и того же слова (многозначность) создаются самые выразительные рекламные тексты:

Времена меняются – аромат остается. Парфюмерная вода Eclat – подарок для утонченных дам[6].

Следует отметить, что такого рода сопоставления чрезвычайно распространены в телевизионной рекламе: так создается наиболее выпуклый и зримый рекламный образ.

Прием «двойной актуализации» реализует в рекламном тексте сразу и прямой, и переносный смысл слова, что позволяет достижению эффекта комичности или же выражения необычной мысли, например:

Бриллиантовое диско! Зажги! (реклама косметики);

Нелипкая, но очень притягательная! (реклама косметики);

Экстремально быстрый стайлинг» (реклама косметики) [6].

Приведенные примеры доказывают многообразие речевых тактик, применяемых в рекламных текстах. В текстах рекламы часто используются:

- 1) ситуативная синонимия;
- 2) сочетания слов шире нормативных, общезыковых;
- 3) полисемия;
- 4) средства художественной выразительности [6].

Рекламный язык систематически подвержен обновлению, средства образности устаревают, что приводит к стиранию образности, снижая способность эффективного воздействия рекламы. Часто рекламный текст не только дает информацию, но и с помощью образных средств выразительности способствуют формированию у реципиента определенной информации, может быть дополнительной, имеющей субъективный характер. В этом активную роль играет многообразие используемых тропов [7].

ЛИТЕРАТУРА:

1. Зализняк А.А. Русская семантика в типологической перспективе. – М., 2013
2. Квятковский А.П. Поэтический словарь. – М., 1996.
3. Кубрякова Е.С., Демьянков В.З., Панкрац Ю.Г., Лузина Л.Г. Краткий словарь когнитивных терминов. – М., 1996.
4. <https://studylib.ru/doc/3721779/razvernutaya-metafora>
5. Сервис информационных материалов для студентов https://superinf.ru/view_helpstud.php?id=451 CachedSimilar

6. Сервис информационных материалов для студентов

https://superinf.ru/view_helpstud.php?id=451

7. Образные средства в рекламе.

https://knowledge.allbest.ru/marketing/2c0b65625a3bc78a5d53b88521206d27_0.html

*СЫЗДЫҚОВА М.С. ЖАРНАМА МӘТІНДЕРІНІҢ СТИЛИСТИКАСЫНДАҒЫ
КӨРКЕМ МӘНЕРЛІЛІК ҚҰРАЛДАРЫ*

Жарнама заманауи қоғамның маңызды да мәдени құрамдас бөлігі болумен қатар көптеген ғылымдардың, оның ішінде лингвистиканың да зерттеу нысаны болып табылады.

Жарнаманың әрбір компоненті: мәтіні, бейнеленуі, дыбысталуы – өзіндік қызметі мен дербес мәнге ие. Мақаланың басты және жетекші идеясы: түрлі лингвистикалық тәсілдерге жүгіну жолымен тілдік ықпал жасаушы барлық амалдарды қамтитын ауқымды маңызға ие жарнаманың аспектісі.

Жарнамалық мәтіннің прагматикалық ұстанымы сатып алушы назарын тауарға тартып, оның қызығушылығын тудыра отырып, ұсынылып отырған тауарға ие болу немесе қызметті пайдалануға қажеттілігі туралы ойға жетелеуге бағытталған.

Мақалада жарнамалық мәтіндер бірегей және ерекше есте сақталатындай болып жасалуына өз әсерін тигізетін стилистикалық фигуралар кеңінен қарастырылған.

***Кілт сөздер:** жарнама, жарнамалық мәтіндер, троптар, тілдік әдістер, бейнелеу құралдары.*

*SYZDYKOVA M.S. MEANS OF CULTURAL EXPRESSION IN STYLISTICS OF
ADVERTISING TEXTS*

Advertising, being an important cultural component of modern society, is a subject of the study of many sciences, including linguistics.

Each advertising component: image, text, sound - has its own function and purpose. The leading idea of the article: the linguistic aspect of advertising, which includes ways of linguistic interaction by referring to various linguistic techniques, is of immensely important significance.

The pragmatic setting of the advertising text is aimed at attracting the buyer, attracting his attention to the product and thinking about the need to purchase the proposed product or use the advertised service.

The article discusses the stylistic figures by which advertising texts become original and memorable.

***Keywords:** advertising, advertising texts, trails, language techniques, expressive means.*

КӘСІПТІК БІЛІМ, БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ. МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ

УДК 371.214.19:796:37.018.523 (574)

**ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ ҚОЗҒАЛЫС
ОЙЫНДАРЫН ӨТКІЗУ ӘДІСТЕРІ**

ЕСІРКЕПОВ Ж.М.

Бұл мақалада балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жалпы білім беретін мектепте дене шынықтыру сабағында қозғалмалы ойындарды өткізудің түрлері мен әдістері қарастырылады. Сонымен қатар, әр сынып үшін ойын нұсқалары ұсынылады, сабақтың негізгі жүктемесін орындағаннан кейін оқушылардың тыныс алуын қалпына келтіруге арналған ойындар беріледі. Қозғалыс ойындары барысында гимнастика, жеңіл атлетика, спорттық ойындар бағытындағы секіру, лақтыру, тасымалдау, өрмелеу, жүгіру, дене қабілеттерін (төзімділік, ептілік, жылдамдық, күш, икемділік), ерік-жігер, азаматтық сапаларын (еңбексүйгіштікке, достыққа, батылдыққа, әділдікке, т.б) дамытып, білім беру, тәрбиелеу, сауықтыру міндеттерін шешіледі. Сондай-ақ, балалардың ағзасын дамытып, сүйек-бұлшықет аппараттарын нығайтуға ықпал етеді.

***Кілт сөздер:** мектеп, қозғалыс ойындары, тәрбие, сынып, дене тәрбиесі, мұғалім.*

Жалпы білім беретін мектептің дене тәрбиесі пәні бағдарламасына «Қозғалыс ойындары және спорттық ойындар» бөлімі енгізілген. Бірақ бағдарламада сыныптар үшін нақты бөлімдер мен ойын түрлері атап көрсетілмегендіктен дене тәрбиесі мұғалімдері сабақ барысында қозғалыс ойындарын өткізу барысында қиындықтарға жиі кездесетіндігі белгілі.

Бұл мақала қозғалыс ойындарының тәрбиелік мәнін, әр сыныпта өткізілетін ойындардың жүйесін, сабақ бөлімдерінде қолдану тәртібін басты назарда ұстап ұсынып отырмыз.

Бастауыш сыныптардағы (1-4-сынып) дене тәрбиесі сабағында қозғалыс ойындары үлкен көлемде пайдаланады. Орта сыныптарда (5-7-сыныпта) спорттық элементтері басым қозғалыс ойындары қолданылады. Ал, жоғары сыныптарда (8-11-сынып) спорт ойындарының техникалық және тактикалық әдіс-тәсілдерін меңгеруге бағытталған қарапайым қозғалыс ойындары жүргізіледі. Жалпы білім беретін мектептерде сыныптар бойынша өткізілетін қозғалыс ойындарының түрлері 1-кестеде берілген.



1-кесте. Мектепте оқушылардың жас ерекшелігіне арналған қозғалыс ойындардың бөлінісі.

Қозғалыс ойындары барысында гимнастика, жеңіл атлетика, спорттық ойындар бағытындағы секіру, лақтыру, тасымалдау, өрмелеу, жүгіру, дене қабілеттерін (төзімділік, ептілік, жылдамдық, күш, икемділік), ерік-жігер, азаматтық сапаларын (еңбексүйгіштікке, достыққа, батылдыққа, әділдікке, т.б) дамытып, білім беру, тәрбиелеу, сауықтыру міндеттерін шешеді. Сондай-ақ, балалардың ағзасын дамытып, сүйек-бұлшықет аппараттарын нығайтуға әсер етеді. Дене тәрбиесі мұғалімі аталған міндеттер мен ойындардың бір-бірімен тығыз байланыста екенін білуі қажет.

Қозғалыс ойынындағы бірден-бір педагогикалық міндет – балаларды жетекшінің басшылығымен емес, оларды өздігінше ойнауға үйрету. 1-сыныпта ойындарды жүргізгенде ең бастысы балаларды топпен жұмыс істеуге үйрету керек. Бұл, балалар бір-біріне кедергі келтірмей, берілген

бұйрықты тыңдауға, топ басшысына бағынуға, ойын ережелерін сақтауға көмектеседі [1, 2].

2-сыныпта бұл міндеттер толықтырылады. Балалар ойын барысында жұппен жұмыс істеуге дағдыланып, ойын мақсатына жетуге, өтілген ойынның мазмұнын өз сөздерімен жеткізуге үйренеді, мұғалімге ойын алаңын дайындап, құрал-жабдықтарды таратуға, төрешілік етуге көмектеседі, ерік-жігер, дене сапаларынан басқа, кеңістікті бағдарлауға, икемділікке бейімделеді [2, 5 б].

3-сыныпта балалар ойындар арқылы топпен жұмыс жасауды жетілдіріп, достарының күшін шамалап және ойынға өзінің қосқан үлесінің нәтижесінде жеңіске жеткенін сезінеді. Бұл жаста командалық ойындарға көп назар аударылады және топпен жұмыс істеуге қалыптасып, көздеген мақсатқа жету сезімі жетіледі және күш, шыдамдылық қабілеттерін дамыту үлкен орын алады [2, 6 б].

Сондай-ақ балалар мұғалімнің көмегімен ойынды өздігінше жүргізе білуі және ойын соңында өзінің және достарының жіберген қателіктерін талдай алуы тиіс.

4-сыныпта педагогикалық міндеттер күрделене түседі. Мұғалім балалардың командаға бөлінгенде әділ болуын, команда мүшелерінің ұйымшылдық қабілеттерін, ойындарды жүргізуін, төрешілік дағдыларын өздігінше жетілдіріп отыруын бақылап отыру керек. Бұл жаста күрделі ойындарға бағыт-бағдар беру, дене қабілеттерінің дамуына ерекше назар аударылады және басқа да ерік-жігер сапаларын жетілдіру жалғасады. Сонымен қатар спорттық ойындарға (баскетбол, футбол, қол добы, волейбол) доппен қарапайым жұмыс істеу дағдыларын меңгереді [3, 24 б].

5-6 сыныптан бастап қозғалыс ойындары спорттық ойындардың техникасы мен тактикасын дамыту бағытында, сондай-ақ оқу бағдарламасының басқа да бөлімдерінің техникасын жетілдіруге қолданылады. Күрделі мазмұнды ойындар арқылы ерік-жігер және дене сапаларын жетілдіру, мінез-құлқын (тәртібін) бағалай білу, ұйымдастырушылық және төрешілік дағдыларын тәрбиелеу жалғасады [4, 19 б].

Кез-келген қозғалыс ойындары әрқашан эмоцияға толы болғандықтан балалар ойын барысында ой жүктемесінен арылып, шаршағанын тез басады. Егер оқушылар сабақтың негізгі бөлімінде гимнастикалық жабдықтарда шұғылданса көп кезек күтуге тура келеді. Сондықтан осы жаттығудан кейін «Күн мен түн», «Қарсыласпен кездесу», «Доп үшін күрес», «Доп капитанда» т.б ойындары жүргізілсе сабаққа қатысушылардың көңіл-күйлері көтеріліп, сабақтың тығыздығы артады. Егер дене тәрбиесі сабағы математика, химия, т.б сабақтарындағы үлкен ой жүктемесінен кейін өткізілсе мұғалім сабақты аз

қарқынымен ойналатын, қызықты, барлық оқушылар белсенді қатысатын «Тез орындарыңа», «Тап, кімнің дауысы?», «Кім екенін тап?», «Топ тік тұр!», «Жолдас командир» сияқты т.б. ойын түрлерін таңдау керек. Егер дене тәрбиесі сабақ кестесінің соңына қойылса онда барлық оқушылар қатысатын эмоциональды «Әуе таяқ», «Волейболшылар қозғалысы», «Шеңберден шық» т.б. ойындармен аяқтауға болады [2, 97 б].

Сабаққа ойын таңдауда мұғалім ойынның мақсат-міндеттерін, оқу материалдарын, ойынның мақсат-міндеттерін, оқу материалдарын, ойынның физиологиялық әсер ету жағдайын білуі керек.

Әрбір ойын балалардан белгілі-бір дағды мен тапқырлықты, дайындықты, ойын ережелерін қатаң сақтауды талап етеді. Күрделі ойындар біртіндеп жүргізілуі тиіс. Мысалы:

1) Жүгіруге арналған «Біз көңілді балалар!» ойынын;

2) Күрделендіріп «Екі аяз» ойынын;

3) Одан да күрделі – «Балықшы мен балық» т.б. ойындарын өткізу керек. Балаларға допты бір-біріне беру, алып жүру әдістерін меңгермейінше, «Доп үшін күрес», «Допты капитанға» т.б. ойындарды жүргізуге болмайды.

Ойынды оқушының жас ерекшеліктеріне, дене дайындықтарына байланысты таңдау керек. Мұғалім ойынға қызығушылығы төмен балаларды біртіндеп ойынға қызықтырып, ойыннан соң қысқаша балалардың жақсы көрсеткіштерін және қателіктерін, тәртібін талдап, айтылған қателіктерді алдағы уақытта болдырмауға үйретуі тиіс.

Біздің мақсатымыз – тек қана оқушылардың ерік-жігер және сапаларын тәрбиелеу ғана емес, сонымен бірге ойынды өздігінше ұйымдастыруға, тез шешім қабылдауға, батыл, әділ болуға үйрету. Егер осы қасиеттерді балалар бойына сіңіре білсек, онда ойын барысында ешқандай тәртіп бұзушылық болмайды және тек қана мектепте ғана емес, үй ауласында, ойын алаңында да өздерін еркін ұстауға дағдыланады.

1-сыныптан бастап балалар қозғалыс ойындарын өздігінше ұйымдастырып жүргізуге дағдылануы тиіс. Бастапқыда мұғалім балаларға ойын мазмұнын, негізгі ережелерін, алаң өлшемдерін есте сақтауға тапсырма беріп, бақылауға алады. Кейін оқушылар өздері ойынға төрешілік жасап, жүргізуді мұғалімнің байқауымен жүзеге асырады.

Бастауыш сыныптарға сабақты тек қозғалыс ойындарынан ғана құруға болады. Мұндай сабаққа әртүрлі бұлшықет топтарына әсер ететін және әртүрлі қимыл-әрекеттерінен тұратын 4-5 ойынды енгізу керек. Орта сыныптарда ойын сабақтарын «Көңілді сөре» жарыстарына дайындық мақсатында өткізуге болады. Оқушылар жарыс барысында жекелеген қимыл-әрекеттерін үйренеді.

Жоғары сыныптарда көп жағдайда сабақтар қозғалыс ойындарынсыз өткізіледі. Сондықтан ойындар сабақтың жекелеген педагогикалық міндеттерін шешу үшін кіріспе және қорытында бөлімдерде жүргізіледі. Қозғалыс ойындарының басым бөлігі спорттық ойындардың элементтерінен тұрады. Бұл жаста сыныпты екі командаларға бөліп, ойынды жарыс түрінде өткізу маңызды орын алады.

Біз төменде бастауыш және орта сыныптарға арналған қозғалыс ойындарының үлгісін ұсынып отырмыз. Әрбір ойындағы секіру, жүгіру, лақтыру, өрмелеу, тасымалдау элементтері басым ойындарды бөліп қарадық.

1-сынып. Жалпы дамытатын жаттығу элементтері басым қозғалыс ойындары , әуен ырғағымен сүйемелдеу арқылы жүру, гимнастикалық жүру және жүгіру барысындағы қимыл-қозғалыстар, назар аударуға арналған ойындар – «Тез орындарыңа!», «Жапалақ», «Кім келді ?» [2, 15 б] т.б. 3-4 ойын .

Командаға бөлмей барлық ойыншылар қатысатын жүгіру элементтері басым ойындар – «Біз көңілді балалар», «Аққу мен қаздар», «Екі аяз», кіші доппен ойналатын ойындар, әр ойыншы кезекпен қатысатын қарапайым эстафета түрлері – «Желаяқтар командасы», «Аңдар жарысы», «Нөмірді шақыру» [1, 42 б] т.б. 5-6 ойын.

Секіру элементтері басым ойындар – «Секіргіш торғайлар», «Жырадағы қасқыр», «Бақшадағы қоян» [1, 46 б]. т.б. 3-4 ойын.

Лақтыру, допты қағып алу және беру элементтері басым ойындар – «Допты көршіңе бер», «Едендегі доп», «Токта!», «Бер де отыр», 3-4 ойын.

1-сынып оқушыларына арналған ойындарды таңдауда , ойын тізімін құруда ұлттық ойын түрлерін аулада, үй жағдайында өткізілетін ойындарды ұсынуға болады. Оқушыларға өтілген және басқа да ойындарды өздігінше өткізуге тапсырма беріп, оны сұрақтар беру арқылы тексеріп отыру керек .

2-сынып. 2-сыныпта бірінші оқу жылындағы ойындар жетілдіріліп, күрделенеді және топпен жүргізілетін ойындармен толықтырылады. Мұнда топ мүшелерінің ұйымшылдығы қажет. Мысалы, 1-сыныпта өткізілген «Біз көңілді балалар», «Екі аяз» ойындарының орнына, 2-сыныпта ойыншыларды ұстап алуға арналған «Балықшы мен балықтар» ойынын ұсынуға болады. 2-сыныпта командалар арасынан эстафеталық жарыстарды үзіліссіз қарапайым тапсырмалар берк арқылы өткізген тиімді. Бұл жағдайда балалар өз кезегін көп күтпес үшін ойыншыларда 4-5 топқа (командаға) бөлу керек, өйткені олардың төзімділігі әлсіз және көп уақыт қозғалыссыз тұру оларға қиындық соғады.

2-сынып оқушылары үшін ойын түрлері төмендегідей бөлінеді: жалпы дамытатын жаттығу элементтері басым ойындар – «Тез жүр», «Тиым салынған қозғалыстар», «Сақшылар мен барлаушылар», т.б. 3-4 ойын.

Жүгіру элементтері басым ойындар басым ойындар – «Қолыңды бер», «Жылдамдыққа арналған эстафеталар», «Нөмірді шақыру», «Інсіз қоян», т.б. 4-5 ойын.

Секіру элементтері басым ойындар – «Қармақ», қысқа секіртпемен секіру, ұзындыққа және биіктікке секіруге, қарапайым секіру кезіндегі қиындықтарды жеңуге арналған эстафеталар, т.б. 3-4 ойын.

Лақтыру, допты қағып алу және беру элементтері басым ойындар – «Токта», «Доп ортада», «Допты шеңбермен жүгірту», «Бекіністі қорғау», т.б. 4-5 ойын.

2-сыныпта сабақта үйренген ойын түрлерін үй ауласында ойнаған жағдайда сынып алдында мадақтап, жоғары баға қою ескерілуі керек.

3-сынып. 3-сыныпта ойындар уақыты жағынан 1-2 сыныпқа қарағанда ұзақ болады. Бір ойын сабақтың негізгі бөлімінің барлығын алуы мүмкін. Мысалы, «Аңшылар мен үйректер», «Атысу» т.б.

Жалпы дамытатын жаттығу элементтері басым ойындар – «Ақ аюлар», «Шақыру», «Секіруден кейін секіру», «Биіктікке және ұзындыққа секіру эстафеталары», т.б. 3-4 ойын.

Лақтыруға, допты беру және қағып алуға арналған ойындар – «Аңшылар мен үйректер», «Жолдасынды қорға», «Жүргізушіге допты берме», «Атысу», [2, 19 б] т.б. 5-6 ойын.

Бұл жаста күшті қажет ететін ойындарды ұсынуға болады. Жүппен және топпен жекпе-жекке шығатын ойындарды өткізген жақсы «Ортаға тарт», «Қораздар соғысы», 2-3 ойын.

4-сынып. 4-сынып оқушыларына ұжымдық ойындарды өткізген тиімді. Бұл спорт ойындарының элементтері бар командалық ойындарды ұсынуға мүмкіндік жасайды. Сондай-ақ таныс ойындарды қолдануға болады, бірақ оның орындалу сапасына үлкен талаптар қойылады.

Дене өсуінің мүмкіндігін ескере отырып 4-сынып оқушыларының күрделі жаттығуларды орындауға деген қызығушылықтарын ескере отырып аз күш түсіретін ойын элементтерін қолдану керек.

Оқушылар ойын нәтижесінде ғана емес, түрлі қимыл-қозғалыстарды сапалы орындауға деген сезімі жоғарылап, қиын жағдайдан тез жол тауып шығатындарды жоғары бағалайды.

Ұжымдық қатынасты сезінген сайын, олардың достарымен түрлі ойындар ойнауға талпынысы күшейеді.

Жүгіру элементтері басым ойындар – «Жүппен ұстау», «Ту үшін күрес», «Қарама-қарсы эстафеталары», т.б. 3-4 ойындар.

Секіру элементтері басым ойындар – «Аяқ астындағы жіп», «Қармақ» (командалық), т.б. 3-4 ойын.

Допты қағып алу және беру элементтері басым ойындар – «Кіші доппен нысанаға дәл тигізу», «Қала артындағы қала», «Жылжымалы нысана», «Дәл нысанаға», «Допты аяқ астынан, жоғарыдан және құрамалы беру жарысы», «Допты алып жүру және беру эстафеталары», т.б. 4-5 ойын.

Жүппен және топпен қарсыласу элементтері басым ойын түрлері – «Жүппен тартысу», «Ортаға тарт», «Шеңбердегі күрес», т.б. 3-4 ойын.

5-сынып. 5-сыныпта жеңіл атлетика, гимнастика және спорттық ойын элементтері басым қозғалыс ойындары көптеп енгізіледі. 1-4 сыныпта өткен ойын түрлері қайталанып, күрделене түседі.

Қол добы және баскетбол элементтері басым ойындар – «Доп үшін күрес», «Доп капитанда», «Пионербол», «Атысу», т.б.

Волейбол элементтері басым ойындар – «Волейболшылар қозғалысы», «Ұшатын доп», «Допты жоғарыдан, төменнен қабылдау эстафеталары».

Футбол элементтері басым ойындар – «Шеңберде допты аяқпен беру», «Допты аяқпен алып жүру эстафетасы», т.б.

Секіру элементтері басым ойындар – орында тұрып ұзындыққа секіруге арналған командалық жарыстар, «Қайталама жүгіру».

Жүппен және топпен қарсыласу элементтері бар ойын түрлерін қайталау.

6-сынып. Баскетбол және қол добы ойындарының элементтері бар, допты берудің түрлі тәсілдері, командалар арасындағы допқа таласу эстафеталары – «Допқа таласу», «Доп үшін күрес» [4, 31 б], т.б.

Волейбол ойынының элементтері бар ойындар – «Волейболшылар қозғалысы» ойыны, «Волейбол элементтері бар эстафеталар» [4, 38 б].

Футбол ойынының элементтері бар ойындар эстафеталар, әртүрлі тәсілдермен допты беру, допқа таласу – «Қабырғаға сок» ойыны, допты кедергілер арасынан аяқпен алып жүру эстафеталары.

Секіру элементтері басым ойындар – кедергілерден секіріп өту эстафеталары, т.б.

Жүппен және топпен қарсыласу элементтері бар ойындар – «Күштілер мен ептілер», т.б.

7-сынып. Қозғалыс ойындарын сабақ барысында белгілі бір спорттық ойын түріне дайындық ретінде және жекелеген тәсілдер мен дағдыларды бекіту үшін қолданылады.

Баскетбол және қол добы элементтері бар ойындар, үйретілген ойындар ойналады. Сондай-ақ – «Доптан озу», «Бестіктер шабуылы», т.б. ойындар өткізуге болады.

Волейбол элементтері бар ойындар «Волейболшылар қозғалысы» ойынынан басқа «Нысанаға тигізу» т.б. әртүрлі эстафеталар қолданылады.

Футбол элементтері бар ойындар «Допты аяқпен және баспен тор үстінен өткізу», «Допты аяқпен жүргізу» эстафеталары т.б.

Карсы әрекет ету элементтері бар ойындар – «Шеңберден итеріп шығару», «Арқан тарту», «Дөңгелек», т.б. ойындар.

8-11 сыныптарда қозғалыс ойындарының орнын спорттық ойындар алады. Қозғалыс ойындары оқушының көңілін көтеру үшін, қыздырыну үшін, жарыс арқылы өтетін спорттық ойындардың техника және тактикалық тәсілдерін бекіту үшін «Волейболшылар қозғалысы», ойынын бір уақытта барлық оқушылардың қатысуымен өткізуге болады. Бұл үшін сыныпта 3-4 командаға бөліп, олардың арасында жарыс өткізу керек. Әр топтағы ұпайды және қателіктерді санап салыстырады. Сабақта барлық оқушыларды қатыстыру арқылы «Доп үшін күрес» ойынын (баскетбол ойынындағы тәсілдерді жетілдіру мақсатында) және футбол, жеңіл атлетика, гимнастика элементтері бар әртүрлі ойындарды ұйымдастыруға болады.

Мақалада көрсетілген қозғалыс ойындары барлық сыныптар үшін үлгі бола алады. Әрбір мұғалім сабақ мақсатына сәйкес, мектептің орналасу жағдайына, құрал-жабдықтардың санына, сапасына байланысты өзіне қажетті және басқа да қозғалыс ойындарын таңдауына болады. Бұл үшін ойын жинақтары мен оқу құралдарын пайдалану керек. Мұғалім сабақ барысында оқушылардың дене сапаларын дамытатын ұлттық ойындарды тандап, сабақты мүмкіндігінше спорт алаңында өткізгені дұрыс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Құлназаров А.Қ., Тайжанов С. Бастауыш сыныптардағы дене тәрбиесі / Әдістемелік құрал. - Алматы, 2004. – 128 б.
2. Есиркепов Ж.М., Егізбаев Ж.Ә., Ким А.В., Мұстафаев Е.Т. Қимылды-қозғалыс ойындарды оқыту әдістемесі / Оқу-әдістемелік құрал. - Қызылорда, 2004. – 154 б.
3. Төтенаев Б., Басыбеков Б. Дене шынықтыру / 4-сыныпқа арналған оқулық. – Алматы «Атамұра», 2000. – 97б.
4. Тайжанов С., Құлназаров А.Қ. Дене тәрбиесі / 6-сыныпқа арналған оқулық. – Алматы «Атамұра», 2002. – 160 б.

ЕСИРКЕПОВ Ж.М. МЕТОДЫ ПРОВЕДЕНИЯ ПОДВИЖНЫХ ИГР В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЕ

В статье рассматриваются виды и методы проведения подвижных игр на уроке физической культуры в общеобразовательной школе с учетом возрастных особенностей детей. Вместе с тем, предлагаются варианты игр конкретно для каждого класса, игры для восстановления дыхания школьников после выполнения основной нагрузки занятия. В ходе подвижных игр были использованы гимнастика, легкая атлетика, прыжки в направлении спортивных игр, метание, перевозка,

лазание, бег, физические способности (выносливость, ловкость, скорость, сила, гибкость), в результате чего воспитывается воля, гражданские качества (трудолюбие, дружбу, смелость, справедливость и др.); решаются задачи развития, воспитания, оздоровления. Также сообщается, что развитие детского организма способствует укреплению костно-мышечного аппарата.

Ключевые слова: школа, подвижные игры, воспитание, класс, физическая культура, учитель.

ESIRKEPOV Zh.M. METHODS OF OUTDOOR GAMES AT SCHOOL

The article discusses the types and methods of moving games during physical education lessons in secondary school, when the children's age characteristics are taken into account. The author presents the games designated for every form, aiming at the recovering respiration of the pupils after performing the main part of the tasks. For this purpose, gymnastics, athletics, jumping, throwing, transportation, climbing, running have been employed, providing the development of the physical ability (endurance, agility, speed, strength, flexibility), will, civic qualities (diligence, friendship, courage, justice and others). The problems of development, education, rehabilitation are developed along these tasks. Also, it is mentioned that the development of the child's body helps to strengthen the musculoskeletal system.

Keywords: school, outdoor games, education, class, physical education, teacher.

ЖАС ҒАЛЫМДАР ІЗДЕНІСІ

ӘОЖ 502.3

АВТОМОБИЛЬ КӨЛІГІНІҢ ЖАНУ ӨНІМДЕРІНІҢ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРІ

АЗЫБАЕВА Ж.М.

Қоршаған ортаның, әсіресе үлкен қалалар жағдайының нашарлауының негізгі себептері ретінде автокөлік құралдары санының күрт өсуін атауға болады. Бұл өз кезегінде іштен жану қозғалтқыштарынан сыртқы қоршаған ортаға шығарылатын пайдаланылған газдардың құрамындағы улы қалдықтар мөлшерінің артуына артуына алып келеді. Сондықтан зиянды заттардың шығарылуын азайту жұмыстары өзекті мәселе болып табылады.

Мақалада автокөліктердің жану өнімдерінен шығатын улы газдар мен зиянды заттардың экологиялық қаупі және оларды төмендету мәселелері қарастырылған.

***Кілт сөздер:** автокөлік жану өнімдері, улы газдар, парниктік эффект, канцерогенді-мутагенді қауіптілік.*


Қазіргі кезде автокөлік құралдары халық шаруашылығының энергия көздерін ең көп қолданушы салаларының бірі болып табылады. Оның даму деңгейінің шамасына байланысты оның үлесіне, барлық пайдаланылған мұнайдан алынатын сұйық жанармайлардың 60 % тиесілі, ал оның қоршаған ортаға зиянды қалдықтар шығару бойынша меншікті үлесі 80% құрайды.

Көлік экологиялық бейтарап емес, бірақ көлік түрлері қоршаған ортаға әсер етудің әртүрлі дәрежесіне ие. Автокөлік шығарындылары стационарлық көздермен шығарылатын шығарындыларға қарағанда едәуір улы, ауа құрамындағы оттегін белсенді түрде пайдаланушы болып есептеледі. Егер де адам баласы тәулігіне шамамен 20 кг (15,5 м³), ал жылына 7,5 тонна ауаны пайдаланса, автомобиль 1 кг бензинді жағу үшін орта есеппен 12 м³ ауа немесе оттегілік эквивалентпен алғанда шамамен 250 л оттегі шығындайды. Жұмыс істеп тұрған автомобиль қоршаған ортаға улы әсері бар 200-ден астам заттар мен қосылыстарды бөледі [1].

Көліктерде улы заттардың бірнеше көзі бар, олардың негізгі үшеуі:

- Шығатын газдар
- Картер газдары
- Жанармай буы

Төменде суретте автокөліктен бөлінетін улы заттардың көздері көрсетілген.



1- сурет. Автокөліктен бөлінетін улы заттардың көздері

Олардың арасында азот оксиді, көмірсутектер, ауыр металл оксиді, күкірт диоксиді бар. Осы ластаушылардың әрқайсысының адам денсаулығына әсер ету тұрғысынан өзінің ерекшелігі бар екенін атап өту қажет. Мысалы, көміртек оксидінің шекті рұқсат етілген концентрациясы көру өткірлігінің нашарлауына, мидың кейбір психомоторлық функцияларының бұзылуына, жүрек пен өкпе қызметінің өзгеруіне әкеледі. Көміртегі оксидінің ағзаға әсер ету дәрежесі оның концентрациясына ғана емес, сонымен қатар адамның газдалған ауада өткізген уақытына да байланысты. Күкірт диоксиді мен күкіртті ангидрид бөлшектермен және ылғалмен біріккенде адамға, тірі организмдер мен материалдық құндылықтарға аса зиянды әсер етеді. Қосылыстар тыныс алудың қиындауы симптомдарының ұлғаюына және өкпе ауруларының ұлғаюына әкеледі. Азот оксиді жоғарғы тыныс жолдарының тітіркенуін, бронхит тудырады, анемияның дамуына және жүрек аурулары ағымының нашарлауына ықпал етеді. Қорғасын адам денсаулығына ұзақ уақыт бойы теріс әсер етеді. Ол қан түзілу, бауырдың, бүйректің, иммундық жүйенің зақымдануын тудырады. Қорғасынның қауіптілігі оның айтарлықтай уыттылығымен және организмде жинақталу қабілеттілігімен айқындалады. Альдегидтер ағзаның вирустық ауруларға сезімталдығын арттырады, өкпені тітіркендіреді, бронхит пен пневмонияны тудырады. 70-ке жуық ауру автомобильдердің пайдаланылған газдарынан туындайды, алайда, ең үлкен қауіп-қатер осы «коктейльмен» кептеліс уақыттарында тыныс алу өкпелік шок тудырады [2].

Көліктің жанармайының қоршаған ортаға әсері және оның ауыр салдары төменде 1- кестеде келтірілген.

1 – кесте. Көліктің қоршаған ортаға әсері және оның ауыр салдары

Көліктің қоршаған ортаға әсері және оның ауыр салдары	Парниктік эффект. Шығарылатын газдардың атмосфераға енуіне байланысты оның тығыздығы артып, парниктік әсер пайда болады.
	Экологиялық мәселелер. Автомобильдердің кеңінен қолданылуы ауа, су және атмосфераның ластануына әкеледі. Мұның бәрі адамзаттың денсаулығының нашарлауына әкеледі.
	Қышқыл жаңбыр шығарылған газдың әсерінен пайда болады. Олардың әсерінен топырақ құрамы өзгереді, су объектілері ластанып, адамдардың денсаулығы нашарлайды.
	Экожүйенің өзгеруі. Жер бетіндегі барлық тіршілік автокөліктен жанармайынан бөлінген зиянды газдардан зардап шегеді, бұл жануарлардың кейбір түрлерінің жойылып кетуіне әкеледі. Флора өкілдерінің арасында табиғи тыныс алудың бұзылуы да кездеседі.

Сондай-ақ жазда қозғалыс жанданған көшелерде ерекше атмосфералық құбылыс – «фотосмог» пайда болады. Ыстықта ультракүлгін сәулелендіру кезінде улы оксидтер жерге жақын қабатта ұшатын қосылыстар түзеді. Бұл қауіпті озон, онымен тыныс алу өте зиянды. Автомобиль шығарындылары – бронх демікпесіне бейім балаларда ауыр демікпе ұстамаларының дамуына ықпал ететін ең маңызды факторлардың бірі. Мұндай қорытындыға түрлі экзогенді факторлардың бұл аурудың барысына әсерін зерттеген ағылшын пульмонологтары келді. Адам денсаулығы тек тұқым қуалаушылықпен ғана емес, сонымен қатар қоршаған ортаның сапасымен де анықталады. Бүгінгі күні экология тұрғысынан, халықтың денсаулығының нашарлауы, ең алдымен, атмосфералық ауаның ластануының салдары болып табылады.

Автокөлік қатты қалдықтардың пайда болуына, ауа мен топырақтың ластануына, үлкен аумақтардың қоқыстануына, вибрацияға, электромагниттік сәулеленуге, тиісті ландшафтық өзгерістерге әкелетін көлік инфрақұрылымы объектілерінің құрылысына және автокөлік құралдарын сақтауға, қауіпті жүктерді және т. б. тасымалдау кезінде кездесетін авариямен байланысты табиғи ортаның ластануына әкеледі [3].

Ластаушы және улы заттар үлкен қашықтыққа көшіп, шөгінділермен топыраққа, жер үсті және жер асты суларына, мұхиттарға түседі, қоршаған

ортаны уландырады, өсімдік биомассасын алуға теріс әсер етеді және биосфераның көптеген элементтерінің айналымдарына қосылады. Атмосфералық ағындардың айналымы жергілікті климаттық жағдайларға, ал олар арқылы - өзендер режиміне, топырақ-өсімдік жамылғысына және рельеф түзілу процесіне әсер етеді. Демек, биосфераның (атмосфераның) сыртқы қабығының массасы ғаламшардың массасымен салыстырғанда өте аз болғанымен, оның барлық табиғи процестердегі рөлі зор.

Ауаның ластануы қаланың табиғи ортасының жай-күйіне теріс әсер ететін негізгі фактор болып табылады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) деректері бойынша қазіргі уақытта адам ауруларының 40-тан 50% - ға дейін түрі қоршаған ортаның өзгеруіне және ең алдымен атмосфераның ластануына байланысты болуы мүмкін. Қазіргі уақытта автомобиль көлігі атмосфераға зиянды заттарды шығарудың негізгі көздерінің бірі болып табылады, сондықтан олардың қоршаған ортаға және адам денсаулығына теріс әсері айтарлықтай ауқымға жетті [4].

Автокөлік қалдықтарынан атмосфералық ауаның ластануына әсер ететін негізгі факторлар автомобиль паркінің айтарлықтай өсуі және халықаралық автотасымалдар көлемінің ұлғаюы, көлік инфрақұрылымының баяу дамуы, қозғалысты ұйымдастырудағы кемшіліктер, пайдалану базасының артта қалуы, елде өндірілетін автомобильдердің экологиялық сипаттамаларының төмендігі, пайдаланылатын моторлы отын сапасының қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келмеуі болып табылады. Еліміздегі экологиялық жағдайды және проблеманы шешуде кешенділіктің болмауы, автомобиль көлігін өндіру мен пайдаланудағы нормативтік-құқықтық базаның ескіруі, әкімшілік және экономикалық шаралардың тиімсіздігі қиындатады. Орташа алғанда, жылына автомобиль атмосфераға (кг/жыл): улы газ - 700, азот диоксиді - 40, жанбаған көмірсутектер - 230 және қатты заттар - 2 - 5 тастайды. Сонымен қатар, көптеген этилденген бензинді қолдануға байланысты қорғасын қосылыстары көп шығарылады. Бақылаулары үлкен жолдың жанында орналасқан үйлерде (10 м дейін) тұрғындар 50 м қашықтықтағы үйлерден 3 - 4 есе жиі обырмен ауыратынын көрсетті [5].

Қорыта келгенде, автомобиль құралдарының канцерогенді-мутагенді қауіптілігін азайту жолдары:

- біріншіден, іштен жану қозғалтқыштарын техникалық жақсы жұмыс жағдайында ұстап тұру;
- мотор майларындағы АУ ғана емес ПАУ деңгейін шектеу қажет;
- шығарылған газдарды каталитикалық нейтрализаторлардың (тотықтырғыш, биофункционалды және жинақтаушы типтегі) заманауи түрлерін қолдану;

- құрамында қауіпті заттары бар арзан бензиннің орнына тазартылған отынды қолдану;
- балама энергия көздерін пайдалану;
- қозғалтқыштың жаңа түрін құру;
- көлікті дұрыс пайдалану;
- жылына бір рет «Көліксіз күн» деп аталатын акция ұйымдастыру.

Қала жағдайында атмосфераның ластануын азайтудың радикалды тәсілі жолаушылар тасымалы үшін электр тартқыштарды (троллейбустар мен электр қозғалтқыштары бар автобустар), сондай-ақ отын элементтерінің базасында қуатты қондырғысы бар электромобильдер мен автомобильдерді пайдалануды кеңейту болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Казыбеков А.К., Рахманов А.А., Сырғабаев М.Н. Автомобиль көлігінің қоршаған ортаға әсерін талдау. М.Х. Дулати атындағы ТарМУ.
2. Абсеитов Е.Т. Промышленная экология: Учебник, - Алматы, Нур-Принт, 2016. С. 230-235.
3. Ахметкалиева Н.О., Жапарова С.Б. Влияние плотности автомобильных дорог на качество атмосферного воздуха в городе Кокшетау. // А.Мырзахметов атындағы Көкшетау Университетінің хабаршысы. 20113. № 1. 122-124 бет.
4. Мельников А.А. Проблемы окружающей среды и стратегия ее сохранения. - М.: Академический Проект; Гаудеамус, 2009.
5. Макеева Л.А., Белошицкая М.В. Анализ количественного и качественного состава автомобильного парка г.Кокшетау. // А.Мырзахметов атындағы Көкшетау Университетінің хабаршысы. 2013. № 1 95-98 бет.

AZYBAEVA Zh.M. ВОЗДЕЙСТВИЕ НА ОКРУЖАЮЩУЮ СРЕДУ ПРОДУКТОВ СГОРАНИЯ АВТОМОБИЛЬНОГО ТРАНСПОРТА

Одной из основных причин ухудшения состояния окружающей среды, особенно в крупных городах, является резкое увеличение количества транспортных средств. Это приводит к увеличению количества токсичных остатков в выхлопных газах, выбрасываемых из двигателей внутреннего сгорания во внешнюю среду. Поэтому сокращение выбросов вредных веществ является актуальной проблемой.

В статье рассматривается экологическая опасность токсичных газов и вредных веществ, выделяемых продуктами сгорания, и их снижение.

***Ключевые слова:** продукты сгорания автомобилей, токсичные газы, парниковый эффект, канцерогенно-мутагенная опасность.*

AZIBAeva Zh.M. IMPACT OF COMBUSTION PRODUCTS OF AUTOTRANSPORT ON THE ENVIRONMENT

One of the main causes of environmental degradation, especially in large cities, is a sharp increase in the number of automobiles. This leads to an increase in the amount of

toxic residues in the exhaust gases emitted from internal combustion engines into the external environment. Therefore, reducing emissions of harmful substances is an urgent problem.

The article considers the environmental hazard of toxic gases and harmful substances emitted by combustion products, and their reduction.

Keywords: *automobile combustion products, toxic gases, greenhouse effect, carcinogenic-mutagen hazard.*

УДК 37.013:333.52

ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕПТЕРІНДЕ АРАЛАС ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

ӘЛІМҚҰЛОВА Б.Т.

Бұл баяндамада аралас оқыту технологиясының білім беру жүйесін жақсартудағы алатын орны, сонымен қатар аралас оқытудың құрамдас элементтері болып табылатын қашықтықтан оқыту мен интернет арқылы оқытуды Қазақстан мектептерінде қолданудың қазіргі жағдайы баяндалған.

Мектептерде аралас оқыту технологиясының модельдерін ішінара пайдалану үшін ViliBook оқыту жүйесі қолданылады. Бұл Интернетке қатысы жоқ шағын жинақты мектептерде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу қарқынын арттыруға көмектеседі. Демек, ViliBook оқыту жүйесін пайдалану барлық мектептерде аралас оқыту элементтерін енгізуге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: *Аралас оқыту, қашықтықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.*

Білім берудің қазіргі заманғы жүйесі қалыпты, мықты, базалық білім беру ғана емес, сонымен қатар инновациялар туралы ойлайтын, неғұрлым сындарлы бола алатын креативті, жасампаз білім алушыларды дайындау қажет. Аралас оқытудың модельдері, түрлері мен артықшылықтары алдын ала зерттеліп Қазақстан Республикасы Білім беру жүйесінің барлық буындарына енгізілуі тиіс. Бұл біздің елге келе жатқан цифрлық дәуірдің сындарын жеңуге, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын орындауға және әлемнің бәсекеге қабілетті 30 елінің қатарына сәтті кіруге мүмкіндік береді.

2017 жылдың қыркүйегінде цифрландыру мәселелері жөніндегі республикалық кеңес барысында еліміздің «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы таныстырылып, Қазақстан халқына жариялаған Жолдауда үшінші жаңғыртудың өзегі цифрландыру болып табылатыны атап өтілген [1].

Бұл жағдайда білім беру жүйесінің алдында үздіксіз білім беру үшін оқытудың қазіргі заманғы технологияларын игеру және уақытылы енгізу міндеті тұр. Мұнда бірінші орында цифрландыру құралы ретінде аралас оқыту технологиясын (Blended Learning) атауға болады. Қазіргі жастарды цифрлық дағдылармен қаруландыру өте маңызды, оның үстіне мұндай дағдыларға деген қажеттілік арта түсуде.

Аралас оқыту (Blended Learning) – білім алушыға онлайн білім беру тұжырымдамасы, яғни ол өздігінен және оқытушымен бірге білім алуды жүзеге асыруға арналған. Мұндай тәсіл материалды зерттеу уақытын, орнын, қарқынын және жолын бақылауға мүмкіндік береді. Бұл ретте, егер оқу уақыты 30%-дан 79% - ға дейін онлайн жүргізілсе, онда оқыту аралас деп танылатынына назар аудару керек. Оның ерекшеліктерінің арасында келесі аспектілерді бөліп көрсетуге болады: оқытуды дараландыру, сабақта уақытты үнемдеу, білім беру траекторияларының вариативтілігі, оқытудың асинхронды болуы, өзара әрекеттесу үшін жаңа мүмкіндіктер, оқушы мен білім беру мазмұны арасындағы тізбекті қысқарту.

Аралас оқытудың құрамдас элементтері сыныпта оқыту, қашықтықтан оқыту және интернет арқылы оқыту болып табылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктері аралас оқытудың белсенді дамуына ықпал етті, ол онлайн режимінде толық болып жатқан оқытудан әлдеқайда тиімді болды. Бұл ғылыми зерттеулермен дәлелденген. АҚШ-тың білім беру бойынша федералды департаментінің тапсырысы бойынша Стэнфорд университетінің мамандары мындаған эмпирикалық зерттеулерге талдау жасады, онда дәстүрлі, онлайн және аралас оқыту салыстырылды [2].

Зерттеушілердің пікірінше, аралас оқыту «Дәстүрлі және қашықтықтан оқыту формаларының интеграциясы» болып табылады және оның болашағы зор.

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «Шағын жинақты мектептерге арналған ресурстық орталықтарда қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру» атты әдістемелік ұсынымдарында еліміздің тірек мектептерінің тәжірибесін зерттеу нәтижелері бойынша бүгінгі күні кейбір жағдайларда қашықтықтан оқыту вебинарлар жүргізумен, мұғалімдер мен оқушыларға онлайн-кеңес берумен, сессияаралық кезеңде дербес жұмыс тапсырмаларын жіберумен шектелетінін көрсетеді.

Аталған әдістемелік ұсынымдар ІТ-технологияларды пайдаланатын тірек мектебінде қашықтықтан оқытуды енгізу стратегиясын анықтауға көмектеседі. Онда бүгінгі күні республикада тек 557 (18,8%) шағын жинақты мектептер 169 тірек мектептермен (ресурстық орталықтармен) қамтылғандығы айтылған [3].

Сонымен қатар, әдістемелік ұсынымда Қарағанды және Павлодар облыстарының тірек мектептерінде шағын жинақты мектептер үшін қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың жақсы тәжірибесі, ресурстық орталықтардың жұмыстары зерделенген. Онда жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық цикл пәндері бойынша бейіндік курстарды ұйымдастырудың оқу-әдістемелік кешені мен СБР әзірленгені және «Инженерлік модельдеу және робототехника», «топырақтың химиялық құрамын зерттеу» зертханалары, өндірісті автоматтандыру бағдарламаларының негіздерін зерттеу жөніндегі электротехникалық шеберхана жұмыстары арқылы дамытушы компоненттерді іске асыратыны көрсетілген. Мектеп кітапханасы автоматтандырылған ақпараттық-кітапхана жүйесіне қосылған, оқу залында пайдаланушылар үшін компьютерлер бар.

Шағын жинақты мектептердегі техникалық мүмкіндіктер сәйкес келген жағдайда жоғарыда аталған орталықтарда әзірленген сабақтар қашықтықтан өткізілуі мүмкін. Демек, қашықтықтан оқыту шағын жинақты мектептердің басшылығы үшін тұрғылықты жеріне қарамастан біліктілігі жоғары пән мұғалімдерін тартуға мүмкіндік береді.

Білім беру мекемелерінің өзара байланысын орнату арқылы білім беру ресурстарымен өзара алмасу негізінде оқытуды ұйымдастыру Шағын жинақты мектептер үшін білім беру сапасын жақсартуда тиімді болатыны сөзсіз. Бұл жағдайда оқушылар, аудиторияда өз орындарында отырып-ақ, тандаған бейіндік, элективті курстардың базалық және бейіндік пәндерін қашықтықтан меңгере алады, мұғалім болмаса да, тиісті желілік ресурстарға қол жеткізе алады және оларға педагогикалық қолдау көрсетіледі. Қазіргі уақытта шалғайдағы ауылдық шағын жинақты мектептер үшін кадрлардың тапшылығына байланысты қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану әрі қажеттілік, әрі қазіргі уақытта оқу процесін тиімді ұйымдастырудың жалғыз тәсілі.

Сондықтан да, бүгінде Интернетсіз шағын жинақты мектептерге ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізуді жеделдету үшін тиісті жағдайлар жасау жұмыстары жүргізілуде. Шағын жинақты мектептерде білім беру процесін ұйымдастыру кезінде BilimBook білім беру жүйесі қолданылады. Бұл жүйе жетекші халықаралық білім беру орталықтарымен тығыз қарым-қатынас орнату арқылы алынған технологиялар мен алдыңғы қатарлы тәжірибелерге сүйене отырып, *Bilim Media Group* компаниясының *BilimLand.kz* әмбебап білім беру платформасы базасы негізінде жасалған [4].

Аталған жобаның мақсаты шағын жинақты мектептерде жекелеген оқыту қондырғыларын енгізе отырып, қала және ауылдық мектептер арасындағы білім беру сапасының алшақтығын төмендету, инновациялық

педагогикалық технологиялар мен әдістемелер арқылы оқыту сапасын арттыруға ықпалын тигізу, жеке білім беру траекториясына жағдай жасау, Интернетсіз шағын жинақты мектептерде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу қарқынын арттыру болып табылады.

Бұл тәсілдің негізгі идеясы кез келген жерде: мектепте, үйде, кітапханада оқушылардың жаңа сапасы мен білімін қалыптастыру үшін белсенді органы қалыптастыру болып табылады. Балалар планшетті үйге жеткізген соң, ата-аналар да оқу процесіне қатыса бастайды. Электронды оқыту үдерісімен айналысу планшет Интернетке қосылған, қосылмағанына байланысты емес.

BilimBook барлық жастағы оқушыларға арналған, сондықтан 1-11 сынып аралығындағы барлық білім беру мәселелерін қарастырып, сонымен қатар мектепке дейінгі тәрбиені қамтыды. Планшеттік контент шағын комплектілі мектептің біріктірілген сыныптарының ерекшеліктерін ескеретін оқытудың жаңа әдістемесін қалыптастыруға бағытталған. Бір мұғалім электрондық ресурстарсыз әр түрлі жастағы және деңгейдегі балаларды оқыта алады.

Осы оқыту жүйесін шағын жинақты мектептерде қолдану 2017 жылдың 1 қыркүйегінен басталды, алғашында "Bilim Media Group" пилоттық жобасы аясында еліміздің 3 шағын жинақты мектептерінде, кейіннен барлық мектептерде пайдалану қолға алынды.

«BilimBook» жобасы бірнеше мақсаттарды көздейді:

1. Шағын жинақты мектептерде жеке оқу құралдарын енгізу.
2. Шағын жинақты мектептерде білім беруді дараландыру үшін жағдай жасау.
3. Интернет желісіне қарамастан шағын жинақты мектептерде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізуді күшейту.
4. Аралас оқыту технологиясының модельдерін ішінара қолдану жолымен шағын жинақты мектептерде оқыту сапасын жақсартуға жәрдемдесу.

Сонымен, мектептерде оқыту сапасын арттыру үшін аралас оқыту технологиясы моделін ішінара пайдаланып осылай назар бөлу оқушыларды қолдауға мүмкіндік береді және оқу процесін техникалық қамтамасыз етудің күрделілігін жеңуге көмектеседі.

Интернет арқылы оқытуда интернет ресурстарды пайдаланудың да маңызы зор. Алайда, интернеттегі ресурстардың барлығына ортақ кемшілік – оқу материалының қазақ тіліндегі нұсқаларының жеткіліксіздігі. Осындай кемшілікті жою мақсатында Қызылорда қаласындағы химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев зияткерлік мектебінің математика пәні мұғалімдерінің қолдауымен құрылған <https://nismath.org> сайты да атап өткен жөн.

Мұнда қазақ мектептерінде оқытылатын үш тілдегі оқулықтардың электронды нұсқалары, дидактикалық материалдар мен ресурстар қоры, мақалалар, форум, сол сияқты онлайн мектеп жүйесі қарастырылған.

Онлайн мектеп жүйесінде мұғалім өзі курстар салып, оқушыларға түрлі тесттер дайындап, оқу жетістіктерін бақылап отыра алады.

Шымкент қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектептерінде де Жаңа интерактивті мультимедиялық оқулықтар, симуляторлар және жаттығу құрылғылары, 3D роликтер мен бейнелер, виртуалды саяхаттар мен зертханалар, оқыту және дамыту ойындары мен қосымшалар жинақталған. Осы және басқа да қосымшаларды мектеп оқушылары мен мұғалімдері сабаққа өз бетінше дайындалу және алған білімдерін бекіту үшін қосымша ресурс ретінде пайдалануы мүмкін [5].

2021 жылға қарай «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасында көзделгендей, Қазақстан халқының базалық цифрлық сауаттылығы одан әрі өсуі үшін баршамыз білім беру жүйесінің барлық буындарын техникалық қолдауға белсенді қатысуымыз қажет. Тек осылайша, бірлескен күш-жігермен креативті қоғамды қалыптастыруға болады. Мұндай бірлестік Қазақстанға ортақ мақсаттарға – цифрлық дәуір басталған әлемнің алдыңғы қатарлы елдеріне қосылуға, яғни Қазақстанның әлемнің бәсекеге қабілетті 30 елінің қатарына кіру міндетін орындауға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Цифровизация как путь к успеху // Казахстанская правда. – 2017. – 14 сент.
2. Андреева, Л. В. Рождественская және Б. Б. Ярмахов.Н. «Шаг школы в смешанное обучение» М.: Буки Веди, 2016.
3. ШЖМ үшін ресурстық орталықтарда қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018. – 125 б.
4. <https://bilimland.kz/kk>
5. www.nis.edu.kz

АЛИМКУЛОВА Б.Т. СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ПРИМЕНЕНИЯ ТЕХНОЛОГИИ СМЕШАННОГО ОБУЧЕНИЯ В ШКОЛАХ КАЗАХСТАНА

В данной статье рассматривается роль смешанной технологии обучения в улучшении системы образования. а также показано современное состояние использования дистанционного обучения и обучения через интернет в казахстанских школах, являющихся составными элементами смешанного обучения.

Для частичного использования моделей смешанной технологии обучения в школах используется система обучения BilimBook, призванная способствовать повышению повышению темпов внедрения информационно-коммуникационных технологий в малокомплектные школы, не связанные с Интернетом. Следовательно,

использование системы обучения BilimBook позволяет внедрять элементы смешанного обучения во всех школах.

Ключевые слова: смешанное обучение, дистанционное обучение, информационно-коммуникационные технологии.

ALIMKULOVA B.T. MODERN STATE OF THE USE OF MIXED LEARNING IN SCHOOLS IN KAZAKHSTAN

The article discusses the role of mixed learning technology in improving the education system. It also shows the current state of the use of distance learning and online learning in Kazakhstan schools, which are components of mixed learning.

For partial use of mixed models of learning technologies in schools the education system BilimBook is used. This will help to increase the pace of information and communication technology adoption in small schools with no access to the Internet. Therefore, the use of the BilimBook learning system provides for the introduction of mixed learning elements in all schools.

Keywords: mixed learning, distance learning, information and communication technologies.

ЭОЖ 94 (574)

XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУГЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚАТЫСУЫ

БАЙДУЛЛАЕВА А.Е.

Бұл мақалада, XX ғ. басындағы қазақ халқының әлеуметтік мәселелерін шешуге қатысқан қоғамдық-саяси ұйымдардың тарихы, мәдени-ағартушылық, қоғамдық-саяси салаларда жүргізген қызметтері баяндалады. XX ғ. басындағы қазақ ұлттық-демократиялық қозғалысының пайда болуы мен дамуын көрсету барысында патшалық өкіметтің отаршылдық саясатының қазақтың қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуына тигізген тікелей ықпалы, 1905-1907 жылдардағы орыс буржуазиялық-демократиялық революциясы тұсында ірі қалаларда оқыған қазақтардың алдыңғы буын өкілдерінің қоғамдық-саяси белсенділік танытулары, сондай-ақ, осы кезеңде алғаш рет қоғамдық ұйымдарға топтаса бастауы, ұлт зиялыларының қазақ халқының азаттығы жолындағы күресін жандандыру бағытында істеген алғашқы қадамдары, кейінгі буын жастардың 1914 жылғы Омбы қаласында тұңғыш рет «Бірлік» ұйымын құруы, 1916 жылғы 25 маусымдағы қазақ жігіттерін соғыстағы қара жұмысқа алу жөніндегі патшаның жарлығына байланысты ұлт зиялыларының бастамасымен оқыған қазақ жастарының майдандағы жұмысы қазақ жігіттерінің арасында қоғамдық-саяси сананы өрбіту тұрғысында жүргізген еңбектері қарастырылады. XX ғ. басындағы Түркістан өлкесіндегі ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың

жергілікті халықтың әлеуметтік мәселелерін шешуге талпынысы туралы зерттеліп, оның ішінде жер мәселесінде ұлттық мүддені қорғау, елге оралған босқындарға көмектер ұйымдастыру мен азық-түлік комитеттерінің құрамына өз өкілдерін енгізу, білім беру саласында ұлттық мектептердің негізін қалау бағытындағы іс-әрекеттерін мәлімдейді. Тарихи дерек көзі ретінде сол кезеңдегі бұқаралық ақпарат құралдарындағы материалдар пайдаланылады.

Кілт сөздер: «Шуро-и-ислам», қоғамдық-саяси ұйым, Уақытша үкімет, қоныс аударушылар, босқындар, жер мәселелері, аштық, мектеп, революция, ұлттық интеллигенция, көтеріліс.

Қазіргі қазақ қоғамындағы демократиялық жаңғырулар барысында жаңаша ой-пікірлер мен көзқарастарды қалыптастыру мақсатында өткен кезеңдегі қазақ халқының азаттық жолындағы күресі мен оның рухани түлеуін зерттеуде отандық тарих ғылымының алдында күрделі міндеттердің орын алып отырғандығы баршамызға белгілі. Осы орайда, республиканың тәуелсіздік тізгінін өз қолына алып, егемен ел болған жағдайында оның өткен дәуірдегі тарихын сол кезеңнің шындығына сай, идеология мен саяси қалыптардан ада, тарих ғылымында бұрын сыңаржақ баға беріліп келген мәселерді мейлінше ашып көрсете отырып, ақиқат, шындық, ғылыми және қоғамдық-саяси-әлеуметтік тұрғыдан саралаудың маңызы зор. Бұл күрделі міндеттерді шешуде, оның ішінде қоғамдық-тарихи-әлеуметтік сананы қалыптастыруда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың арнайы қаулыларымен 1997 жылды «Жалпы ұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргіндерді еске алу» [1] және 1998 жылды «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы» [2], ал, 1999 жылды «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы» [3] деп жариялаулары нәтижесінде қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы азаттық күрес тарихын қайтадан зерделеуде қол жеткізген табыстары күні бүгінгі тарих ғылымының дамуында үлкен мәнге ие болуда. Демек, осының арқасында отандық тарихтың жаңа және қазіргі дәуірлеріне сәйкес ірі тарихи кезеңдеріне, олардың ішінде XX ғ. басындағы ұлттық-демократиялық Алаш қозғалысына, Кеңес үкіметі жағдайындағы қарама-қайшылықтарға толы күрделі тарихи құбылыстарға байланысты тың деректер жаңадан ғылыми айналымға енуде. Дегенмен, отандық тарих ғылымының алдында әлі де толық зерттелмеген, күрмеуі шешілмеген өзекті мәселелер аз емес. Олардың санатына кезінде жалпы халықтық Алаш қозғалысының құрамдас бөлігі болып саналған қазақ ұлттық-демократиялық қозғалысының тарихы мен тағылымдарын ғылыми негізде саралауды, зерделеуді, жаңаша ой елегінен өткізуді жатқызуға болады. Міне, бұл жағдай біздің зерттеу жұмысымыздың өзектілігі мен тандалған тақырыбымыздың шынайылығын айқындай түсуге мүмкіндік береді. Шын мәнісінде, XX ғ. басы қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы

күресінің шарықтау кезеңі болып табылады. Қазақ өлкесінің XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында Ресей империясының саяси және экономиялық жағынан толық дәрежелі отар еліне айналуына, саяси-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени тұрғыда отаршылдық езгінің күшеюіне қарсы бағытталған наразылықтардың, 1905-1907 жылдардағы орыс буржуазиялық-демократиялық революциясы барысында дүниеге келген қазақ даласындағы ұлттық-демократиялық жаңғырулардың 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісімен, 1917 жылғы қос революция және азамат соғысы жылдарындағы қазақ халқының азаттық жолындағы күрестерімен ұласып, тереңдей түскені мәлім. Осы кезде ұлттың қамы, бостандығы, азаттығы, елдің бірлігі, тұтастығы, рухани-әлеуметтік мәдени өркениеттілігі үшін күрескен ұлт зиялыларының шоғырының қалыптасқандығы тарихи ақиқат. Демек, олардың көшбасшысы ретінде саналған Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ш.Бөкеев, С.Мендешев, Б.Қаратаев және т.б. ізбасарларының саясат сахнасына шығуын Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың мынадай тұжырымдарымен нақтылауға болады: «XX ғ. басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққандар әрі, ең алдымен, дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. XX ғ. басындағы қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар сабақтастығы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал. Олар өз қызметінің басты мұраты қазақ халқының ұлттық төлтумалығын сақтау, сонымен бірге, оның тарихи өткенін қалпына келтіріп, ұлттық санасын шындау деп санаған» [3, 16-17 бб.].

XX ғ. басында болған түрлі қоғамдық-саяси оқиғаларға байланысты ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдар жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартудың бірден-бір жолы патша өкіметі тұсында тартып алынған жерлерді халықтың пайдалануына мүмкіндік беру қажет деп есептеді. Уақытша үкімет нақты заң жобасы жасалғанша жерге қатысты жұмыстарды уақытша басқара тұруды жер комитеттеріне тапсырады. Осыған байланысты ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың өлкеде құрыла бастаған жер комитеттерінің қызметіне қызу араласты. «Қазақ» газетінің редакциясы жер комитеттерінің құрылуына қатысты: «Губернский, уездный, волосной жер комитеттері біздің қазақ жерлерінде ашылмақ. Қазақ жерді қалай пайдаланып отырғаны, жер жағынан қандай мұқтаждығы бар екендігі айтылмақшы» [4, 2 б.] деп, қазақ жерінің осы күнге дейін әділдікпен бөлінбегенін алға тартады. Сырдария және Жетісу облыстарында су мәселесі де жер мәселесімен бірдей маңызды болды. Себебі, қоныс аударушылар поселкелері өздері орналасқан жерлерінде суды пайдалану мен бөлуде шексіз билікке ие болды. Аталған екі облыста да өзінің «арық ақсақалдары» (су старшындары) мен «мирабтар»,

арнайы су әкімшілігі және су бөлу тәртібі болғанымен, мемлекет тарапынан су пайдалану бойынша заңдар болған жоқ. Арық ақсақалдары мен мирабтар патша әкімшілігінің бір бөлігі болғандықтан, әрдайым бай мен кулактардың мүдделеріне қызмет етті. ...Сонымен қатар, орыс қоныс аударушылары жерді өз бетімен басып алуға немесе тіпті «заңды бөлу» кезінің өзінде әрқашан суару каналдарының бастарында немесе суды басып алуға ыңғайлы жерлерде қоныстануға тырысты. Шымкент уезінің шаруа поселкелері жерді жалға алуға барынша ұмтылды, себебі, өздерінің пайдаланып отырған жерін өңдегеннен гөрі қырғыздардан құнарлы жерді төмен бағаға жалға алу (жыртқыштарша) олар үшін тиімді болды. Кейде қаражаттың жетіспеуінен және егін шаруашылығы құралдарының жоқтығынан да тұрғылықты халық жерді жалға беруге мәжбүр болды. Уақытша үкімет жерді иелену мен пайдалану мәселесін шешуді Бүкілресейлік құрылтай жиналысының еншісіне қалдырды. Ал, *өлкедегі қоғамдық-саяси ұйымдардың жер мәселесі туралы міндеттері мынандай шараларды жүзеге асырудан тұрды:* қоныс аударушыларды көшіріп әкелуді дереу тоқтатуға; қоныс аударушыларға арнайы бөлінген, бірақ, әзірше олардың қолына өте қоймаған жерлерді жергілікті халыққа шұғыл түрде қайтаруға әрекет жасау; жер дауын өршітпей, Бүкілресейлік құрылтай жиналысына дейін қазақтардың байырғы жерлерін, суару жүйелерін пайдаланып, өздерінің әлеуметтік жағдайын дұрыстауына ықпал ету. Ұйымдардың бұл ұстанымы Түркістан өлкесі мұсылмандарының 1917 жылы сәуірде өткен I съезінде және тамызда өткен Түркістан өлкесі қазақ-қырғыздарының жалпы жиналысындағы қаулыларына сай болды. Мысалы, Түркістан өлкесі қазақ-қырғыздарының жалпы жиналысында қазақтардың әлеуметтік мәселелерінің шиеленісіп, тұрмыс-тіршілігінің нашарлай түсуі патша өкіметі тұсында шаруашылыққа тиімді деген жерлердің тартылып алынуы мен суару жүйелерінің жеке адамдар қолына өтіп кетуіне байланысты екені баса айтылды. Осы съезде бұл мәселелерге байланысты төмендегідей қаулылар қабылданған еді:

«1. Қазақ-қырғыз өзі жерден уайымсыз бір жақты болғанша қазақ-қырғыз жерін алу әзірден тоқтатылсын;

2. Қазақ-қырғыздың жері өзіне тапшылық қылатын болған себепті қазақ-қырғыздан алынған мына түрлі жерлер бұлардың өзіне әзірден тоқтаусыз қайтарылсын: орыс ақсүйектері меншіктеп алған жерлер, қазына шаруашылық қылдырылатын жерлер, сонда кәсіпкер орнаған жерлер, курорт, яғни, кеселдер бағылатын дәрі сулары кені бар жерлер, сопыхананың (монастырь) жерлері, орыс переселендеріне бермекке даярлап қойған, бірақ, әлі берілмеген жерлер, оброчной статьялар, яғни, жұрт ақы төлеп пайдаланатын қазына меншігі болып кеткен жерлер, жөндеп диқаншылық қылып үлгі көрсетпекке деп бір рет біреулер өз мүлкі қылып алған жерлер,

ілгергі ат жеккен пошта жүретін жерлердегі қызыл үйлер, һәм гарнизон солдаттары бұрын пайдаланып тұратын жерлердің бүгінде солдаттар кетіп, яки, азайып босағандары;

3. Бос жерге орнамаққа жаңадан переселендер жазылуы бірден тоқтатылсын;

4. Орыс келіп орнап, әлі тегіс келіп жетпей алды келіп орнап жатқан жерде артық жер болса бәрі қазақ-қырғыздардың өзіне қайтарылсын;

5. Переселендерге беруге ыңғайлап хатталған қазақ-қырғыз қыстаулары, әлі қазақ-қырғыздың қолында болса, өзінде қала берсін, келіп қалған переселен крестьяндарға бұрын алып, переселен орнап қалған жерлерде қайта үлес қылдырып, сонан жер шығарылып берілісін;

6. Қазақ-қырғыздың қазыналық болып кеткен пішендіктер де өздеріне қайтсын. Қазақ-қырғызға қазына мүлкі тоғай-ормандарының ішіне мал бағуға рұқсат болсын;

7. Бүкіл мемлекетке аса пайдасы тиіп тұрмаған қазына мүлкі болып табылатын жерлер, таудың кендері, сексеуіл, шие, таран, тұзкөлі, балық ауы бәрі земствоның қолына өтуі тиіс. Тоғайлардың, балық ауының үстінен қарауыл қою қолға алынсын. Кері көшіп кеткен переселендерден босаған жерлер бұрынғы иелер – қазақ-қырғыздың өзіне қайтарылсын;

8. Жер мәселесіне байланысты қазақ-қырғыз өз алдына бір жоба жасап алуы тиіс» [5, 3 б.].

Жер комитеттерін құру ісі Түркістан өлкесінде бірден жүзеге аса қойған жоқ. Осы кезде «Шуро-и-Ислам» ұйымының өкілдері де жер мәселесін қызу талқылауда еді. Ферғана, Самарқан облыстарындағы ұйым мүшелері өзара кеңесіп, Түркістан өлкесінде жерді пайдаланудың енді қалай болатындығын анықтауды және Бүкілресейлік құрылтай жиналысына дейін жерді сатуды, жалға беруді және қоныс аударушылар пайдасына кесіп алуды тоқтата тұру жөніндегі Уақытша үкімет қаулысының Түркістан өлкесіне де қатысты болуы жөнінде өтініш білдіріп, Петроградқа арнайы өкіл жіберген. «Бірлік туы» газетінде бұл өкілдердің 1917 жылы шілде айында Петроградқа барып, Керенскиймен жолыққандығы жайлы былай деп жазылады: «Түркістаннан Петроградқа барған сарт өкілдері Керенскийге жолығып, үкіметтің Учредительное собраниеге дейін жер туралы сату, алу, жалдау сияқты ығлан қылынған постановлениесін Түркістанға қатысты болуын өтінген. Керенскийдің оларға берген жауабы мынау: Бұл күнге дейін ішкі Русияның жері туралы болған тадбирлердің бәрі Түркістан аймағына жанаспайды. Түркістанның жөні бөлек. Жер мәселесі шешілген уақытта Түркістан үшін өзгеше қалып болмақ. Түркістанның жер мәселесіне байланысты сондағы халықтың өзінің ұйғаруына, сонан соң барып, үкімет өз ұнатқанын бекітеді. Жерді сату-алу, жалдау секілді өткермелерді тиган

постановление жақында қайта қаралады. Түркістанның жергілікті халқының жерін бөтен текті жұрттарға алып беруді ешкімде ойлаған жоқ.» ... Сарт өкілдері мен Керенскийдің осы әңгімесінен соң «Үкімет Түркістан хақында 1917 жылдың 12 июль күні жерді сату, алу, жалдау секілді өткермелерді тиған постановлениесін тоқтатуға қаулы қылды» [6, 2 б.] – деп хабарлайды. Бұдан, «Бірлік туы» газетіндегі жарияланған мәліметке сүйене отырып Уақытша үкіметтің Түркістан өлкесінде жер кесу жұмыстарын одан әрі жалғастыра түскісі келетіндігін байқаймыз. Ал, ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдар бұл қаулыға қарамастан Бүкілресейлік құрылтай жиналысында қабылданатын жер реформасына қатысты заңнан жаңалықтар күтіп, бұрын заңсыз алынған жерлерге сұрау салып, қайтарудан үмітті болды. Бұрынырақ «артық жер» деп кесіліп алынған, бірақ, ешкім қоныстанбаған қазына жерлерін уақытша жергілікті халыққа алып беру шараларын жүзеге асыру мақсатында жұмыстар жүргізіле бастады. «Артық жерлерді» қайтаруда Сырдария облыстық Қазақ-қырғыз кеңесі мен Жетісу облыстық Қазақ-қырғыз комитеті белсенділік танытты. Қармақшы өңіріндегі түрлі себептермен қазақтардан алынған жерлерді Сырдария облыстық Қазақ-қырғыз кеңесі Бүкілресейлік құрылтай жиналысына дейін жерсіз қазақтарға тегін пайдалануға беруді және бұдан кейін, жер мәселесін қазақтардың есебінен шешуді дереу тоқтату қажеттігін қатаң ескертіп, заңсыз тартып алынған жерлері үшін қазақтар өзінің құқығын заң орындарына арыздану арқылы қорғауы тиіс деп шешті.

Патша өкіметі құлағанымен елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдай тым ауыр еді. Елдегі азық-түлік тапшылығы мен қымбатшылық ақпан революциясына дейін басталған болатын. Себебі, Түркістан аймағынан соғыс шығынына деп жиналған түрлі алым-салымдар мен 1916 жылғы көтеріліс барысында отырықшы және көшпелі шаруашылықтың күйзеліске ұшырауы жағдайды тым ауырлата түсті. Сонымен қатар, бұл өлкеде Шығыс Түркістанға ауып кетіп, өзгерістен соң елге қайта оралған босқындардың да әлеуметтік жағдайы тым мүшкіл болатын. Осы жағдайларға байланысты өлкеде жоқшылық, ашаршылық және түрлі аурулардың таралу қаупі күшейді. Өлкедегі ахуалға байланысты сол кезеңде **«Бірлік туы» газеті былай деп жазды:** «Бүгінгі өңшең жоқшылықтардың көбі сол соғыстан туып отыр. Бұлар соғыстың салдарынан пайда болған аурулар. Қандай ауру боса да, оның жазылу шарты – түп себебінің құруы. Әйтпесе, қанша емдеп, қақтырып, соқтырғанмен ол анық жазылмайды. Аурудың түп сабағын құртпай жазамын деген дәрігерлік емес, надандық» [7, 3 б.]. Өлкедегі ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдар елдің осындай әлеуметтік қиын жағдайына байланысты түрлі жұмыстар атқарып, жергілікті халықтың мүддесін қорғауға бар күшін салды. Алдымен, бар мал-мүлкінен айырылып, тоналып, елге оралған Жетісу

босқындарына көмек көрсетуді өздерінің басты борышы және міндеті деп есептеді. XX ғ. басындағы босқындардың саны жөнінде «Қазақ» газетінде: «Мұхамеджан Тынышбайұлының жинаған мағлұматынша Қытай жеріне (Құлжа Қашқар өлкелеріне) босқан қырғыз-қазақтың саны 164 мың адам екен. Сонан үстіміздегі июльдің біріне шейін қырылғаны 83 мың, жеріне қайтқаны 69 мың, Қытай жерінде қалғаны 12 мың адам екен. Біз бұрын қырғынға ұшыраған жалғыз қырғыз деп жүруші едік, Мұхамеджанның айтуынша, Жаркент уезіндегі албандардың босқыны қырғыздан кем емес» [8, 2 б.] деп мәлімдеді. Елдегі қазақ-қырғыз босқындарының аштан қырылмауына көмек көрсетуге өлкедегі ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдармен қатар өзге өңірлердегі қазақ зиялылары да ат салысты. Зиялы қауым өкілдерінің босқыншылыққа ұшыраған қазақ-қырғызды аман алып қалу мақсатында атқарған жұмыстарының барысы «Қазақ», «Сарыарқа» және т.б. мерзімдік басылымдарда жарияланды. Жетісу өңіріндегі босқындардың тағдыры Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов секілді қазақ зиялыларының назарынан тыс қалмады. Ұлт зиялылары «Қазақ» газеті арқылы халықты арып-ашыған босқындарға жәрдем етуге шақырып, бұл істе үлгі бола білді. Мысалы, М.Дулатов «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 11 маусымдағы санында «Оян қазақ!» атты мақала жариялап: «Оқушыларға мағлұм, «Оян қазақ» атты өлең кітабымды ескі үкімет шам көріп, «Қазақ оянып кетеді!» деп қорқып, 1911-ші жылы мені сотқа берді, сол себепті жыл жарымнан артық абақтыда жатып шықтым. «Оян қазақ!» халық арасына тарамасын деп, үкімет үкім салды. Сонан кейін, қолға түспеген 1000 дана шамалы «Оян қазақ!» алты жылдан бері бір орында жасырынып жатыр еді. ...Жауыз үкіметтің жауыздығымен былтырғы 25 июнь жарлығынан қазақ халқы қан жылады, бәрімізден артығырақ қырғыз бауырларымыз қырғынға ұшырады. Күні бүгінге дейін сол қырғыз бауырларымыздан көп ел Қытай жерінде босқындықта, ашаршылықта, қырғында. Жас балаларын бір шелек бидайға, бір тоятын тамаққа сатып, қатын-қыздарын бір қойдың пұлына айырбастап, естиярлары мойындарына дорба салып, тіленші болып кеткендері мәлім. Сондықтан, сақтаулы мың дана «Оян, қазақтың!» ақшасын әлгі босқында жүрген жетім-жесірлердің пайдасына бағыштадым» [9, 3 б.] деп жазды. М.Дулатов кейінірек «Сарыарқа» газетінде 1918 жылы «Мадияр» деген бүркеншік атпен «Аш-жалаңаш қазақ-қырғызға жылу жинайтын комитет ашылғанды» мақаласын жазып, 1916 жылғы көтерілістен кейін ауыр жағдайға ұшыраған, босқын күйге түскен, аштыққа ұшыраған қазақ-қырғыздарға көмек беруге шақырып: «...Атқа мінген азамат сендерге ЕЛ керек болса, ЖҰРТ керек болса, басшылық қылып АЛАШТЫ аман сақтау қамына кірісіндер! Намыстан АЛАШ! Жігерлен АЛАШ! Тас бауыр болма АЛАШ!» деген үндеу тастайды. Сөйтіп, қазақ-қырғыз босқындарына деп

Кез-келген тілдің (халықтың) фразеологиясы ерекше және бірегей болып табылатыны, этникалық мәдениеттің ерекшеліктерін бейнелейтіні және тілдің ерекшелігін қалыптастыратын және оны әртүрлі этникалық және мәдени түстермен бейнелейтін айқын бірегейлік беретін көптеген экзотоллингвистикалық факторларға байланысты болатыны қарастырылды.

Кілт сөздер: *Лингвистикалық сана, әлемнің тілдік бейнесі, салыстырмалы бірліктер, танымдық белсенділік, семантика, гетерогенділік.*

МАЖИТ А.А., АБРАМОВА Г.И. КАТЕГОРИЯ СРАВНЕНИЯ В НАЦИОНАЛЬНОМ ПРИЗМЕ ЯЗЫКОВ КАК УНИВЕРСАЛЬНАЯ КАТЕГОРИЯ МИРОВОГО ПОЗНАНИЯ

В статье представлены результаты исследования фразеологических единиц русского, английского и казахского языков. За основу авторами взят метод фразеологической идентификации А.В. Кунина, который при отнесении ФЕ к тому или иному классу руководствуется принципом семантической устойчивости сочетания нецитатного характера. При моделировании в сфере фразеологии ученый использует различные модели: грамматическую, которую он считает универсальной, фразеобразовательную и стилистическую. Рассматривая устойчивые компаративные обороты, он отмечает наличие в них «своеобразного структурно-семантического моделирования».

Именно поэтому фразеология любого языка (народа) глубоко специфична и неповторима, несет в себе черты этнической культуры и обусловлена самыми разнообразными экстралингвистическими факторами, которые и составляют особенность языка и придают ему яркое своеобразие, «раскрашивая мир в различные этнокультурные цвета».

Ключевые слова: *языковое сознание, языковая картина мира, компаративные единицы, когнитивная деятельность, семантика, фразообразование, гетерогенность.*

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕГІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ

ӘОЖ 37.0269:373.3

ЕКІНШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ЖЕТІЛДІРУ

БАЙДЫБЕКОВА Е.І., ТОҒАЙБЕК А.С.

Мақала екінші сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілетін жетілдіру мәселесін зерттеуге арналған. Ойлаудың дамуы оның мазмұны мен формасының өзгеруі, ол оқушының танымдық қызметі. Екінші сынып оқушыларының ойлау қабілеті олардың тіл байлығымен, сөйлеу ерекшеліктерімен, ұғымдық қорының қалыптасқанымен бағаланды. Оқушының ойлау қабілеті мектепке келгенде нақты пайымдау, сөздік-бейнелі деңгейде болса, бастауыш білім ішінде сөздік – логикалық деңгейде қалыптасып, одан әрі ұғымдық-логикалық ойлауға баспалдақпен жоғарылайтыны айтылады.

***Кілт сөздер:** екінші сынып оқушылары, танымдық іс-әрекет, логикалық ойлау.*

Адамға ең бірінші білім емес,
рухани тәрбие берілу керек,
тәрбиесіз берілген білім
адамзаттың қас жауы,
ол келешекте оның барлық өміріне
апат әкеледі.

Әл-Фараби

Қазақ елінде білім мазмұнында оқушының ойлауына бағыт бағдар беруді ең алғаш енгізген Мағжан Жұмабаев болатын. М.Жұмабаев: «Ойлау адам өмірінде аса қымбат орын алады. Ойлау болмаса, адам басқа жануар сықылды, заттарды, көріністерді құр жадында, есіне ғана алып, жат бір көрініс ұшыраса, оны шеше алмайтын, оған түсіне алмайтын бір жан иесі ғана болар еді. Келешекте не болатынын, тұрмысы қалай өзгертетінін білмейтін бір саңылаусыз соқыр болар еді. Адам ойлау арқасында ғана заңдардың, көріністердің араларындағы байланысты белгілеп, олардан бар себептерді табады. Келешекте оларға не болатынын ойлап шығарады. Келешекті болжай алады. Қысқасы ойлай білетін адам – шын мағынасында адам» – деп өзінің «Педагогика» деген еңбегінде ойлаудың жан тұрмысы үшін керектігі және оны өркендету тиістілігін атап өтеді [1].

Қазіргі таңда қойылатын талаптарының бірі – білімді әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, ойлауы дамыған жаңаша, тәуелсіз ойлай алатын шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу. Ал мектептегі оқыту үрдісінің негізгі мақсаттары – баланың білімді игеру кезінде ойлау қабілетін дамыту, сол арқылы таным әрекетін қалыптастыру, жан-жақты жеке тұлғаны тәрбиелеу және оқушылардың білімді, дағдыны меңгеруі үшін, болашақта танымдық, тәжірибелік іс-әрекетке дайын болуы қажеттігін сезінуін тәрбиелеу болып табылады.

Оқушының ойлау қабілетін дамыту жайындағы мәселе, мектеп тәжірибесінде үлкен орын алады. Демек мектептегі оқыту оқушы қабілетіне қарай ең басты мәселені айыра алатындай, күрделі шығармашылық мәнді тапсырмаларды орындай білетіндей, әр түрлі жағдаяттарда нақты шешімдер қабылдайтындай ойлауға үйретуді мақсат етеді.

Ойлау дегеніміз мәселені шешудегі толғану процесі. Ойлану – дамушы құбылыс. Ойланудың негізгі қызметі жұмбақ мәселелерді шешу. Мәселелердің шешілуі адамның миында реттелініп отырылады. Ой процесі көзге көрінбейтіндіктен, оның дәл өзін зерттеу мүмкін емес. Сондықтан ойлану туралы зерттеулер, олардың процесс күйін емес, ойлану қалайша жүзеге асып, реттеліп отыруы үшін қандай шарттар қажет екенін тексеруге арналған.

Адам өзінің өмірде көріп-естіп білгендерін, басынан кешіргендерін, түрлі ойлары мен сезімдерін, әрқилы іс-әрекеттерін, ұмыта бермейді. Олар мида сақталады, қажет кезінде қайта жаңғыртылады. Адамның бұрын қабылдаған нәрселері мен құбылыс бейнелерінің, көңіл-күйлерінің ойда сақталып, қажет кезінде қайта жаңғыруы ес процесі деп аталады. Жүйке процесінің уақытпен байланыстары негізінде бұрынғы қабылданғандар еске түседі. Естің бұл күйі қайта жаңғырту деп аталады. Қайта жаңғыртуда тану мен еске түсіру қызметі бірін-бірі толықтырып отырады. Қабылданған нәрселердің есте қалғаны естің материалы делінсе, ал есте сақталып, қайта жаңғырғаны естің мазмұны болып саналады. Адам өзінің, басқалардың ойы мен бастан кешкен сезімдерін, іс-әрекеттерін сөз арқылы қайта жаңғыртады. Ал жаңғыру ойлаудың дамуына итермелейді.

Ойлаудың дамуы дегеніміз – оның мазмұны мен формасының өзгеруі, ол оқушының танымдық қызметі барысында пайда болады. Баланың ақыл - ойының дамуы тек белгілі бір білім көлемін ғана емес, жалпы тәлім - тәрбиелік іс - әрекеттерді игерумен бірге, ойлау, қиялдау, есте сақтау, елестету және т.б. қабілеттерінің; танымдық, іскерлік, шығармашылық қасиеттерінің дамуын қамтиды. «Ойы саяздың, тілі саяз» деген ұлағатты сөз бекер айтылмаған. Ойлау негізі баланың сөйлеу тілін қалыптастырады. Дұрыс ойлаудың формалары мен заңдары туралы ғылым логика деп, ал ой қорытындыларының объектив пікірлерге негізделетін процесі логикалық ойлау деп аталады.

А.Н. Леонтьев «Логикалық ойлау» ұғымына нақты анықтама берген. «Логикалық ойлау» дегеніміз – логика заңдылықтарын пайдалана отырып, ой-пікірлерді тұжырымдарды қолдануға негізделген ойлаудың бір түрі. Баланың логикасын дамыту ұғымдарын өсіру, оқу-тәрбие үрдісіндегі ұдайы жүргізілетін жұмыс»[2].

Айталық, мектепке дейінгі жастағы білім беру, жетекші білім беру қызметі болып табылады. Бұл жас кезеңіндегі балалар психикасының дамуындағы ең маңызды өзгерістерді анықтайды. Бала мектепке бару кезеңінде, оның психикалық дамуы жоғары деңгейде болады. Баланың әр жас кезеңінде әрбір психикалық үрдісі дамуымен сипатталады. Бала кішкентай кезінде қабылдау процесі ал, балабақшаға бару кезеңінде есте сақтау қабілеті қалыптасады, ал мектепке бару кезеңінде ойлану қабілетінің дамуы жүзеге асады. Білім беру қызметінің мазмұны айрықша ерекшеліктерге ие: оның негізгі бөлігі ғылыми ұғымдарды, ғылымның заңдарын, практикалық мәселелерді шешудің жалпы жолдарын қамтиды.

Оқушының логикалық ойлау қабілетін үйде, мектепте әр түрлі әдістермен дамытуға болады. Ал біз зерттеуіміздің нысаны ретінде екінші сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілетін жетілдіруді таңдадық. Неліктен? Себебі, екінші сыныпта да оқу үдерісін ұйымдастыру бірінші сыныптағыдай гуманистік принциппен, жеке тұлғаға бағытталған болады. Бірақ, оқушы көзқарасы өзгереді, ол болашақ өмірге дайындалуы керектігін түсінумен қатар, сол өмірді дәл қазір сүріп жатқанын да анық байқайды. Сондықтан олардың басым көпшілігінде терең танымдық қызығушылықтар, оқуға ынталылық пен құштарлық көрініс беріп, тәрбиелік ықпалдарға көнбістік пайда болады. Осы кезең жаңартылған бағдарлама ұсынған әртүрлі әдіс-тәсілдерді сеніммен қолданып, оқушылардың логикалық ойлау қабілетін жетілдіру мүмкіндіктерін ұтымды пайдаланып, қойылған мақсаттарға жетіп педагогикалық позицияның нәтижелілігін көрсететін шақ.

Баланың жас ерекшеліктеріне, өсу деңгейіне байланысты логикалық тапсырмалар өзгеріп отырады. Сондықтан баланың жасына тән емес тапсырмаларды беріп, баланың ынтасын қашырып алу, өзіне деген сенімсіздігін оянып, негативті әсер беру мүмкіншілігі де бар. Сондай себептердің салдарынан, кейде екінші сынып оқушылары логикалық тапсырмаларды орындауға қиналып жататыны да байқалады.

Оқушылардың логикалық ойлауының дамуы өздігінен ізденіп жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Математикалық тапсырмалар орындалу оқушының интеллектуалдық деңгейін көтеретін болғандықтан әр сабақта тапсырмаларды түрлендіріп, қызықтырып қолдану қажет. Екінші сыныптардың математика сабағында балалардың ойлау қабілеті жетерліктей жас ерекшеліктерін ескере ұйымдастырса ғана, оның ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік туады. Сондықтан да мұғалім балаларды үнемі ойланып оқуға бағыттауы тиіс, бұған оқу үрдісін жүйелі ұйымдастыру, сабақта баланың математикалық ойлауын дұрыс дамыта алатын мүмкіндіктерді мол пайдалану арқылы жетуге болады.

Логикалық ойлаудың ерекшелігі – қорытындылардың қисындылығында, олардың шындыққа сай келуінде. Логикаға түскен құбылыс түсіндіріледі, себептері мен салдары қатесіз анықталады. Ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар логикалық ойлау жолымен ашылады. Ал оқушылар берілген есептер мәтіннің мағынасына мән бере отырып шығару, оны мұқият тыңдап түсінгенде ғана шынайы нәтиже болатындығын ұғынады. Логикалық тапсырмалар оқушыларды белсенділікке тәрбиелеу, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру, сондай-ақ оқушыларды икемділік пен шеберлікке баулу мақсатында пайдаланылады.

Оқушыларға өз бетінше жасаған ой операцияларының дұрыс-бұрыстығын тексерту, оларды бір мәселенің өзін түрлі жолдармен шешуге үнемі бағыттап отыру (тапқырлық пен зеректік), логикалық ойлауды қажет ететін мысалдар құрастырту, есептер шығарту, шығармалар жаздырту баланың логикалық ойлауын тәрбиелеудің тиімді жолдары. Сонымен бірге баланың ой операциясын дамытып талдау, жинақтау, топтау және классификациялауға арналған жаттығулар жүргізуге де болады. Ол үшін оқушыларға бірнеше заттың бейнесі көрсетіледі. Бала сол суреттерге қарап талдап, топтап, жүйелеп, логикалық ой қорытындысын шығара білуі керек.

Мысалы: 4-5 түрлі бас киімдердің ішінде 1 етіктің суретін көрсетіп, мына суретте не артық деп сұрасақ, бала артық заттың атын айтады. Мына жерде етік артық, өйткені басқалары бас киімдер. Немесе бірнеше аңдардың суреттерімен қатар сауысқанның суретін көрсетіп, не артық деп сұрасақ, сауысқан артық, себебі ол құс, қалғандарының бәрі аңдар деген сияқты логикалық ой қорытындысын шығарады.

Оқушылардың өз бетінше іздену әрекеттерін қалыптастыру, көру, есту, байқау, іздеу, қиялдау, елестету, есте сақтау арқылы логикалық ойлауын дамытумен ұштасады. Оқушылардың алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету және тәрбиелеу орын алады. Нәтижеге жету – бірлесіп жұмыс нәтижесіне жетуге баулу, топпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Осы мақсатта 2 сынып оқушыларымен ойлаумен қатар нәтиже алуға бағытталған әдістерді пайдалана аламыз. Мысалы:

Сөздерді дұрыс құрастыр. ҚСОУ, ЙАУЗАУТ, КУӨЕБТЙ, УӨБУ

Жауабы: қосу, азайту, көбейту, бөлу.

Ойла, жауап бер! Сенбіден кейінгі күн аты басталатын әріптен үш қыздың атын жаз. (Жанар, Жұпар, Жауһар) Сәрсенбінің алдындағы күн басталатын әріптен бес ұлдың атын жаз. (Самат, Серік, Сұңғат, Сәбит, Сағи)

Ойла, есепте, жауап бер! Үстел үстінде 3 қияр, 2 сәбіз және 5 апельсин тұрған. Үстел үстінде барлық көкөністер қанша?

Жауабы: Барлығы 5 көкөніс, өйткені апельсин жеміске жатады.

Арман биыл екінші сыныпқа көшті. Енді оған анасы түскі асқа 100 теңге беретін болды. Арман үнемдеуді жақсы көреді. Ол күнде 70 теңгеден ғана жұмсады. Ол бір аптада неше теңге үнемдеді?

Жауабы: 150 теңге, өйткені аптада мектепке 5 күн барамыз.

«10 фигура» әдістемесі. Мақсаты: Баланың геометриялық фигураларды білуін анықтау. Оқушылармен әңгімелесу барысында, олардың білімі туралы мағлұмат жинақталады. Байқасақ, бұл әлемдегі заттардың барлығы геометриялық фигураларға ұқсас болады екен. Фигураларды тауып, дұрыс атағандар басқа бөлмеге шығуына, үзіліс жасауына, келесі тапсырманы орындауына рұқсат. Әңгімелесуге ұсынылатын сұрақтар:

1. Қандай фигуралардың атын білесің?
2. Үстелдің беті қандай фигураға ұқсайды?
3. Терезе айналары фигура бола ма?
4. Ыдыстардың басым көбі қандай фигураға ұқсайды?
5. Дөңгелек пен шардың айырмашылығы неде?
6. Осы бөлмеде пирамидаға ұқсас не бар?

7. Сынып бөлмесінде үшбұрышқа ұқсайтын зат бар ма?

8. Менің оң жағымда орналасқан заттарды аташы? Олар қандай фигураларға ұқсайды?

9. Қисыққа ұқсас нәрсені тапшы.

10. Фигураларға қарап шық та олардың атын ата: үшбұрыш, қисық, шаршы, төртбұрыш, ромб, куб, дөңгелек, сопақ, пирамида, бесбұрыш. Неге солай аталатынын түсіндір.

Екінші сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілетін жетілдіруге мысал ретінде **4 санына бөлу және көбейту кестесін құрастыру** тақырыбындағы сабақ жоспарының үзіндісін қарастырайық.

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары:

Оқу бағдарламасына сілтеме жасай отырып, көбейту және бөлу - өзара кері амалдар екенін түсіну, көбейту және бөлу амалдарының компоненттері арасындағы байланысты анықтау; 2; 3; 4; сандарына көбейту кестесін құру, білу және қолдану.

Оқытудың тілдік мақсаты: бөлу, көбейту кестесін, компоненттер терминдерін білу

Құндылықтарды дарыту: Азаматтық және рухани құндылықтардың бірлігі бізге өз жолымызды табуға мүмкіндік береді ұстанымы.

Сабақтың басы: Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Ғажайып жылулық шынжыры» немесе «жылулық шеңбері» әдісін қолданамыз.

«5» болсын алар бағамыз,

Білімнен бақыт табамыз,

Өнер білім көп оқып,

Өсе берсін санамыз.

Жұмыс ережесін келісу.

- Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз!
- Уақытты үнемдейміз!
- Нақты, дәл жауап береміз!
- Сабақта өзіміздің шапшандығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз!
- Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз!

Оқушылар 4 топқа бөлініп, тапсырмалар беріледі:

I топ 3*8; 2*7; 3*4;

II топ 3*7; 3*6; 27:3;

III топ 3*3; 2*8; 24:3;

IV топ 3*10; 10:2; 18:3;

Тапсырмаларда 3 санына көбейту кестесін құрып, 3 санына бөлу амалын білу көзделеді.

Сабақтың ортасы: Белсенді оқу тапсырмалары топтарда есептер шығарумен ұштасады.

I топ Тауға жорыққа шығу үшін әрқайсысында 6 адамнан 4 топ жиналды. Жорыққа барлығы неше адам жиналды?

II топ 20 қалбыр консерві 4 жолқапшыққа теңдей бөлініп салынды. Әрбір жолқапшыққа неше қалбыр консерві салынды?

III топ Тауға жорыққа шыққаннан кейін 9 баланың әрқайсысы сыныпқа 4 фотосуреттен әкелді. Балалар барлығы неше фотосу рет әкелді?

IV топ Жорыққа қатысушы 28 адамды, әр шатырға 4 адамнан орналастырды. Неше шатыр қажет болды?

Дескриптор:

Есептердің шартын құрып, сұрағын жазып, шешуін тауып, жауабын жазады. Нәтижесін бір-бірін бас бармақ арқылы бағалаумен орындайды.

Сабақтың соңы: Рефлексия (топық, ұжымдық)

Саралау - оқушыларға қандай қолдау көрсету, қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлау. Саралау іріктелген тапсырмалар, нақты бір оқушыдан күтілетін нәтижелер, оқушыға дербес қолдау көрсету, оқу материалдары мен ресурстарын оқушылардың жеке қабілеттерін есепке ала отырып іріктеу (Гарднердің жиындық зият теориясы) түрінде болуы мүмкін. Саралау уақытты ұтымды пайдалануды есепке ала отырып, сабақтың кез келген кезеңінде қолданыла алады.

Денсаулық сақтау технологиялары. Сергіту сәттері мен белсенді іс- әрекет түрлері, қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары нақтыланады.

Сабақ бойынша рефлексия.

Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы оқу мақсаттарына қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?

Сабақтың екі аспектісі: оқыту туралы да, оқу туралы да ойлану.

Сабақты жақсартуға не (оқыту туралы да, оқу туралы да ойлану) ықпал ете алады?

Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктігі /қиындықтары туралы нені білдік, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?

Осы сабақты өте отырып оқушылардың логикалық ойлауын дамытатын көптеген тапсырмалар мен әдіс-тәсілдер қолданылды. Мысалы өткен сабақты қайталау мақсатында «Ойла, есепте, жауап бер!» әдісі пайдаланды. Бұл жердегі мақсат оқушыларды логика тұрғысынан тез ойлап, шапшаң жауап беруге үйрету болды.

Ойлау қабілетін дамытуға шығармашылық тапсырмалардың қосатын үлесі өте үлкен. Шығармашылық тапсырмалардың түрлері де өте көп. Оларды жүйелі түрде қолданып, тақырыптан тақырыпқа түрлері мен мазмұнын тереңдету және орындау әдістемесін қиындату арқылы балалардың логикалық ойлау қабілетін дамытып нақты-бейнелі ойлаудан біртіндеп сөздік-логикалық түріне қарай жетелеуге мүмкіндік туады.

Олардың бір түрі геометриялық фигуралармен түрлі операциялар жасау, қиып жапсыру, суреттегі жетіспейтін детальдарды анықтау тағы сол сияқты тапсырмалар арқылы баланың геометриялық фигуралардың формаларын, түрін-түсін, кеңістікте орналасуын талдау арқылы, олардың ортақ қасиеттерін тауып, жалпылайды. Осы ойлау операциялары арқылы баланың танымдық қабілеті көтеріледі.

Сонымен бірге оқу барысында балалардың ойлау қабілетін дамытуға арналған арнайы тәсілдер ретінде халық педагогикасы элементтерін кеңінен қолдану мүмкіндігі мол. Ұлттық ойындар, жұмбақтар, мақал-мәтелдер балалардың байқағыштығын, заттардық мән-мағынасына түсініп, негізгі қасиеттерін анықтау қабілетін дамытып ойлау процесін тереңдетеді. Табиғат ерекшеліктеріне, жыл мезгіліне байланысты құбылыстарды салыстырмалы түрде меңгеру арқылы талдау, жалпылау операцияларын меңгерді. Екінші сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамыту мақсатында «Цифрлар айтысы», «Цифрлар және сандар», «Жүз қаз» ойындарын қолдану есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін арттырды.

Бастауыш сынып оқушылардың барлық қабілеттерінің нышандары оянып, оларды қалыптастыруға ыңғайлы уақыт. Қазіргі мектептегі дамыта оқыту бағдарламасы танымдық қабілеттерді дамытуға мүмкіндік береді. Ал екінші сынып оқушыларының ақыл-ой дамуында елеулі өзгерістер орын алады: когнитивтік сала сапалы түрге өзгереді, жеке тұлға ретінде, құрдастарымен, ересектермен қарым-қатынастың күрделі жүйесі қалыптасады.

Оқу іс-әрекеттерінде ғылыми білімдер мен дағдыларды меңгеру негізгі мақсаты және қызметінің негізгі нәтижесі болып табылады. Мұғалімнің басшылығымен бала ғылыми ұғымдармен жұмыс істей бастайды. Оқу жағдайында бала ұғымдардың қасиеттерін анықтаудың немесе нақты практикалық мәселелердің белгілі бір тобын шешудің жалпы жолдарын үйренеді.

Екінші сыныптарда іске қосылған жаңа бағдарламада қабілет табиғатына сүйене отырып оны дамыту жолдарын көрсеткен. Ойлау процесін, басқа таным процестеріндей, арнайы жаттығулар көмегімен дамытуға болатыны ескерілген. Екінші сынып оқушыларының ойлау қабілеті олардың тіл байлығымен, сөйлеу ерекшеліктерімен, ұғымдық қорының қалыптасқанымен бағаланды. Оқушының ойлау қабілеті мектепке келгенде нақты пайымдау, сөздік – бейнелі деңгейде болса, бастауыш білім ішінде сөздік – логикалық деңгейде қалыптасып, одан әрі ұғымдық – логикалық ойлауға баспалдақпен жоғарылайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жұмабаев М. Педагогика.- 3-ші бас.- Алматы: Ана тілі, 1992.- 160 б.
2. Леонтьев А.Н. Психиканың даму ерекшеліктері.-М. МГУ.1981

БАЙДЫБЕКОВА Е.И., ТОГАЙБЕК А.С. СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ СПОСОБНОСТЕЙ ЛОГИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ УЧАЩИХСЯ ВТОРОГО КЛАССА

Статья посвящена изучению проблем совершенствования логического мышления учащихся второго класса. Развитие мышления – это изменение его содержания и формы, а также специфическая организация познавательной деятельности учащегося. Способности логического мышления учащегося второго класса оцениваются его словарным запасом, особенностями речи, формированием понятийного фонда. Говорится также о том, что если мыслительные способности

уақпандағы оқушылардың білім деңгейінің төмендеуіне себепші болатынын анықтады. Оқушылардың білім деңгейінің төмендеуіне себепші болатынын анықтады. Оқушылардың білім деңгейінің төмендеуіне себепші болатынын анықтады.

Ключевые слова: оқушылардың білім деңгейінің төмендеуіне себепші болатынын анықтады. Оқушылардың білім деңгейінің төмендеуіне себепші болатынын анықтады. Оқушылардың білім деңгейінің төмендеуіне себепші болатынын анықтады.

BAIDIBEKOVA E. I., TOGAIBEK A. S. IMPROVING THE ABILITIES OF LOGICAL THINKING OF SECOND GRADE STUDENTS

The article is devoted to the study of the problems of improving the logical thinking of second-grade students. The development of thinking is a change in its content and form, as well as the specific formation of the cognitive activity of students. The ability of logical thinking of the second grade student is evaluated by his vocabulary, speech characteristics, and the formation of the conceptual thesaurus. It is said that if the mental abilities of students on initiating the school learning are on the real understanding level, verbal and figurative level, then in primary education they are formed at the verbal and logical level, and further they rise to the conceptual and logical thinking.

Keywords: second grade students, cognitive activity, logical thinking.

ӘОЖ 372.8: 91

«ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП» ТАҚЫРЫБЫНДА ДАЙЫНДАЛҒАН ҚҰЗЫРЛЫ ТАПСЫРМАЛАР

МЕЛДЕНОВА М. Ж.

Мақалада Қазақстандық білім кеңістігінде өзекті болып отырған оқушылардың жаратылыстану-математикалық функционалды сауаттылығын қалыптастыратын тапсырмаларды география сабағында қалай құрастыруға болатындығы жайлы баяндалады. 9-сыныпқа арналған география оқулығындағы «Жеңіл өнеркәсіп» тақырыбын үлгі ретінде қарастыра отырып, өз тәжірибесінде табысты және тиімді қолданып жүрген құзырлы тапсырмалармен бөліседі.

Сабақ мақсатының толық орындалуын қамтамасыз ететін жоба тапсырмаларының алгоритмін құрастырып, табыс критерііне оқушымен бірлесіп жетуге мүмкіндік беретін, қолайлы ортаны қалыптастыру жолдары қарастырылған. Жоба жұмысын орындағанда сыни ойлау дағдылары қолданылады.

Кілт сөздер: функционалды сауаттылық, жобалау тапсырмалары, құзырлы тапсырмалар, табыс критеріі, сыни ойлау дағдылары, интерпретация жасау, құнды аргументтерді бағалау,

«PISA халықаралық зерттеулері аясында оқушылардың ғылыми-жаратылыстану функционалдық сауаттылығын дамытудың» география пәні

бойынша тапсырмалары Қазақстан Республикасы 2011-2020 жылдарда білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жасалды, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жж. арналған Ұлттық іс-қимыл жоспарын іске асыру және PISA халықаралық зерттеулері аясында өткізілетін оқушылардың ғылыми-жаратылыстану функционалдық сауаттылығын дамыту әдістеріне арналған педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру бағдарламасының талаптарын ескере отырып, география пәні бойынша жасалған бірқатар құзырлы тапсырмаларды ұсынғым келеді. [1,2-б] Жасыратыны жоқ осы кезге дейін беріліп келген «дәстүрлі білім жүйесіндегі – дайын білім беру» өзін-өзі ақтамай отырғандығы бәрімізге мәлім. Білу мен түсіну деңгейінен аса алмаған оқушыларымыз пәндер бойынша алған білімдерін тек «баға алу үшін» қажет шығармашылық жұмыс ретінде қабылдап, күнделікті өмірде қолдана алмайтыны шындық екеніне көзіміз жетіп отыр. Дәстүрлі білім жүйесі арқылы қаншама табысты білім бердім десем де Кембридж университеті мен Назарбаев зияткерлік мектептері бірлесіп әзірлеген деңгейлік курстың ілгері деңгейін тәмамдағаннан кейін өзімнің бірқатар педагогикалық көзқарастарыма өзгеріс енгізуіме тура келді. Бұл мен үшін оңай болмады, тіптен біршама уақыт дағдарысқа ұшырадым десем де болады. Өздігімен реттелу барысында мұғалімнің ұзақ жылдар бойы қалыптасқан ұстанымының өзгеруі қиын болатынын түсіндім. Білім беруді түбірімен жаңғырту жағдайында мемлекетіміздің халықаралық деңгейдегі рейтингі көтерілуі үшін оқушылардың бірқатар құзырлылықтарын қалыптастыру біздің негізгі міндетіміз деп түсінемін. Оқушы құзырлылығын қалыптастыру үшін пән бойынша құзырлы тапсырмаларды шебер құрастыра білетін құзырлы мұғалім болу керек! [2,2-б]. Менің өз ойымды бұлай негіздеуіме төменде берілген мәліметтер себеп болды. 2012-2016 жылдарға арналған оқушылардың функционалды сауаттылығын жетілдіруде Ұлттық іс-шаралар жоспары мақсатқа бағытталған, біртұтастық, оқушылардың функционалды сауаттылығын дамытуға бағытталған іс-шаралар жүйелілігін Қазақстан Республикасының мектепте білім берудің сапасын арттырушы негізгі бағыт ретінде қамтамасыз етуге бағытталған. Оқушылар арасындағы функционалды сауаттылықты қалыптастырудың жоғары деңгейі қоғамда тиімді қызмет етудің қабілеттілігіне, өзін-өзі анықтауға бағытталған қабілет, өзін-өзі дамытуға және қалыптастыруға бағытталады. Нәтижесінде, қоғамға функционалды сауатты, нәтижеге жұмыс істеуге және маңызды жетістіктерге жетуге қабілетті тұлға қажет.

Ескерту: Күрделі және оқушыларға мүлдем таныс емес бағытта тапсырмалар беру олардың пәнге деген қызығушылығын төмендетуі мүмкін. Бұл өз кезегінде мұғалім болжаған күтілетін нәтижеге жетуге кедергісін

тигізеді. Сол себепті мен бастапқыда құзырлы тапсырмалардың жекелеген элементтерін меңгертуге тырыстым

1-тапсырма:

1.Бұл не? Болжау әдісі бойынша мәтін дайындау. Әр абзац сайын оқушылардың ойы мен пікірін сұрап отыру.

Бұл өндірістің пайда болуында, мыңдаған жылдар мен шындықтан гөрі аңыз басым екендігіне көз жеткізуге болады. Оның пайда болу тарихы өте ұзақ және қызық. Құпия мен аңызға толы десек те болады.

2 «Аспан асты елінің аңызына сенетін болсақ оның пайда болуына себепші болған Сары императордың әйелі Си Линг Чи аталады. Сары император б.з.д 3000 жыл бұрын империяның негізін салушы.

Аңыз бойынша Си Линг Чи тұт ағашының астында шай ішу рәсімін тамашалап отырғанда кесесіне көбелек қуыршағы түсіп кетеді. Ыстық шайға түскен қуыршақтың сыртындағы жіп тарқатылып адамдарды өзінің әдемілігімен, нәзіктігімен, мықтылығымен таңқалдырды.

Осы жіптен императорға киім тіккізген Си Линг Чи тек императордың құрметіне бөленген жоқ, халық оны Құдай дәрежесіне көтерді. Бұл тауардың атағы алыс елдерге кетті. Ал оны өндіру құпия сақталды.

Индия патшасы оны өз еліне алып келу үшін Қытай ханшайымына үйленуге бел бұды. Өйткені оның жасауына осы заттың қосылатынына сенімді болды.

Қытай мен Жапонияда бұл жәндіктерді байлар хобби ретінде өсіреді. Азия мен Еуропа арасында осы тауарды тасымалдау үшін керуен жолы да пайда болды.

Сұрақ; бұл қандай өнеркәсіп, тауар қалай аталады? Қазақстанда дамыған ба? Оны қандай жәндік жасап шығарады?

2-тапсырма: «Динамикалық шеңбер» әдісі арқылы оқулықтағы мәтінмен танысу ұсынылады. Оқушылар сыртқы және ішкі шеңберге бөлініп, оқулықтағы «Жеңіл өнеркәсіп» тақырыбындағы мәтінмен танысады, ақпаратпен бөліседі.

3-тапсырма: Веб-сайт материалдарынан үзінді. Оқушылар оқып шығады, талдайды, мәтінді аяқтайды.

Қазақстандағы жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарында 44 млрд. 952 млн. теңгенің өнімдері өндірілді

АЛМАТЫ. 2 ақпан. ҚазАқпарат – Қазақстанда 2015 жылы жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары өндірген өнімдердің 50 пайызын киім-кешек құрады.

Бұл туралы бүгін «Алматыдағы Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістік аясындағы жеңіл өнеркәсіп саласының проблемалары мен келешегі» деп аталатын дөңгелек үстел жиынында айтылды.

«Қазақстанда 2015 жылы жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары 44 млрд. 952 млн. теңгенің өнімін өндірді. Оның 22 млрд. 484 млн. теңгесін (50 пайыз) киім-кешек, 18 млрд. 138 млн. теңгесін (40,4 пайыз) тоқыма өнімдері, 4 млрд. 330 млн. теңгесін (9,6 пайыз) былғары өнімдері құрады», – дейді ҚР Жеңіл өнеркәсіп қауымдастығының президенті Любовь Худова.

Сұрақ-1 Оның айтуынша, өндіріс орындары өз қуатының орта есеппен 40 пайызын ғана пайдалануда, Не себепті?

Сұрақ-2 Қазақстандағы жеңіл өнеркәсіп құрылымын 3-ке бөліп, әрқайсысына талдау жаса.

Сұрақ-3 Қазақстандағы жеңіл өнеркәсіптің негізгі шикізаттары.

4-тапсырма: Жабық сұрақтардан құралған «Иә – Жоқ» тесті: [3,112-б].

Р/с	Жабық сұрақтар мазмұны	Иә - Жоқ	
1	Тоқыма өнеркәсібінің ең ірі кәсіпорны «АММК-ОЗАТ»АҚ.	Иә	Жоқ
2	«Мұрагер»тігін фабрикасы Семейде емес, Шымкентте орналасқан	Иә	Жоқ
3	Халықтың тұрмыстық қажетін өтейтін жеңіл өнеркәсіп саласы фарфор-фаянс	Иә	Жоқ
4	Мақтадан жасалған маталардан пальто тігіледі	Иә	Жоқ
5	«Қазақ-Орыс Тоқыма Альянс» ЖШС бірлескен кәсіпорын болып табылады	Иә	Жоқ
6	Шаруашылықтың ежелгі саласы галантерея болып табылады.	Иә	Жоқ
7	Ең қымбат мата жүннен жасалады.	Иә	Жоқ

5-тапсырма: Әрбір тұтынушы білуге тиісті мәтінмен танысу.

Өздеріңізге жейдені фирмалық белгі бойынша таңдамаңыздар.

Жейдедегі фирмалық белгі және биркада көрсетілген жоғары баға тек бір: бұйымның сапасын білдіреді [4,24-б].

Қалай болғанда да, жейде шығаратын фирмалар сіздің дәл осылай пайымдауларыңызды қалайды. Бірақ, әмбебап сауда үйлері мен дүкендерде төмен бағамен, мысалы 900 теңгеге сатылатын арзан жейделер 5000 теңге немесе одан қымбат тұратындарынан анағұрлым жақсырақ болып шығуы мүмкін екені белгілі. [5].

Тұтынушылар қауымдастығы берген мәліметтер бойынша бұл арзан жейделер тек жақсырақ тігілген ғана емес, олардың киілу мерзімі де ұзағырақ және машиналық жуудан кейін түрін жақсырақ сақтайды. Эксперимент үшін ер адамдардың 27 ақ жейделері таңдалып алынды, олар матаның, ілгектердің

және тігісінің сапасы бойынша салыстырылды. Жағалары мен жеңдерінің пішімінің дәлдігін бағалау үшін мұқият өлшеулер жүргізілді, сондай-ақ күнде кигеннен кейін жағасы мен манжеті қалай көрінетінін анықтау үшін эксперимент жүргізілді.

Жейделер 25 рет жуылды, яғни олардың әдетте алты ай ішінде қанша рет кірін жуса, сонша рет, ал содан кейін отыруын және бүлінуін тестіледі. Кәдімгі әмбебап дүкендер мен жай дүкендерден сатып алынған жейделер жақсы сапаға ие екені анықталды. Тұтас алғанда, «Ерлер киімі», «Салтанат» және «Дәулет» дүкендерінен сатып алынған жейделер әйгілі сәнгерлер Т.Клейн және Валентино фирмалық дүкендерде ұсынатын, құны 5000-7000 теңгелік жейделерден жақсырақ болып шықты. Тұтынушылар қауымдастығының мүшесі Торғын Оңғарова былай деп мәлімдеді: «Тіпті егер бюджетіңіз шамалы болса да, сапалы заттардан бас тартудың қажеті жоқ. Біздің тестілерімізде 25 рет жуылғаннан кейін ең көп балл алған кейбір жейделер фирмалық дүкендерден емес, кәдімгі әмбебап дүкендерден сатып алынды және көбінесе олардың бағасы фирмалықтардан төмен болады». Жүргізілген зерттеулер полимақталы маталардан тігілген бұйымдардың ішінде бағасы 1400 теңге тұратын «Дәулет», мақта матадан тігілгендердің ішінде 4100 теңге тұратын «Салтанат С» жейделер ең жақсы екенін көрсетті.

Құрамында мақта бар жейделердің ішінде 1700 теңге тұратын «Салтанат Д» бұйымы және қыртысталмайтын, ол да 1700 теңге тұратын «Жетісу» жейдесі ең жақсы болып шықты.

Бұл зерттеудің нәтижесі осы жылы фирмалық жейделердің бедел-бейнесіне екінші соққы берді. Өткен айда Джеймс Бонд туралы кең тараған шиеленіскен сюжетті «Ертеңгі күн ешқашан өлмейді» атты фильмді жасаушылар экран жұлдызы Пирс Броснанға әдеттегі әмбебап дүкеннен сатып алынған, қымбат емес жейделер кигізгені анықталды, өйткені, олардың пікірі бойынша, бұл жейделер экранда фирмалық дүкендерден алынған жейделерге қарағанда, жақсырақ көрінеді.

Алдыңғы беттерде келтірілген газет мақаласына сүйене отырып, сұрақтарға жауап береміз.

Сұрақ 14: ЖЕЙДЕЛЕР

Соңғы абзацтың алдындағы абзацта: «Бұл зерттеудің нәтижелері осы жылы фирмалық жейделердің бедел-бейнесіне екінші соққы береді», – дейді.

Бірінші соққы қандай болды?

.....
.....
.....
.....
.....

Сұрақ 15:ЖЕЙДЕЛЕР

Егер біреу қыртысталмайтын жейде сатып алғысы келсе және соңғы өңдеу бұйымның сапасын анықтайды деп санаса, онда қандай жейде ол үшін ең жақсы таңдау болар еді?

.....

.....

.....

.....

Сұрақ 16:ЖЕЙДЕЛЕР

Мәтінде қандай өнеркәсіп өнімі сөз болып отыр? Бұл сұрақтар кімге арналған?

- А.Модельерлерге
- В.Өндірушілерге
- С.Тұтынушыларға
- Д.Дүкен иелеріне

Топ басшылары бағалау парағын толтырады, мұғалімге тапсырады.


Үйге тапсырма:1.Кескін картаға «Жеңіл өнеркәсіп» орталықтарын түсіреді (С)

2. 3-тапсырма бойынша мәліметтерді пайдаланып диаграмма құрастырады (В)

3.Кестеге Қазақстан, Түркия, Қырғызстан мемлекеттерінің жеңіл өнеркәсіп көрсеткіштерін түсіріп, салыстырмалы талдау жасайды.(А)

№163 жббom кмм	Бекітемін: ШомановаЗ.А	Сыныбы:9АБ
Мерзімі: 11.02. 2018	Оқушы саны: 9А-27	Мұғалімнің аты-жөні: Мелденова М.Ж
Тақырып: Жеңіл өнеркәсіп		
Оқу мақсаты	Еліміздегі жеңіл өнеркәсіптің дамыған салалары туралы жалпы түсініктілікті қамтамасыз ету	
Сабақ мақсаты	1.Сабақтар топтамасы аяқталғанда оқушылардың нені білгенін, түсінгенін және жасай алғанын қалар едіңіз? Білу: Еліміздегі жеңіл өнеркәсіптің дамыған салалары туралы білу. Түсіну: Жеңіл өнеркәсіптің құрылымын, жеңіл өнеркәсібінің салаларын түсіндіру Қолдану: Жеңіл өнеркәсіптің дамыған салалары, олардың орналасу принципін анықтау.	

	<p>Талдау: Жеңіл өнеркәсібінің өзара салааралық байланысын талдау.</p> <p>Жинақтау: Ұқсатушы өнеркәсіптің агроөнеркәсіптік кешеннің құрамындағы маңыздылығын түсіндіру.</p> <p>Бағалау: Жеңіл өнеркәсіп туралы білімдерін нақтылау.</p>	
Жетістік критерийлері	<p>-Жеңіл өнеркәсіп және оның салаларын, құрылымдық ерекшеліктерін түсіндіре алады</p> <p>-Жеңіл өнеркәсіп орталықтарын кескін картаға түсіре алады.</p> <p>-Жеңіл өнеркәсіп және оның салаларын орналастыру факторларын анықтап, өзара салааралық байланысына талдау жасай алады.</p> <p>-өзекті проблемаларын фактілермен негіздей отырып мәселені шешу жолдарын қарастырады</p> <p>-Берілген мәліметтерді қолданып, күнделікті өмірде пайдалану дағдысы дамиды.</p>	
Тілдік міндеттер Диалогқа/жаз ылымға қажетті тіркес	<p>Менің ойымша ... ауыл шаруашылық өнімдерін ұқсататын өнеркәсіп саласы.</p> <p>Жеңіл өнеркәсіп және оның салалары, құрылымдық ерекшеліктері мына факторлардың негізінде ... қалыптасады.</p>	
Терминдердің мәнін ашу	<p>Пәнге қатысты лексика мен терминология: Жеңіл өнеркәсіп, фарфор-фаянс, тоқыма-тігін, ҚР Жеңіл өнеркәсіп қауымдастығы, агротехникалық шаралар</p>	
Пәнаралық байланыстар	<p>Тарих, химия, көркем еңбек,</p>	
АКТ қолдану дағдылары	<p>https://bilimland.kz/kk № 2652. Өнеркәсіп бейнематериалын қолданып, «Жеңіл өнеркәсіп» құрылымына талдау жүргізіп, зерттеп қорытынды жасау.</p>	
Алдыңғы білім		
Сабақ барысы		
Сабақ құрылымы	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Дереккөз дері Ресурстар

<p>Басы</p>	<p>(Б) I. Қызығушылықты ояту кезеңі. 1) Бастапқы стимул. <i>1-тапсырма:</i> <i>1.Бұл не? Болжау әдісі бойынша дайындалған мәтінмен жұмыс. Әр абзац сайын оқушылардың ойы мен пікірін сұрап отыру.</i> Бұл өндірістің пайда болуында, мыңдаған жылдар мен шындықтан гөрі аңыз басым екендігіне көз жеткізуге болады. Оның пайда болу тарихы өте ұзақ және қызық. Құпия мен аңызға толы десек те болады. «Аспан асты елінің аңызына сенетін болсақ оның пайда болуына себепші болған Сары императордың әйелі Си Линг Чи аталады. Сары император б.з.д 3000 жыл бұрын империяның негізін салушы. Аңыз бойынша Си Линг Чи тұт ағашының астында шай ішу рәсімін тамашалап отырғанда кесесіне көбелек қуыршағы түсіп кетеді. Ыстық шайға түскен қуыршақтың сыртындағы жіп тарқатылып адамдарды өзінің әдемілігімен, нәзіктігімен, мықтылығымен таңқалдырды. Осы жіптен императорға киім тіккізген Си Линг Чи тек императордың құрметіне бөленген жоқ, халық оны Құдай дәрежесіне көтерді. Бұл тауардың атағы алыс елдерге кетті. Ал оны өндіру құпия сақталды. Индия патшасы оны өз еліне алып келу үшін Қытай ханшайымына үйленуге бел буды. Өйткені оның жасауына осы заттың қосылатынына сенімді болды. Қытай мен Жапонияда бұл жәндіктерді байлар хобби ретінде өсіреді. Азия мен Еуропа арасында осы тауарды тасымалдау үшін керуен жолы да пайда болды. Сұрақ; бұл қандай өнеркәсіп, тауар қалай аталады? Қазақстанда дамыған ба? Оны</p>	<p>Оқушылар топқа бөлінеді. Тақтадан күн ретін жазып алады.</p>  <p>Логикалық болжамдар жасайды. Ең басындағы жауаптары мен соңғы жауаптарын салыстыра отырып және нақты сұрақтарға жауап беру нәтижесінде қорытынды жауапты бекітеді. сабақтың</p>
--------------------	---	---

	қандай жәндік жасап шығарады? (С) Сабак тақырыбы мен оқу мақсаттарымен, бағалау критерийлерімен таныстыру. (оқушыларды жаңа білімді игеруге ынталандыру)	жалпы мақсаты мен және өткізу жоспары мен танысады
4-20 минут	2.Мағынаны тану кезеңі. № 2652. Өнеркәсіп Оқулықпен жұмыс: 1. Агроөнеркәсіптік кешеннің ұқсатушы факторларына қандай салалар жатады? 2. Біздің облысымызда жеңіл өнеркәсіптің қандай салалары жақсы дамыған? 3. тоқыма, былғары, тері өнімдері қай экономикалық ауданда жақсы дамыған? (С) Мұғалім оқушыларға ашық сұрақ қояды. Сіздер жеңіл өнеркәсіп туралы не білесіздер? Оқушылардың пікірін тыңдап, талдау жасау арқылы дұрыс жауапқа бағыттайды. Қазақстандағы жеңіл өнеркәсіптің дамуының негізгі бағытын анықтату а)Тақтаға жаңа сабақтың тақырыбы жазылады ә)Жаңа терминдер мен ұғымдарды жазу тапсырылады б)Оқушыларға мәтінмен танысу тапсырылады Топтық тапсырма: «Карусель» әдісі бойынша Мұғалім жаңа тақырыпты меңгеру үшін топтарға өз мәтінін топта талқылап, ортаға салуды тапсырады. I топ. Жеңіл өнеркәсіптің құрамына кіретін салалардың орналасу принципі қандай? II топ. Тоқыма және аяқ киім өнеркәсібі қай жерлерде дамыған? III топ. Әлеуметтік инфрақұрылым салалары, рекреациялық аудандар ұғымын қалай түсінесіңдер?	https://bilimland.kz/kk а) Оқушылар тақырыпты жазып алады ә)Жаңа терминдер мен ұғымдарды дәптерлеріне жазып алады б) Оқушылар мәтінмен танысып шығады. Топтаса отырып ойланады, талқылайды, оқушылар бағалау көрсеткіштеріне сүйене
Әр топқа талқылауға жасауға 3 минут уақыт беріледі. Қорғауға 2 минут	3-тапсырма: Веб-сайт материалдарынан	
21-27минут		

	<p>үзінді. Оқушылар оқып шығады, талдайды, мәтінді аяқтайды.</p> <p>Қазақстандағы жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарында 44 млрд. 952 млн. теңгенің өнімдері өндірілді</p> <p>АЛМАТЫ. 2 ақпан. ҚазАқпарат - Қазақстанда 2017 жылы жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары өндірген өнімдердің 50 пайызын киім-кешек құрады.</p> <p>Бұл туралы бүгін «Алматыдағы Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістік аясындағы жеңіл өнеркәсіп саласының проблемалары мен келешегі» деп аталатын дөңгелек үстел жиынында айтылды.</p> <p>«Қазақстанда 2015 жылы жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары 44 млрд. 952 млн. теңгенің өнімін өндірді. Оның 22 млрд. 484 млн. теңгесін (50 пайыз) киім-кешек, 18 млрд. 138 млн. теңгесін (40,4 пайыз) тоқыма өнімдері, 4 млрд. 330 млн. теңгесін (9,6 пайыз) былғары өнімдері құрады», – дейді ҚР Жеңіл өнеркәсіп қауымдастығының президенті Любовь Худова.</p> <p>Сұрақ-1 Оның айтуынша, өндіріс орындары өз қуатының орта есеппен 40 пайызын ғана пайдалануда, Не себепті?</p> <p>Сұрақ-2 Қазақстандағы жеңіл өнеркәсіп құрылымын 3-ке бөліп, әрқайсысына талдау жаса.</p> <p>Сұрақ-3 Қазақстандағы жеңіл өнеркәсіптің негізгі шикізаттары.</p> <p>4-тапсырма: Жабық сұрақтардан құралған «Иә – Жоқ» тесті:</p>	<p>отырып, жақсы жауап беруге ұмтылады</p> <p>Веб-сайт материалдары</p>
--	---	---

28-30минут	P/с	Жабық сұрақтар мазмұны	Оқушылар жеке жұмыс жасап берілген тапсырманы орындап шығады. Дайын жауаптары арқылы өзін-өзі бағалайды.
	1	Тоқыма өнеркәсібінің ең ірі кәсіпорны «АММК-ОЗАТ»АҚ.	
	2	«Мұрагер»тігін фабрикасы Семейде емес, Шымкентте орналасқан	
	3	Халықтың тұрмыстық қажетін өтейтін жеңіл өнеркәсіп саласы фарфор-фаянс	
	4	Мақтадан жасалған маталардан пальто тігіледі	
	5	«Қазақ-Орыс Тоқыма Альянс»ЖШС бірлескен кәсіпорын болып табылады	
	6	Шаруашылықтың ежелгі саласы галантерея болып табылады.	
	7	Ең қымбат мата жүннен жасалады.	
10 минут	Иә -Жоқ		
	Иә	Жоқ	
	Иә	Жоқ	
	Иә	Жоқ	
	Иә	Жоқ	
	Иә	Жоқ	
	Иә	Жоқ	
	Иә	Жоқ	
18 минут			
31-37 минут	<p align="center">Қосымша ақпарат</p> <p>5-тапсырма: Әрбір тұтынушы білуге тиісті мәтінмен танысу.</p> <p>Өздеріңізге жейдені фирмалық белгі бойынша таңдамаңыздар.</p> <p>Жейдедегі фирмалық белгі және биркада көрсетілген жоғары баға тек бір: бұйымның сапасын білдіреді.</p> <p>Қалай болғанда да, жейде шығаратын фирмалар сіздің дәл осылай пайымдауларыңызды қалайды. Бірақ, әмбебап сауда үйлері мен дүкендерде төмен бағамен, мысалы 900 теңгеге сатылатын арзан жейделер 5000 теңге немесе одан</p>		<p>а) Оқушылар тақырыпты жазып алады</p> <p>ә) Жаңа терминдер мен ұғымдарды дәптерлеріне жазып алады</p> <p>б) Оқушы</p>

	<p>қымбат тұратындарынан анағұрлым жақсырақ болып шығуы мүмкін екені белгілі. Тұтынушылар қауымдастығы берген мәліметтер бойынша бұл арзан жейделер тек жақсырақ тігілген ғана емес, олардың киілу мерзімі де ұзағырақ және машиналық жуудан кейін түрін жақсырақ сақтайды. Эксперимент үшін ер адамдардың 27 ақ жейделері таңдалып алынды, олар матаның, ілгектердің және тігісінің сапасы бойынша салыстырылды. Жағалары мен жеңдерінің пішімінің дәлдігін бағалау үшін мұқият өлшеулер жүргізілді, сондай-ақ күнде кигеннен кейін жағасы мен манжеті қалай көрінетінін анықтау үшін эксперимент жүргізілді.</p> <p>Жейделер 25 рет жуылды, яғни олардың әдетте алты ай ішінде қанша рет кірін жуса, сонша рет, ал содан кейін отыруын және бүлінуін тестіледі. Кәдімгі әмбебап дүкендер мен жай дүкендерден сатып алынған жейделер жақсы сапаға ие екені анықталды. Тұтас алғанда, «Ерлер киімі», «Салтанат» және «Дәулет» дүкендерінен сатып алынған жейделер әйгілі сәнгерлер Т.Клейн және Валентино фирмалық дүкендерде ұсынатын, құны 5000-7000 теңгелік жейделерден жақсырақ болып шықты. Тұтынушылар қауымдастығының мүшесі Торғын Оңғарова былай деп мәлімдеді: «Тіпті егер бюджетіңіз шамалы болса да, сапалы заттардан бас тартудың қажеті жоқ. Біздің тестілерімізде 25 рет жуылғаннан кейін ең көп балл алған кейбір жейделер фирмалық дүкендерден емес, кәдімгі әмбебап дүкендерден сатып алынды және көбінесе олардың бағасы фирмалықтардан төмен болады». Жүргізілген зерттеулер полимақталы маталардан тігілген бұйымдардың ішінде бағасы 1400 теңге</p>	<p>лар мәтінмен танысып шығады. Топтаса отырып ойланады, талқылайды, оқушылар бағалау көрсеткіштеріне сүйене отырып, жақсы жауап беруге ұмтылады.</p>
--	--	---

38-40 минут	<p>тұратын «Дәулет», мақта матадан тігілгендердің ішінде 4100 теңге тұратын «Салтанат С» жейделер ең жақсы екенін көрсетті.</p> <p>Құрамында мақта бар жейделердің ішінде 1700 теңге тұратын «Салтанат Д» бұйымы және қыртысталмайтын, ол да 1700 теңге тұратын «Жетісу» жейдесі ең жақсы болып шықты.</p> <p>Бұл зерттеудің нәтижесі осы жылы фирмалық жейделердің бедел-бейнесіне екінші соққы берді. Өткен айда Джеймс Бонд туралы кең тараған шиеленіскен сюжетті «Ертеңгі күн ешқашан өлмейді» атты фильмді жасаушылар экран жұлдызы Пирс Броснанға әдеттегі әмбебап дүкеннен сатып алынған, қымбат емес жейделер кигізгені анықталды, өйткені, олардың пікірі бойынша, бұл жейделер экранда фирмалық дүкендерден алынған жейделерге қарағанда, жақсырақ көрінеді.</p> <p>Алдыңғы беттерде келтірілген газет мақаласына сүйене отырып, сұрақтарға жауап береміз.</p> <p>Сұрақ 14: ЖЕЙДЕЛЕР</p> <p>Соңғы абзацтың алдындағы абзацта: «Бұл зерттеудің нәтижелері осы жылы фирмалық жейделердің бедел-бейнесіне екінші соққы береді», – дейді.</p> <p>Бірінші соққы қандай болды?</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p>	
-------------	---	--

	<p>Сұрақ 15:ЖЕЙДЕЛЕР Егер біреу қыртысталмайтын жейде сатып алғысы келсе және соңғы өңдеу бұйымның сапасын анықтайды деп санаса, онда қандай жейде ол үшін ең жақсы таңдау болар еді? </p> <p>Сұрақ 16:ЖЕЙДЕЛЕР Мәтінде қандай өнеркәсіп өнімі сөз болып отыр? Бұл сұрақтар кімге арналған? А.Модельерлерге В.Өндірушілерге С.Тұтынушыларға Д.Дүкен иелеріне Топ басшылары бағалау парағын толтырады, мұғалімге тапсырады. Үйге тапсырма:1.Кескін картаға «Жеңіл өнеркәсіп» орталықтарын түсіреді (С) 2. 3-тапсырма бойынша мәліметтерді пайдаланып диаграмма құрастырады (В) 3.Кестеге Қазақстан, Түркия, Қырғызстан мемлекеттерінің жеңіл өнеркәсіп көрсеткіштерін түсіріп, салыстырмалы талдау жасайды.(А)</p>	<p>Топ басшылары бағалау парағын толтырады</p> <p><i>Үйге тапсырма</i></p> <p>Kundelik.kz</p> <p>Порталының ҮТ бөліміне жүктеледі</p>
--	--	---

Сабақтың соңы	Сабақ соңындағы оқушылардың рефлексиясы:	Үлестірме қағаздар
<p>Дифференциациялап оқыту – Оқушыларға көбірек қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндеттер қоюды жоспарлайсыз?</p>	<p>Бағалау. Оқушылардың білімін қалай тексересіз?</p>	<p>Пәнаралық байланыс ережелері АКТ-ны қолдану Құндылық тармен байланыс (тәрбие элементі)</p>
<p>Талқылау үрдісі кезінде барлық оқушылардың бірегей қатысуын қадағалаймын. Дәйекті дәлелдерге ғана негізделген қорытындыға жетудің мағынасының мәні, сыныптағы қабілеті төмен оқушы дәлелдерге негізделе отырып кем дегенде өзін ойын білдіре алады, ал қабілеті жоғары оқушы тәуелсіз, негізгі жауап береді.</p>	<p>Рефлексия Сабақ мақсаты/оқу мақсаты қаншалықты жүзеге асты? Бүгін оқушылар нені үйренді? Оқыту ортасы қандай болды? Дифференциациялап оқыту өз мәнінде жүзеге асты ма? Өз уақытымды ұтымды</p>	

	пайдалана алдым ба? Жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?	
--	---	--

Бақылау парағы Бақылаушының аты-жөні

Топтың аты

Оқушылардың аты-жөні	1 тапсырма	2 тапсырма	3 тапсырма	4 тапсырма	5 тапсырма

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы ҚР Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсанындағы №1118 Жарлығы.

2. Мұғалімге арналған нұсқаулық (ілгері деңгей)

3. Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы. Оқулық, 2014жыл

4. «PISA халықаралық зерттеулері аясында оқушылардың ғылыми - жаратылыстану функционалдық сауаттылығын дамыту» тақырыбы бойынша оқу бағдарламасы,

5. 12 жылдық білім беру жағдайында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тұжырымдамалық тұғырлары. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 41 б.

МЕЛДЕНОВА М. Г. КОМПЕТЕНТНОЕ ЗАДАНИЕ НА ТЕМУ «ЛЕГКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ»

В статье рассматривается вопрос о структурировании заданий, формирующих функциональную грамотность школьников естественно-математического направления на уроках географии, играющих важную роль в сфере образования Казахстана. Автор делится успехами своей практики эффективного использования компетентных заданий на примере освоения темы «Легкая промышленность» в учебнике географии за 9 класс.

Рассмотрены пути формирования благоприятной среды, позволяющей составить алгоритм заданий проекта, обеспечивающий полное выполнение цели урока, достижения критерия успеха в совместной деятельности педагога с учащимися. При выполнении проектной работы используются навыки критического мышления.

Ключевые слова: функциональная грамотность, проектные задания, компетентностные задания, критерии успеха, навыки критического мышления, интерпретация, оценка ценных аргументов.

MADENOVA M.G. COMPETENT TASK ON «LIGHT INDUSTRY»

The topic of the article is the task structuring developing the functional literacy of schoolchildren of the natural – mathematical branch in Geography lessons. The above mentioned lessons are of immense importance in the Kazakhstan education system. The author shares her successful employment of the competent tasks when teaching the theme “light industry” in the Geography textbook for the 9th form. Ways of formation of the favorable environment allowing to make the algorithm of tasks of the project providing full accomplishment of the purpose of a lesson to reach criterion of success together with pupils are considered. Critical thinking skills are used in project work.

Keywords: functional literacy, project tasks, competence tasks, success criteria, critical thinking skills, interpretation, evaluation of valuable arguments.

ЖОӘ 373:001.895

**ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕ
ЖАҢАРТЫЛҒАН ОҚЫТУ МАЗМҰНЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

ПОШАЕВ Д.Қ., АСАНОВ Т.И.

Мақала қазіргі білім беру саласындағы жаңартылған оқытуды ұйымдастыру, мамандық бағдарламаларын игеруге даярлау, олардың кәсіптік бағдарлары үшін жағдай жасау, оқушылардың арнаулы бейімділігі мен қызығушылығын, танымдық қабілетін ескеруге бағытталған білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнының теориялық, әдістемелік шешімдерін қарастырады. Ескеретін жағдай, мектеп біліміндегі бірдеңені өзгертуден бұрын, жаңа жағдайларда оқыту үдерісінің сапасына елеулі әсер ететін факторларды айқындау үшін әлеуметтік-мәдени факторлардың алуан түрлілігін анықтау қажет. Ал, бұл жағдайды оқыту үдерісінің өзгеруін негіздейтін факторларды білім беру сапасының халықаралық индикаторлары контекстінде отандық білім беру сапасын бағалаудың халықаралық зерттеулерінің нәтижелерін талдай отырып, белгілеуге болады

Кілт сөздер: жаңартылған бағдарлама, өзбетінше білім алу, білім алу траекториясы, бейіндік.

Практикада және қалыпты өмірде жаңартылған білім беруді «жаңалық» ретінде немесе ол, тереңдетіп оқытудың бір түрі деген түсініктер де орын алып жүр. «Жаңартылған» француздың «Профиль» [1] деген сөзінен шыққан. «Профилдік білім беру жүйесі», оның нақты мағынасы «қырын», «пішін» дегендерді білдіреді [2]. Оны кейде қазақша «бейінді» деп аударады. Ал «Профилдік білімді» де «жаңартылған білім» деп атап жүрміз.

Педагогика тарихына назар аударатын болсақ, мұндай бейіндік оқытулар, ертеде құл иеленуші дәуірде 7 мен 13-14 жас аралығында балалар «грамматист», «кифарист», «палестрой» (күрес мектебі) мектептері арқылы көрініс тапқаны белгілі.

Өткен 18 ғасырдың өзінде ғалымдар білімді «материалдық» және «формалдық» , деп екіге ажыратқаны мәлім [3]. Дж.Дьюи., Дж. Каунте., У.Кильпатрик және т.б., білімнің таңдап алынған негізінде үйренетін пәннің келешек өмір сүруде пайдаға жарайтын сатысын таңдап алуды ұсынған.

Мұндай бағыттағы білімді «материалдық» немесе «прагматикалық» білім деп атауға болады. Мәселен аталған ғалым, Дж.Дьюидің пікірінше оқушыларға кең көлемде білім беру қажет емес, онда баланың алған білімінің өмірлік қажеттілігіне мән беру керектігі алға тартылып отырған.

Себебі баланың барлық білімді меңгеруі мүмкін емес деп қараған. Дегенімен, оқушыларға олардың ақылын, ой өрісін, қабілетін, жадында сақтау қабілетін, ойлау ауқымын, дамытатын материалдарды беру керек болатынына баса назарға алып отырған.

Келесі бағытты ұстанған ғалымдар мен практиктер А.Дистервег, Ж.Ж.Руссо және т.б. «формальді», «интеллектуальді» білім алуды жақтап келгені мәлім. Олар: «Білімнің өзі бағалы емес, тек қана олардың дамытушылық ықпалы бағалы» , деген тұжырымды қағида ретінде ұстанған

[4]. Сол себепті олар ой гимнастикасын жетілдіретін, дамытатын: грек тілі, математика сияқты пәндерге ерекше көңіл аударған.

19 ғасырда орыс педагогі К.Д.Ушинский: «оқушыларға білімнің материалдық және интеллектуалдық саласынан бірдей беру керек» - ойды айтты [4]. Осындай пікірлер мен идеяларды басшылыққа ала отырып, Ресейде 1864 жылдың өзінде бейінді білім беру (жеті жылдық гимназия) қолға алынды.

1915-1916 жылдары Ресейде 4-7 жылдық гимназия үшке бөлінді: «жаңа гуманитарлық, классикалық-гуманитарлық, реалдық». 1917-1991 жылдар аралығында кеңестік жүйедегі жалпы орта білім саласы көптеген өзгерістерге ұшырады және онда жоғарыдағы бағыттарды қатар алды: жалпы міндетті бастауыш, жалпы міндетті жеті-сегіз жылдық және жалпы міндетті 10-11жылдық мектептер. Мысалы, 1918 жылы мектеп үшке бөлінді: гуманитарлық, ғылыми, жаратылыстану-математикалық, техникалық болса,

1934 жылы жоғары сынып оқушыларын (қабілетке байланысты) дифференциациялау жолымен оқыту орын алды.

Зерттеп отырсақ, оқыту мәселесі бүгінге дейін бірнеше өзгерістерге ұшырап отырғаны байқалады.

Қазақ даласында да ертеде дала педагогикасында да баланы бейіміне қарап, соған сәйкес тәлім-тәрбие берген. Сондықтан оны да өз заманындағы жаңартылған оқыту деп таныған жөн.

1954-1955 оқу жылдарынан бастап, жалпы білім беретін пәндерді оқыту жағдайы Қазақстан мектептерінде политехникалық білім беру және мектептің өмірмен байланыстығын нығайту міндеттеріне сәйкес мектептер орын алды [5].

1991 жылы мемлекетіміз егемендік алғаннан кейінде бұл үрдіс өз жалғасын тапты және білім саласына көптеген жаңалықтар енгізіле бастады.

1992 жылы алғашқы Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы» қабылданды [6]. Қабылданған заң негізінде 1993-1994 оқу жылдарында негізгі оқу жоспарларынан басқа 25 вариантты оқу жоспары енгізілді [7].

1999 жылы Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы» қайта жазылды.

1957 жылы Педагогикалық ғылым Академиясы оқытудың үш жолын ұсынды: физика-математика-техника, биология-агрономия, әлеуметтік-экономикалық-гуманитарлық.

1966 жылы оқытудың екі жолы таңдап алынды: факультативтік және жеке пәндерді тереңдетіп оқыту.

2006 жылы 1наурызда Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстан әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру қажет. Сондықтан он екі жылдық оқуға көшу шеңберінде техникалық және кәсіби білім беретін оқу орындарында одан әрі оқуды таңдағысы келетіндерге он жылдық білім беруді жоққа шығаруға болмайды» – деген еді [8]. Яғни болашақта

екі сатылық; он және он екі жылдық орта білім беру ісі жолға қойылатыны айтылды. Мұндай мектептерде оқушылар бейінді білім алуына мүмкіндік жалалатыны көрсетілді. Сондықтанда, біздің ойымызша, бейіндік оқыту бүгінгі күнде оқушылардың мүмкіндігіне, қабілетіне сай білім беру болып табылады.

Мұндай жаңартылған мектептерге көшу мәселесі төмендегі жағдайларға байланысты болып отыр:

1. Кеңестік жүйеде, оқушылардың білімге, оқуға қызығушылықтары төмендеді;

2. Бұған дейінгі жүйеде барлық оқушыларға бірдей жалпы міндетті, бастауыш, орталау, орта білім беру ұстанымдары өз міндетін атқарып болды;

3. Осыған байланысты дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы, өркениетті елдер жастарға орта, жоғары мектептерде білім беруде алда екендігіне байланысты, сол елдердің бейінді білім беру үлгісіне көшу керекті орын алды;

4. Аталған жүйе жалпы балалардың қабілеттері бірдей деген қағиданы ұстана отырып, бірдей білім беруді негізге алды;

5. Десек те, балалардың өздерінің бейімінің гуманитарлық, жаратылыстану ғылымдарына немесе қандай да бір кәсіби мамандыққа деген қызығушылықтары бары ескерілмей келді

6. Оқушы бастауыш сыныптан кейін мамандық таңдауға, сол мамандыққа қатысты білім – мектеп таңдауы керек екені алға шықты.

Сонымен жаңартылған оқытуға көшу қажеттігі пайда болды және оның мақсаты төмендегілерді қамтуы тиіс екені белгілі болды.

Яғни:

- болашақ жастарды өмір талабына сай мамандандыру қажеттілігі;;
- оқушыларды әлеуметтік өмірге араластыру арқылы оларды әлеуметтендіру қажеттігі,;
- дүние жүзілік стандартқа сай білімді, білікті, іскер маман даярлау қажеттігі;
- жастарды өмірде өз орнын табуға бейімдеу қажеттігі болды.

Осы тұрғыды қарағанда, қазіргі жалпы орта білім беретін мектептер мен жоғары білім беретін мектептер арасында алшақтық орын алып отырғаны байқалады.

Олар орта мектеп бағдарламасы мен жоғары мектеп орындарының бағдарламалары арасында жүйелілік, бірізділік ұстанымдары сақталмайтындығы арқылы көрініс табуға болады. Алға тартылып отырған мәселе бойынша жаңартылған оқытудың басқа елдердегі жағдайына зерттеулердің көрсеткеніне қарағанда, мұндай оқыту жүйесі өркениетті елдің барлығында орын алатынын байқатады. Мысалы, Германияда біздегі жаңа үрдіс болып табылатын жаңартылған оқыту ертеректен бастау алған. Мұнда, жалпы орта білім беретін мектептің өзі үш сатыдан тұрады. Оларда жалпы орта білім беру он, он бір және он екі – он үш жылдыққа бөлінген. Германия мектептерінде бастауыш мектепті бітіретін оқушыға мектеп психологы оның қабілетін анықтап, олардың қызығушылықтарына қарай, ата- аналарына қандай бейінді мектепті таңдау керек екеніне кеңес беріп отырады.

Мұндай жағдайларды Қазақстан мектептерінде де ұйымдастыруға болады және оған деген жалпы жағдай жасалынып отыр деуге болады.

Қазіргі мектептердің барлығында мектеп психологы және әлеуметтік педагогтар қызметтері ұйымдастырылған. Олар тек, өз міндеттерін бейіналды және бейіндік оқытуға бағытталған жолды дұрыс таңдай алса болды.

Аталған мемлекетте, он жылдықты бітірген бала тек кәсіби-техникалық оқу орнына оқуға құқылы, ал он бір жылдық мектепті бітіргендер арнайы кәсіби институттарда, ал он екі, он үш жылдық мектеп гимназияны бітіргендер кәсіби жоғары оқу орнына оқуға мүмкіндік алады.

Зерттеулер көрсеткендей Германияда аталған мектептер арасында жүйелілік орын алған. Сонымен қатар жаңартылған оқыту Франция, Голландия, Шотландия, Англия, Швеция, Финляндия, Норвегия, Данияда бесінші сыныптан басталғаны белгілі. Ал, Америка құрама штатында жаңартылған оқыту тоғызыншы сыныптан кейін жүргізіледі. Аталған мемлекеттерде жаңартылған оқыту мазмұны арнайы пәндер (болашақ мамандыққа байланысты) және жалпы білім беретін пәндер болып бөлінеді.

Жоғарыдағы зерттеу мәселелері біздің елімізде жаңартылған оқытуды дұрыс ұйымдастыруға және нақтылы жолға қоюға бағдар беретіні анық. Осы тұрғысында, А.Құсайыновтың зерттеуіне жүгінетін болсақ, ғалым біздің елмен Германияның мектептерін салыстыра отырып, «Бүгін де Қазақстанда екі бағытты мектеп бар деп тұжырымдайды. Олар:

- біріншісі, жалпы ортақ бағдарламамен оқытатын орта мектеп жүйесі;
- екіншісі, лицей, гимназия [9].

Осы екі мектептердің білімдері әртүрлі, яғни екіншісінде оқыған балалардың білімі біріншісіне қарағанда әлде қайда жоғары. Десекте, соған қарамай оларға бірдей ортақ құжат беріледі. Олардың жоғары оқу орнына түсу құқығы бірдей. Екеуінде бітірген балалар бірдей жоғары оқу орнында оқиды. Бұл қалай деген ? – сұрақты алға тартады [9].

Ғалым, аталған сұраққа жауапты Германия мектептерінен іздестіреді. Оларда, мектепте барлығына бірдей төр жылдық білім беріледі. Бесінші, алтыншы сыныптан бастап үш мектепке бөлінеді:

- реальді мектеп;
- гимназия.

Сондықтан бесінші, алтыншы сыныптар баға алу сатысы деп саналады.

Қабілетті орта оқушы төрт жылдық (жетінші-оныншы сынып) негізгі мектепте оқиды. Қабілеті жоғары оқушылар алты жылдық мектеп (жетінші-он екінші сыныптар) реальді мектепте оқиды. Қабілеті өте жоғары оқушылар жеті жылдық (жетінші- он үшінші сыныптар) гимназияда оқитын болады.

Гимназияның өзі екі сатыдан тұрады:

- төменгі сатылы гимназия 7-10 сынып;
- жоғары сатылы гимназия 10-13 сынып.

Барлық мектептер түрінде бітірушілер орта білімді деп саналады, бірақ құжаттарын үш түрлі етіп береді.

Мектеп бітірушілер алған құжаттарына сәйкес болашақ мамандықтар беретін оқу орнын таңдайды.

Ғалым осы жоғарыдағыларды зерделей келіп:

- жаңартылған мектепті бесінші сыныптан бастауды;

- бейіндік мектептерді «гуманитарлық», «жаратылыстану», «техникалық» етіп бөлуді;

- жаңартылған пәндерді оқушылардың өздері таңдауын;

- бейінді пәндерге бөлінген сағат саны екі есе көп болуын;

- 12 жылдық мектепке «жоғары мектеп» статусын беруді;

- 12 жылдық мектепті бітіргендерді жоғары оқу орнына емтихансыз қабылдауды ұсынады [9].

Сонымен қатар аталған оқу орындарында сабақ беретін мұғалімдерді даярлау мәселелеріне де нақтылы көмектер беріледі.

Германияның оқытуды ұйымдастыруынан келіп шығатын тұжырым, елімізде бағыт алып отырған, үздіксіз білім беру жүйесіне жақын екендігін көрсетеді. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру нәтижесіне назар аударатын болсақ, онда «кәсіби міндеттерін дербес әрі шығармашылық тұрғыдан шешуге, кәсіби қызметтің тұлғалық және қоғамдық маңызын түсінуге, оның нәтижелері үшін жауап беруге қабілетті кәсіби құзыретті жеке тұлғаны, бәсекеге қабілетті маманды қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беруді басқарудың тиімді жүйесі құрылатыны» [10] атап көрсетілген. Аталған маңызды құжатқа сәйкес, 12 жылдық білім беру жағдайында жаңартылған оқытудың үлгісін құрастыру мәселелеріне зерттеулер мен талдаулар жасауда оларда, кейбір кері нәтижені, бір қатар проблемалардың орын алып отырғандығы байқалады. Онда атап айтар болсақ:

- білім беру мекемелерінің үлгісінде, білім беру мазмұнында, білім беру үдерістерінің деңгейінде білім берудің вариативтілік идеяларын жүзеге асыру мүмкіндігі;

- негізгі орта білім беру деңгейінде оқушылардың бейіналды дайындық жүйесінің жеткіліксіздігі;

- әлеуметтік-экономикалық қиындықтардың кездесуі, жаңартылған оқытуды ұйымдастырудың барлық жағдайын толық орындауға жеткіліксіздіктің себеп болуы, оның ішінде шағын жинақталған мектептердегі мәселелердің алға тартылуы;

- орта білім беру деңгейінің білім беру ұйымдары ретіндегі техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінде жаңартылған оқытуды ұйымдастыру шешімдерін табу қиыншылықтары;

- жоғарғы сыныптарда жаңартылған оқытудың мазмұнын жүзеге асырушы мамандармен қамтамасыз ету мәселелері өз деңгейінде қолға алынбауы. Сондай ақ, оқушылардың жаңартылған бағытын анықтауда, жаңартылған оқытуды ұйымдастыруда ескерілетін жағдайлары ретіндегі, олардың жеке қызығушылықтары, қарым-қатынас қабілеті, мүмкіндіктерінің ескерілмеуі орын алып келеді. Сонымен бірге білім беру мекемесінің базасы, білікті мамандарды даярлау мәселелері бойынша қиындықтарды алға тартылып отыр.

Соңғы себепке байланысты, мүмкіндік болған жағдайда, ресурстық орталықтар арқылы жаңартылған оқытуды ұйымдастыру қажеттілігі ұсынылуда. Аталған бағыттар шеңберінде, білім беру мазмұнын анықтауда оқушылардың базалық жалпы білім беру дайындығын аяқтауды қамтамасыз ететін міндетті оқу пәндерінің көлемін азайтып, базалық мазмұндағы пәндер үшін оқу-әдістемелік кешендердің санын оңтайландырылып, осы күнгі қалыптасқан вариативті білім берудің және т.б. институционализациялау деңгейінің мүмкіндігін ескеру қажеттігі алға шығып отыр. Және бір ескеретін жайт, жаңартылған оқыту жүйесінің үйлесімділігі болып отыр, мұнда аралас оқу пәндерінің (курстар) есебінен қамтамасыз етілетін және оқу мазмұнының элементтерінің келесідей типтерінің: базалық мазмұндағы жалпы білім беретін пәндер (инвариантты компонент), жалпы білім беретін жаңартылған пәндер және таңдау бойынша міндетті пәндер (вариативті компонент), таңдау бойынша курстар (оқушы компоненті) ескерілуі керек.

Тағы да бір ең маңызды мәселенің бірі, оқушылар 9- сыныптан соң өздерінің жаңартылған оқуын таңдауда, оның шеңберінде өзінің жеке білім алу маршрутын жоғары сыныптың жаңартылған сынып оқу жоспарына элективті курстарды ендіру арқылы жүзеге асыруына мүмкіндіктер жасалуын қамтамасыз ету қажет. Аталынған бағыт біздің зерттеу мәселеміздің негізгі пәні болып саналады. Соңғы жағдайды ескерер болсақ, жаңартылған оқыту жүйесі мен оқыту технологиясын ұйымдастырудың төмендегі *дидактикалық шарттарын* алға тартады. Оларды төмендегіше пайымдауға болады:

- *оқытуда әрекеттік бағытты басшылыққа алатын білім берудің практикалық бағдарын күшейту;*

- *міндетті түрде жаңартылған және элективті курстар бойынша ғылыми іс-әрекеттерді ұйымдастыру мүмкіндіктері;*

- *осының арқасында оқушылар кезкелген мәселеге ғылыми тұрғыдан келуге және қандай мәселеге қатысты болса да, ғылыми іс-әрекеттерді іске асыруға дағдыланады.*

Осылайша жаңартылған білім беру өзінің мақсаты мен мазмұнына байланысты жалпы орта және кәсіби білім алу аралығында орын алады деуге де болады. Мұндағы *үшінші шарт*, оқушыларға таңдап алған бейіндері бойынша терең және жан-жақты теориялық және қолданбалы білім, практикалық дағдылар, өздерін орта (жоғары) кәсіби білім беру мекемелерінде оқуларын жалғастыруға мүмкін тудыратыны анық. Сондықтанда, жаңартылған оқыту тұлғаға-бағдарланған оқыту үдерісін және өзбетінше әрекет негіздерін қалыптастыруды жүзеге асыруға бағытталған оқыту болып табылады. Бұл мәселе, сонымен қатар Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген және бүгінгі қоғамның бірден-бір талабы шығармашылық қабілетімен ерекшеленетін және кәсіби деңгейі жоғары кең құзыреттілікке ие адамдарды тәрбиелеу болып отыр.

Сондықтан мектептерде жаңартылған білім беру мақсаты, өзінің *болашақ кәсіби кейін қалыптастыруға бағытталған, оқушылардың жеке білім алу бағдарламаларына білім алу траекториясына жол ашу қажеттігі* орын алады. Өйткені, *жаңартылған оқыту-кәсіптік білім беру бағдарламаларын игеруге дайындау, олардың кәсіптік бағдарлары үшін жағдай жасау, оқушылардың арнаулы бейімділігі мен қызығушылығын, танымдық қабілетін ескеруге бағытталған білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнын ұйымдастыру түрі, жоғары сыныптағылардың оқуын даралау мен саралап жіктеудің педагогикалық жүйесі* екенінде дау жоқ.

Жалпы білім беретін мектептердің жоғары сыныптарында, жаңартылған оқыту, оқушылардың жеке қабілеттеріне бағдарланған арнайы даярлық жүйесі мен оқыту мазмұнын жасау міндеті алға шығып отыр.

Осыған байланысты, зерттеу барысында, оқушылар 9- сыныптан соң оқушылар өздерінің жаңартылған оқуын таңдауда, оның шеңберінде өзінің жеке білім алу траекториясын, жоғары сыныптың жаңартылған сынып оқу жоспарына өз қалуынша таңдаған элективті курстарды ендіру арқылы жүзеге асыруына болатыны анықталды.

Зерттелінетін мәселеге байланысты педагогикалық әдебиеттер мен мақалаларға шолу жасау, оқушылардың өзін-өзі айқындауға даярлық деңгейін диагностикалауға қатысты төмендегідей қарама-қайшылықтар орын алып отырғаны байқалады. Олар:

- қазіргі лицей, гимназия мектептері жаңартылған оқыту формасы ретіндегі орын алып отырғанымен олардың бірқатар оқу пәндері циклдері бойынша, тұрақты түрде, оқушылардың білімін кеңейтіп және жаңғыртып отыру мүмкіндігі қарастырылмаған;

- оқытуды дифференциялау және интеграциялау мазмұндарында жоғары сынып оқушыларының жеке оқу траекториясы жоспарланбаған және мазмұны анықталмаған;

- оқушылардың өзбетінше жұмыстары олардың кез-келген мәселеге ғылыми тұрғыдан келуге және осыған қатысты ғылыми-зерттеу іс-әрекеттерді іске асыруға бағытталмаған.

Осы қарама қайшылықтардың шешімін табу мақсатында, қоғамның жаңартылған оқыту мазмұны мен оны ұйымдастыру шараларына қоятын талаптарына сай, жаңартылған оқыту мазмұнын қалыптастыру формалары, әдіс тәсілдерін анықтау зерттеуіміздің басты қағидасына айналды.

Осы тұрғыда, Д. Пошаевтың: «...оқытуда әрекеттік бағытты басшылыққа алатын білім берудің практикалық бағдарын күшейтудің әдістері, формалары мен тәсілдері, оқушылардың кез келген мәселеге ғылыми тұрғыдан келуге және осыған қатысты ғылыми-зерттеу іс-әрекеттерін іске асыруға дағдыландыруы, жаңартылған оқыту мазмұнында ғылыми-зерттеу іс-әрекеттері негіздерін оқыту мазмұнын анықтау арқылы жүзеге асырылады»- деген тұжырымын басшылыққа аламыз [12].

Бұл, біздің зерттеуімізде, жаңартылған оқыту мазмұны, оқу жоспарындағы базалық оқу пәндері бойынша оқыту үдерісі, оқушылардың функциональдық сауаттылығы мен құзырлығына бағыттала отырып, олардың өмірлік іс-әрекеттеріндегі мәселелерді өзбеттерінше шеше алатын мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін оқыту формалары мен әдістері арқылы шешімін табатын болса, онда жаңартылған оқыту оқушылардың арнаулы бейімділігі мен қызығушылығын, танымдық қабілетін арттыратына көз жеткізеді.

Мұнда бір ескеретін жайт, ғылымда қай уақыттан бері де оларды дифференциялау орын алып келетінін еске алсақ, онда бұл өз кезегінде педагогикада да оқыту үдерісінде орын алатыны сөзсіз.

Білім беру саласында мұндай жағдайдың орын алуы, құбылыстарды нақтылы шындықтарға бөлу, оларды терең және әртүрлі жақтарын түсінуге қажеттіліктен туындайды. Оқу үдерісін дифференциялау практикалық тұрғыда, оқушылар тарапынан жеке ғылыми-танымдық кешендерді – әр бірі өзіне артылған функционалдық мүмкіндіктеріне қарай, дидактикалық тұрғыдан өңделген ғылыми білімдер ауқымын құрайтын оқу пәндерін меңгеру болып табылады. Бұл, болашақ жастар, қандай да болмасын мамандық иелерінің өздері атқаратын кәсіби әрекеттерін қамтамасыз ететін теориялық және практикалық дайындықтарына қажетті ғылыми білімдермен қамтамасыз ететініне сілтеме жасайды деуге болады. Өйткені қазіргі материалдық, ақпараттық сферадағы кез-келген әрекеттер оқушылардың мектепте, өз бетінше, шығармашылық ойлау қабілетінің дамытары анық. Бұл талап көптеген жағдайларда орын алатын мәселелерді шешуде, білімді бір-

бірінен алшақтау болатын ғылымға қатысты, әртүрлі ғылыми білімдер компоненттерін кешенді пайдалануды, яғни оларды біріктіру, жинақтауды қажет етеді. Олардың «тасымалдануы» қаншалықты жылдам, тиімді болғанына байланысты мәселенің шешімі де жемісті болып отыратыны анық.

Бұл оқушылар әрекетінің әлеуметтенуі ретінде көрініс табады десек, ол оқушылардың өз әрекеттеріне таңдау траекториясын қамтамасыз етеді және аталынған мәселе үздіксіз білім берудің ең бір маңызды бағыты болып отыр деуге болады. Сондықтан *білім траекториясын таңдау ұғымын оқушылардың жеке құзырлығы ретінде - алған білімін кез-келген жағдайда пайдалана білу қабілеті; болашақ таңдайтын мамандығына қатысты қабілеттер мен шеберліктерін меңгере білу; әлеуметтік даму деңгейіне сәйкес келетін және қоршаған ортаның әсер ету факторларына төтеп бере алатын тұлғаның интегративті қасиеттер жиынтығы деп түсінеміз.*

Бұл жағдайда оқушы өзінің атқарушылық және шығармашылық әрекетінде, өзінде орын алатын білімді басшылыққа алуда оларды пайдаланудың басқаша логикасына жүгінуі де мүмкін. Ал бұл логика (қисын) оқу барысында қалыптасқан тәртіппен байланысы мүлде аз болуы да мүмкін.

Өмір дәлелдегеніндей, оқыту үдерісіндегі біржақты дифференциация, оқыту барысында тұтастылықты қамтамасыз етуші – интеграциялауды талап етіп те отыр.

Қазіргі ғылым дамуының бағытын және заңдылықтарын назар аударар болсақ, оларда орын алатын дифференциация мен интеграциялаудың екі өзара қарама-қарсы бағыт ретінде көрінгенімен, құбылыстарды және шындықты танып білуде бір-бірімен диалектикалық байланыста болатынын аңғаруға болады. ЖОО ғылыми пәндерді оқыту нақтылы ғылым саласында ғылыми білімдердің меңгеруге бағытталған дидактикалық негізделген ғылыми білімдердің оқу-танымдық кешендері болып табылады. Сондықтан олар кез келген жағдайда басқалардан оқшауланған түрде орын алуы мүмкін де.

Оқыту барысында оқушыларға «әртүрлі» пәндерден келетін ақпараттарды жүйелі түрде жинақтау, өңдеу және пайдалану негізінде білімнің интеграциялануы арқылы әрекеттерін жоспарлауға негіз жасалынып отыруы керек.

Біздің пайымдауымызша, мұндай интеграциялану үдерісі арнайы элективті курстар мазмұнында қарастырылуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 . Словарь иностранных слов. М.: 1954. – 574б ,
- 2 . Русско-казахский словарь М.: 1954. – 640 б
- 3 . Бегалиев Т.Б. Педагогика. Қысқаша лекциялар курсы, Тараз, 2002. – 159 б
- 4 . Бержанов Т.Б. , Мусин С. Педагогикатарихы, Қысқаша курс, Алматы. 1971. -114б
5. Сембаев Ә. Қазақ мектебінің тарихы, Алматы, 1967. – 358б
- 6 . Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы» Алматы – 1992
7. Бірнеше вариантты оқу жоспарлары – Алматы. 1993

8. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстан әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы». Қазақстан халқына жодауы, Астана, 2006

9. Құсайынов А. Он екі жылдық оқу. Салыстырмалы көзқарас. Егемен Қазақстан. 24.08.2001

10. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы//Егемен Қазақстан -2003

11. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында// Егемен Қазақстан

12. Пошаев Д. Қ., Кемелбекова Г., Адырбекова Г. Бейімдік білім беру- заман талабы. //Бейімдік оқыту: тәжірибе, мәселелері, келешегі. Республикалық ғылыми-педагогикалық конференция еңбектері. Тараз. ТМПИ 2006 –Б. 55- 59б

ПОШАЕВ Д.К., АСАНОВ Т.И. ВОПРОСЫ ОРГАНИЗАЦИИ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБУЧЕНИЯ В СРЕДНИХ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ШКОЛАХ.

Статья рассматривает теоретические, методические решения структуры и содержания образовательного процесса, направленные на организацию обновленного обучения в современной области образования, подготовку к освоению образовательных программ, создание условий для их профессиональной ориентации, учета специальных склонностей и интересов учащихся, познавательных способностей. Следует учитывать, что прежде чем изменить что-то в школьном образовании, в новых условиях необходимо определить разнообразие социально-культурных факторов, оказывающих существенное влияние на качество процесса обучения. А факторы, обосновывающие изменение процесса обучения, можно определить, анализируя результаты международных исследований оценки качества отечественного образования в контексте международных индикаторов качества образования.

Ключевые слова: обновленная учебная программа, самостоятельная работа, траектория образования, профиль.

POSHAEV D. K., ASANOV T. I. PROBLEMS OF THE ORGANIZATION OF THE UPDATED CONTENT OF EDUCATION IN SECONDARY SCHOOLS.

The article considers theoretical and methodological solutions of the structure and content of the educational process aimed at the organization of updated training in the modern field of education, preparation for the development of educational programs, creating conditions for their professional orientation, taking into account the special inclinations and interests of students, cognitive abilities. It should be taken into account that before one changes something in school education, in the new environment it is necessary to determine the diversity of socio-cultural factors that have a significant impact on the quality of the learning process. And the factors that justify the change in the learning process can be determined by analyzing the results of international studies assessing the quality of domestic education in the context of international indicators of the quality of education.

Keywords: updated curriculum, independent work, education trajectory, profile.

БІЗІҢ АВТОРЛАР

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ

Әмірбекұлы А. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «Физика-математика» кафедрасының доценті, п.ғ.к.;

Мамбет Ә. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті;

Сәрсенова Б. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің студент.

Пошаев М.Д. – Психология ғылымдарының кандидаты, асс. профессор. Алматы қ.;

Шакимова Л.С. – психология магистрі, Алматы қ.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ЖӘНЕ МАТЕМАТИКА

Жамалов А. – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры, т.ғ.д., Алматы қ., Қазақстан;

Жасұзақ А.Ұ. – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 6М01000-физика, 1 курс магистранты Алматы қ., Қазақстан.

Жаппарбергенова Э.Б. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «Биология» кафедрасының доценті, б.ғ.к.;

Алпамысова Г.Б. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің жаратылыстану факультетінің деканы, «Биология» кафедрасының доценті, ауыл шаруашылығы.ғ.к.;

Адилбекова А.Н. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің жаратылыстану факультетінің декан орынбасары, «Биология» кафедрасының магистр-аға оқытушы.

Өтешова Г.П. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті «Биология» кафедрасының магистр-оқытушысы.

ТАРИХ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕР. ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА

Нәлібаев К.Қ. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «География» кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к.;

Шырынбекова Г.Қ. – Қазақстанның зияткерлі «Бәйтерек» мектебінің химия-биология мұғалімі. Шымкент қаласы.

Марина Г.А. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы.

Темирова Ж.Ж. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «География» кафедрасының аға оқытушысы, экономика.ғ.к.;

Онгарова Г.Т. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «География» кафедрасының магистр-аға оқытушысы;

Ескерова А.С. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «География» кафедрасының магистр-оқытушысы.

ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ

Әліпхан М. – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті, ф.ғ.к.

Жүнісова М.А. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, ф.ғ.к.;

Әділетұлы Б. – қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі.

Кучукова З.А. – Х.М.Бербекова атындағы Қабардино-Балқар мемлекеттік университеті «Орыс және әлем әдебиеті» кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы. Қабардино-Балқар Респ., Нальчик қ. Ресей.

Оразалиев С. – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті. Гуманитарлық ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызмекері, ф.ғ.к., Шымкент қаласы.

Сыздықова М.С. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «Орыс тілі мен әдебиеті» кафедрасының магистр-оқытушысы.

КӘСІПТІК БІЛІМ, БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ. МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ

Есіркепов Ж.М. – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің доценті, п.ғ.к.

ЖАС ҒАЛЫМДАР ІЗДЕНІСІ

Азыбаева Ж.М. – Аймақтық әлеуметтік инновациялық университетінің магистранты.

Әлімқұлова Б.Т. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің магистранты.

Байдуллаева А.Е. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің магистранты.

Мажит А.А. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің магистранты;

Абрамова Г.И. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «Ағылшын тілі» кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

ОРТА МЕКТЕПТЕГІ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕ ӘДІСТЕМЕСІ

Байдыбекова Е.І. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «Бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасының доценті, п.ғ.к.;

Тоғайбек А.С. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті.

Мелденова М. Ж. – Қызылорда облысы, Жанақорған ауданы №163 жалпы білім беретін орта мектептің география пәні мұғалімі.

Пошаев Д.Қ. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының профессоры м.а., п.ғ.к.

Асанов Т. И. – Академик А.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің PhD докторанты

НАШИ АВТОРЫ

ПЕДАГОГИКА И ПСИХОЛОГИЯ

Амирбек А. – доцент кафедры «Физика-математика» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, к.п.н., г. Шымкент

Мамбет А. – студент Южно-Казахстанского государственного педагогического университета

Сарсенова Б. – студент Южно-Казахстанского государственного педагогического университета

Пошаев М.Д. – кандидат психологических наук, асс. профессор.г.Алматы

Шакимова Л.С. – магистр психологии

ЕСТЕСТВЕННОНАУЧНЫЕ ДИСЦИПЛИНЫ И МАТЕМАТИКА

Жамалов А. – профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, д. тех. наук, г. Алматы, Казахстан;

Жасузак А.У. – магистрант 1-курса, 6М01000-физика, Казахский национальный женский педагогический университет г. Алматы, Казахстан.

Жаппарбергенова Э.Б. – доцент кафедры «Биология» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, к.б.н.;

Алпамысова Г.Б. – декан факультета естествознания, доцент кафедры «Биология» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, к.с/х.н.;

Адилбекова А.Н. – магистр-старший преподаватель кафедры «Биология», заместитель декана факультета естествознания Южно-Казахстанского государственного педагогического университета.

Өтешова Г.П. – магистр-преподаватель кафедры «Биология» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета.

ИСТОРИЯ И ОБЩЕСТВЕННЫЕ ДИСЦИПЛИНЫ ПРАВО И ЭКОНОМИКА

Налибаев К.К. – старший преподаватель кафедры «География» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, к.п.н.;

Ширинбекова Г.К. – учительница химии-биологии Казахская интеллектуальная школа Байтерек. г. Шымкент.

Марина Г.А. – старший преподаватель кафедры «История Казахстана и общественные дисциплины» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, г.Шымкент.

Темирова Ж.Ж. – старший преподаватель кафедры «География» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, к. эконом. н.;

Онгарова Г.Т. – магистр-старший преподаватель кафедры «География» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета;

Ескерова А.С. – магистр-преподаватель кафедры «География» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета.

ЯЗЫКОЗНАНИЕ И ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

Алипхан М. – доцент Южно-Казахстанского государственного университета им. М.Ауэзова, к.ф.н.

Жунисова М.А. – профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая, к.ф.н.;

Адилет Ыкылас – учитель казахского языка и литературы.

Кучукова З.А. – докт. филол. наук, профессор кафедры «Русской и зарубежной литературы» Кабардино-Балкарского государственного университета имени Х.М.Бербекова, Кабардино-Балкарская Респ., г. Нальчик Россия.

Оразалиев С. – доцент Южно-Казахстанского государственного университета им. М.Ауэзова; старший научный сотрудник гуманитарного научно-исследовательского института, к.ф.н., г. Шымкент.

Сыздыкова М.С. – магистр-преподаватель кафедры «Русский язык и литература» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета.

ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОЕ ИСКУССТВО. КУЛЬТУРА И СПОРТ

Есиркепов Ж.М. – доцент Кызылординского государственного университета имени Коркыт Ата, к.п.н.

Джоламанова Г.Д. – старший преподаватель кафедры «Музыкальное образование» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета к.н.искусствоведения;

Ахметова Н.Н. – магистрант кафедры «Музыкальное образование» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета.

Павловский А.Л. – доцент кафедры «Профессиональное обучение и изобразительное искусство» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, к.п.н.;

Жолдасбекова Г. Д. – магистр – старший преподаватель кафедры «Профессиональное обучение и изобразительное искусство» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета.

ПОИСКИ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

Азыбаева Ж.М. – магистрант регионального социально-инновационного университета.

Алимкулова Б.Т. – магистрант Южно-Казахстанского государственного педагогического университета.

Байдуллаева А.Е. – магистрант Южно-Казахстанского государственного педагогического университета.

Мажит А.А. – магистрант Южно-Казахстанского государственного педагогического университета;

Абрамова Г.И. – доцент кафедры «Английского языка» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, к.ф.н.

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ И ПРОБЛЕМЫ ВОСПИТАНИЯ В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ СРЕДНИХ ШКОЛАХ

Байдыбекова Е.И. – доцент кафедры «Методика начального образования» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, к.п.н., г.Шымкент;

Тұрғымбай А. – студент Южно-Казахстанского государственного педагогического университета.

Мелденова М. Ж. – учитель географии средней общеобразовательной школы №163 Жанакорганского района Кызылординской области

Пошаев М.Д. – и.о. профессор кафедры «Профессиональное обучение и изобразительное искусство» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, к.п.н.;

Асанов Т. И. – докторант PhD университета дружбы народов имени академика А. Куатбекова.

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ – CONTENTS

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ

<i>Әмірбекұлы А., Мамбет Ә., Сәрсенова, Б</i> Үшбұрыш ауданын есептеуге қатысты герон идеясын жетілдіру.....	3
<i>Пошаев М.Д., Шакимова Л.С.</i> Развитие коммуникативной компетентности личности.....	7

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ЖӘНЕ МАТЕМАТИКА

<i>Жамалов А., Жасұзақ А.Ұ.</i> Метантенктегі жылу және масса беру процестерінің физикалық мәні.....	14
<i>Жаппарбергенова Э.Б., Алпамысова Г.Б., Адилбекова А.Н.</i> Исследование Южно-Казахстанских штаммов почвенных бактерий, применяемых в качестве современных бактериальных препаратов.....	23
<i>Өтешова Г.П.</i> Астық дақылдардың тұқымын саңырауқұлақ жұқпасынан қорғап қалу шаралары.....	27

ТАРИХ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕР. ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА

<i>Нәлібаев К.Қ., Ширинбекова Г.Қ.</i> Өзбекстандағы қазақтың асылдарының ұрпақтары.....	36
<i>Марина Г.А.</i> Проблемы закономерности и случайности в истории.....	43
<i>Темирова Ж.Ж., Онгарова Г.Т., Ескерова А.С.</i> Қазақстанның ауыл шаруашылығының қазіргі кездегі даму жағдайының өзекті мәселелері.....	48

ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ

<i>Әліпхан М.</i> Абайдың адамгершілік ілімі.....	54
<i>Жүнісова М.А.</i> Топонимдердің кумулятивтік қызметі (Махмуд Қашқари сөздігі бойынша).....	61
<i>Жүнісова М.А., Әділет Бқылас</i> «Түмен» сөзінің шығу төркіні.....	68
<i>Кучукова З.А</i> Материальная и духовная культура Карачаево-Балкарцев (на материале концепции кавказского «дома»).....	74
<i>Оразалиев С.</i> Абай айтқан арабтың «тәрбие» сөзі.....	81
<i>Сыздықова М.С.</i> Средства художественной выразительности в стилистике рекламных текстов.....	87

**КӘСІПТІК БІЛІМ, БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ. МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ
СПОРТ**

Есіркепов Ж.М. Жалпы білім беретін мектепте қозғалыс ойындарын өткізу әдістері.....	93
--	----

ЖАС ҒАЛЫМДАР ІЗДЕНІСІ

Азыбаева Ж.М. Автомобиль көлігінің жану өнімдерінің қоршаған ортаға әсері.....	102
Әлімқұлова Б.Т. Қазақстан мектептерінде аралас оқыту технологиясын қолданудың қазіргі жағдайы.....	107
Байдуллаева А.Е. XX ғасырдың басында елдегі әлеуметтік мәселелерді шешуде ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың қатысуы.....	112
Mazhit A.A. , Abramova G.I. Comparison category in the national peism of languages as an universal category of world cognition	127

**ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕГІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ
ТӘРБИЕ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ**

Байдыбекова Е.И., Тоғайбек А.С. Екінші сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілетін жетілдіру.....	136
Мелденова М.Ж. Жеңіл өнеркәсіп» тақырыбында дайындалған құзырлы тапсырмалар.....	143
Пошаев Д.Қ., Асанов Т. И. Жалпы білім беретін орта мектептерде жаңартылған оқыту мазмұнын ұйымдастыру мәселелері.....	159
БІЗДІҢ АВТОРЛАР	170
НАШИ АВТОРЫ	173

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА

№2 (20)

Басуға 24.06.2019 жылы қол қойылды. Қаріп түрі «Times New Roman»
Көлемі 11,18 шартты баспа табақ. Таралымы 300 дана. Оңтүстік
Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының шағын баспаханасында
басылды.

Тапсырыс № 191 – Шымкент қаласы, Ғ. Іляев көшесі, 16